

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№3 (23) 2014





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

3 (23) 2014

(мамыр-маусым)

3

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - завкафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA.-the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A.-the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



Қымбатты ханымдар!

Сіздер – отбасының, демек, мемлекеттің тірегісіздер.

Еліміздің болашақта қандай болатыны, балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
14.12.2012 жылғы 14 желтоқсан Жолдауынан.*

Алғы сөз

Елімізде болып жатқан әр түрлі бағыттағы өзгерістер егеменді еліміз жаңа ХХІ ғасырдың табалдырығын аттап, білім беру жүйесін дамытуда біршама табыстарға қол жеткізуде. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеру – тәрбиеге, мәдениетке, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Жаңа ғасыр, бәсеке ғасыры болғандықтан, әсіресе болашағымыз бала тәрбиесімен айналысатын болашақ маманды жан-жақтылыққа қалыптастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты» – отбасы тәрбиесі, интеллектуалды тұлға қалыптастыру, педагогтың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бағытында жұмыс жасауда.

Осы тұрғыдан алғанда «Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет», «Интеллектуалды ұлт мәдениеті», «Қазақ халқының тарихы», «Қазақ философиясы», «Шағын және орта кәсіпкерлік негіздері» атты бес пәнді қамтитын модульдік оқу бағдарламасының жобасы жасалынды.

Ұлттық құндылықтарға бағдарланған білім беру бағдарында педагог мамандығының рөлі ерекше. Сондықтан да, осы мамандықты оқып білім алған адам бойынан өз елін жерін сүйетін, Отан үшін қызмет ететін тұлға қасиеті қамтылуы керек. Ол үшін ол тарихы мен тілін, ұлт философиясы мен мәдениетін, ұлт эканомикасын, заңды сыйлап құрметтеп, мойынұсынатын, ақпараттық біліммен толық қамтылған маман болып қалыптасуы қажет.

Жалпы, бұл пәннің барлығы өз мамандықтарында тереңінен оқытылып жүр. Біздің бұл бес пәнді ұсынуудағы мақсат – қандай маман иесі болса да, яғни, математика, физика, биология т.б. пән мамандары, өз елінің тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, ондағы ойшылдарымыз бен би-шешендеріміздің ой-толғауларын, нақыл сөздерін білуі керек.

Сол арқылы ертеңгі ел болашағын қалыптастырып шығаратын мектеп мұғалімдері де, осы аталған пәндерден сабақ беру барысына қажет дүниелерді алып, оны күнделікті өмір жағдаяттарымен ұштастыра алуы қажет.

Мәселен, дәстүрлі ата-аналар жиналыстары, ашық сабақтар, ойын-сауық кештер, ата-аналарға арналған сауалнамалар, дөңгелек стол, дебат тағы да басқа шаралар ұйымдастырған кезде жоғарыдағы оқу құралдарында берілген материалдарды пайдалануға болады. Бұл мұғалімнің өзіндік рейтингісін көтеруге ықпал тигізер еді.

Сол себепті де, бұл пәндерді педагогикалық мамандықтарға білім берудің таңдау компоненті ретінде енгізу қажеттілігі басым болып отыр. Бұл курстың негізгі нысаны – халқымыздың өткен тарихындағы озық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген.

Курстың мақсаты – кәсіби білікті мамандар даярлау, осы курс бойынша болашақ ұстаздың ой өрісін дамыту, болашақ ұстаз тұлғасын жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу, білім алушыларға жүйеленген білімді қалыптастыру, білім алушылардың ізденушілік қасиетін дамыту, оқыту үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру және біздің қазіргі уақытта сана-сезіміміздің құрылымының қалыптасуына, жалпы мәдени процестерді түсінуіне бұл курс мазмұнының рөлі жоғары екеніне түсінік беру.

Бұл ұсынылып отырған оқу құрал болашақ ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Жоғарыдағы аталған пәндер, халқымыздың өткен тарихындағы озық идеяларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген.

Бұл жоба ұстаздар қауымына, сабақтарын жүргізуде қосымша іш-шаралар өткізуде материалдық қор ретінде септігі тиер деген ниеттеміз.

Біз ұсынып отырған бағдарламаға қосатын ой-пікірлеріңіз болса, редакцияға хат жолдауларыңызға болады.

М.А.Нуриев

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ФЗИ директоры, профессор

ОҚУ ПӘНІНІҢ БАЗАЛЫҚ МАЗМҰНЫ
(5 кредит)

«Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет»
бағдарламасының мазмұны
(1 кредит)

Кіріспе. «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» модульдік таңдамалы курсы туралы түсінік беру. Пәнді оқытудың мақсаты, міндеттері мен құрылымы.

1-тақырып. Ұлт болып қалыптасудағы тіл мен әдебиеттің рөлі

Ұлт болып қалыптасудағы тіл мен әдебиеттің орны мен рөлі. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы көркем әдебиеттің маңызы. Қазіргі Қазақстандағы тілдердің деңгейлік көрсеткіштері мен тіларалық қатынас.

2-тақырып. Ауыз әдебиеті және сөйлеу мәдениеті

Қазақ ауыз әдебиетінің ұлт тәрбиесіндегі маңызы. Би-шешендердің нақыл сөздерінің сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы рөлі. Сөйлеу мәдениеті және сөз құдіреті.

3-тақырып. Қазақ хандары мен батырлардың, ойшыл-жыраулардың қазақ әдебиетінде сипатталуы

Қазақ халқының ұлттық болмысының қалыптасу деңгейіндегі қазақ хандарының суреттелуі. Қазақ халқын қалыптастырудағы батырлардың рөлі. Қазақ халқын қалыптастырудағы жыраулар мен ойшылдардың рөлі.

4-тақырып. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің тұлға қалыптастырудағы рөлі

Ана бейнесінің ұлттың зияткерлік болмысын қалыптастырып, дамытудағы маңызы. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі байланысының қазақ әдебиетіндегі көрінісі. Қазақ әйелінің «Ғалам бейнесі» контекстіндегі концептілік аясын сипаттау. Қазіргі қоғамдағы интеллектуалды әйел бейнесі.

5-тақырып. Қазақ ақын-жазушылары шығармаларының ұлттық болмыс сипаты

Қазақ зиялыларының шығармаларында ұлттық болмыстың танылуы. Ұлттың рухани мәдениетінің дамуындағы ақын-жазушылардың рөлі. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы көркем әдебиеттің маңызы.

6-тақырып. Бодандық дәуіріндегі ұлт әдебиетінің даму сипаты

Қазақ тарихындағы бодандық кезеңнің қазақ әдебиетіне ықпалы. Бодандық дәуір кезеңіндегі ұлттық болмыстың сақталу сипаты.

7-тақырып. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің даму сипатының тұлға дамытудағы маңызы

Тәуелсіздік кезеңінің қазақ әдебиетінің дамуына тигізген әсері. Тәуелсіздік кезеңіндегі туындылардағы қоғам және адам. Адам және ұлттық рух. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рухтың даму ерекшеліктері.

8-тақырып. Қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиет деңгейіне көтерілуі

Қазақ әдебиеті және әлем әдебиеті. Әлемдік өркениеттегі ұлттық әдебиеттің рөлі.

9-тақырып. Н.Ә.Назарбаев және қазақ әдебиеті

Н.Назарбаев шығармаларындағы ел мүддесі мен ұлт тағдыры. Елбасының қазақтың ұлттық әдебиетіне қатысты айтқан ой-толғамдары.

10-тақырып. Сөзтаным

Қасіретті тиған, айықпас дертті жиған – бір ауыз сөз. Бүгінгі халық даналығы – халқымыздың бай тілдік мұрасы.

11-тақырып. Мемлекеттік тіл – ұлттық бірігейлік пен өміршеңдіктің негізі

Ұлттық бірігейліктегі тілдің рөлі. Ана тілі – ұлт руханиятының алтын қазығы. Тілдік тәрбие мен сөйлеу мәдениеті.

12-тақырып. Мемлекеттік тіл – интеллектуалды ұлт қалыптастырып, дамытатын негізгі күш

Әлеуметтік ортадағы біртілділік. Қостілділік – әлеуметтік қажеттіліктен туатын құбылыс. Үштұғырлы тіл – өмір талабы.

13-тақырып. Сауаттылық сөз мәдениетінен басталады

Тәрбие бесігі – сөз. Ғаламтор тілінің тілдік мәдениетке әсері. БАҚ және сөз мәдениеті.

14-тақырып. Іскерлік ортадағы мемлекеттік тіл

Хаттасу түрлері. Жұмыстық, іскерлік, қарым-қатынастық орталарда хат жазу үлгілері.

**«Шағын және орта кәсіпкерлік негіздері» бағдарламасының мазмұны
(1 кредит)**

Кіріспе. «Шағын және орта кәсіпкерлік негіздері» курсының мақсаты, міндеттері мен құрылымы.

1-тақырып. Кәсіпкерлік түсінігі және оның қағидалары

Кәсіпкерлік түсінігі. Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары. Кәсіпкерліктің атқаратын қызметтері. Кәсіпкерлік қызметтің сипаттары. Кәсіпкерлік қызметтің кезеңдері.

2-тақырып. Кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрлері

Кәсіпкерлік қызметтің жіктелуі. Кәсіпкерліктің түрлері және субъектілері. Лицензияланатын қызмет түрлері және оның тәртібі.

3-тақырып. ҚР-да шағын және орта кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандары: заңнамалық негіздері

Шағын және орта кәсіпкерлікті ұйымдастыру нысандары. Шағын және орта кәсіпкерлікті тіркеу ережелері.

4-тақырып. ҚР-да шағын және орта кәсіпкерлеріне салық салу ерекшеліктері

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне арналған салықтық режимдер. Шағын және

орта кәсіпкерлікке салық салудың патент негізіндегі арнайы салықтық режимі. Шағын және орта кәсіпкерлікке салық салудың жеңілдетілген декларация режимі. Шағын және орта кәсіпкерлікке салық салудың жалпыға ортақ режимі. Ауыл шаруашылығы субъектілері немесе фермерлер үшін арнайы салық режимі. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қосымша құн салығын төлеу тәртібі. Шағын және орта кәсіпкерліктегі салықтық есептемелер формалары мен оларды өткізу тәртібі.

5-тақырып. Бизнес жоспар түсінігі және оны құру тәртібі

Бизнес жоспардың жалпы сипаттамасы. Бизнес жоспардың құрылымы. Бизнес жоспардағы қаржылық есептеулер.

6-тақырып. Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері

Бастапқы капитал түсінігі, оның атқаратын қызметі. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру көздерінің түрлері. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржыландыру қорлары.

7-тақырып. Индустриалды инновациялық даму шеңберінде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау

ҚР шағын және орта бизнесті дамыту саясаты. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау құрылымы. Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай емес қолдау құрылымы.

8-тақырып. Шағын және орта кәсіпкерліктегі маркетинг

Маркетинг түсінігі мен мақсаттары. Маркетингтің қызметтері мен қағидалары. Ұйымның маркетинг жоспарын құрастыру негіздері.

9-тақырып. Шағын және орта кәсіпкерліктегі персонал қызметі

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс күшін пайдалану шарттары және процедурасы. Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыс күшін пайдалануды құқықтық реттеу. Еңбек келісім-шарты сипаттамасы. Еңбек Кодексі.

10-тақырып. Шағын және орта кәсіпорында бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жүргізу

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру. Бухгалтерлік есеп нысандары. Қаржылық есептілікті құрастыру.

11-тақырып. Шағын және орта кәсіпкер қызметін уақытша тоқтату немесе мүлдем тоқтату

Шағын және орта кәсіпкер қызметін уақытша тоқтату шарттары. Шағын және орта кәсіпкер қызметін тоқтату.

12-тақырып. Шағын және орта кәсіпкер қызметін бақылау және қадағалау

Кәсіпкерлік қызметті бақылау және қадағалау негіздері. Кәсіпкерлік қызметті тексеру түсінігі және оның тәртібі. Тексеру барысындағы кәсіпкердің құқықтары.

13-тақырып. ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті реттейтін Заңдар

Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

**«Қазақ философиясы» бағдарламасының мазмұны
(1 кредит)**

Кіріспе. «Қазақ философиясы» курсының мақсаты, міндеттері мен құрылымы

1-тақырып. Қазақ болмысының философиялық ой кешу табиғаты

Қазақ халқының философиялық ой кешу табиғатындағы сыртқы ықпалдар. Дүниеауи ой-толғам тудырудың ішкі-психологиялық негіздері. Қазақ руханияты және классикалық философиялық ғылымдардың сәйкестенуі.

2-тақырып. Арғықазақтардың дүниетанымы

Қазақ мифологиясы және оның танымдық негізі мен түрлері. Ғарыш пен әлемнің пайда болуы және оның заңдылығы туралы мифтердің түсіндірмесі. Тұрмыс-тіршіліктегі өмірмәнділік жағдаяттар туралы мифтердің тәржімасы.

3-тақырып. Түрк әлеміндегі алғашқы діни сенімдер

Алғашқы діни сенімдер және олардың түрлері. Түркі халықтарындағы бастапқы наным-сенім. Түркі-қазақ руханиятындағы діни сенімдер.

4-тақырып. Мұсылмандық өрлеу кезеңіндегі ойшылдар

Араб-мұсылмандық және түркілік өрлеу дәуірінің ерекшеліктері. Әл-Фараби мен А.Иүгінекидің дүниетанымы. Яссауи мен Ж.Баласағұнидің философиялық көзқарастары.

5-тақырып. Жыраулық дәстүрдегі рух философиясы

Жыраулық дәстүрдің ерекшеліктері. Ұлттық рух және оның мәні. Жыраулар толғауларындағы рух мәселесінің толғанылуы.

6-тықырып. Ағартушылық және ақын-жыраулардың философиялық ойлары

XIX ғасырдағы қазақ руханиятының дамуының негізгі бағыттары. Ақын-жыраулардағы ұлттық идея мәселелері. Қазақ ағартушыларының әлеуметтік философиялық ойлары.

7-тақырып. Би-шешендердің дүниетанымы мен ойтолғау ерекшеліктері

Қазақ қоғамындағы би-шешендер институтының сипаты. Би-шешендердің қызметі мен даналық сөздерінің мағынасы. Халық даналығындағы ойлау машығының ерекшеліктері.

8-тақырып. Бірлік философиясының өмірлік маңызы

Ұлт руханиятындағы бірлік идеясының толғанылуы. Қазақ халқындағы бытыраңқылық және оның тарихи тамырлары. Ұлт Бірлігі және оның бүгінгі күнгі келбеті.

9-тақырып. Ұлттық идея және ұлттық сана-сезім ерекшеліктері

Ұлттық идеяның құрылымы мен қызметі. Ұлттық идеяның шығу тегі өркендеу жолы. Ұлттық идеядағы психоәлеуметтік құндылықтар және қазіргі заман.

10-тақырып. Қазақ дүниетанымындағы адам мен табиғат үйлесімдігі

Қазақ дүниетанымындағы ғалам мен табиғат туралы түсініктер. Халқымыздағы «адам-табиғат» бірлігі туралы ұстанымдар. Тірі табиғатты қастерлеу және қазіргі кездегі экологиялық мәселелер.

11-тықырып. Қазақтардың этикалық ұстанымы

Қазақтардағы адамгершілік қағидалардың түпбастаулары және әлемдік көне мәдениеттегі этика. Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр жүйесіндегі рухани-адамгершілік ұстанымдар. Қазақ этикасының төлтума ұғымдық және категориялық жүйесі.

12-тақырып. Қазақтың көркемдік-эстетикалық танымы

Арғықазақтардың материалдық мәдениетіндегі эстетика. Қазақтардағы дүниенің көркемдік-танымдық бейнесі. Ұлттық танымдағы нумерология және түс рәміздері

13-тақырып. Қазақ дүниетанымындағы тұлғатану

Ұлттық руханияттағы тұлға мәселесінің қойылуы. Қазақ қоғамындағы тұлғаның тарихи-әлеуметтік бейнесі. Қазіргі заманғы қазақ азаматы тұжырымдамасы

14-тақырып. Жаһандану үрдісіндегі ұлт мәселесі

Жаһандану процесінің генезисі мен құрылымы. Жаһандану үрдісінің қызметі мен құрылымы. Жаһандану аясындағы ұлт болмысы.

15-тақырып. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру философиясы

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру бағдарының тарихи алғышарттары. «Интеллектуалдылық» ұғымының құрылымы және мәндес түсініктер. Қазіргі кездегі интеллектуалды ұлт қалыптастырудың жалпы әдіснамалық бағдарлары.

«Қазақ халқының тарихы» бағдарламасының мазмұны (1 кредит)

Кіріспе. «Қазақ халқының тарихы» курсының мақсаты, міндеттері мен құрылымы

1-тақырып. Қазақстан жеріндегі алғашқы тайпалар, тайпалық одақтар және олардың елін, жерін қорғау үлгісі

Қазақ жеріндегі тайпалардың қазақ ұлтын қалыптастырдағы рөлі. Халықтардың ұлы қоныс аударуы және оның қазақ халқының қалыптасуындағы орны. Тайпалық одақтардың жерін қорғаудағы ерліктері. Аттиланың тарихи тұлғасы. Әлемдік өркениеттегі түркі дәуірінің тарихи орны. Ұлы жібек жолының Еуразия халықтарының тарихындағы орны.

2-тақырып. Ортағасырдағы қазақ тарихының ұлттық болмысты қалыптастырудағы тарихи негізі

Орта ғасырдағы мемлекеттердің әлемдік тарихи зерттеулердегі сипаты. Орта ғасырлық озық мәдениеттің ұлт тарихындағы сипаты. Тұлға қалыптастырудағы ғұлама ойшылдар қызметі (Тұлға қалыптастырда ортағасырлық ғұламалар еңбектерінің маңызы).

3-тақырып. Монғол шапқыншылығының қазақ халқының қалыптасуына әсері

Монғол шапқыншылығына қарсы қазақ халқының күресі. Отырар қорағанысының ұлт тарихындағы сипаты. Монғол шапқыншылығының қазақ халқының ұлттық қалыптасуына кері әсері. Алтын Орда, Ақ Орда, Монғолстан, Ноғай ордасының қазақ хандығының қалыптасуына ықпалы.

4-тақырып. Қазақ хандығы мемлекет бастауы

Қазақ хандығын құрудағы қазақ сұлтандары мен хандарының рөлі. Қазақ хандарының ұлт қалыптастырудағы маңызы. Қазақ халының қалыптасуы ұлт негізінің бастамасындағы тарихи бейнесі. Жүздердің қазақ халқын біртұтас территорияны сақтаудағы ерекшелігі.

5-тақырып. Қазақ хандығын нығайтудағы хандар мен батырлардың тарихи қызметі

Хандар мен батырлардың ерліктерінің тұлға қалыптастырудағы тарихи рөлі. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің Отанды қорғаудағы маңызы. Билердің тарихи мәселелерді шешудегі шеберлігі ұлт тарихындағы ерекшелік.

6-тақырып. Қазақ халқының тарихындағы Рейсейге қосылудың ұлттық болмысқа әсері

Отарлау саясатының ұлтқа қасіреті. Рухани, әскери, экономикалық отаралудың зардаптары.

7-тақырып. Отарлау саясатына қарсы қазақ халқының күресі, ұлт тағдыры

Ұлт азаттық көтерілістердің ұлтты дамытудағы маңызы. Көтеріліс басшыларының тарихи сипаты қаһармандық үлгісі.

8-тақырып. Қазақ ақын жырауларының тарихи тұлғасы және олардың шығармашылығындағы ұлт тарихының мәселесі

Зар Заман» ақындары шығармаларындағы ұлт тағдыры.

9-тақырып. Интеллектуалды ұлт қалыптасырудағы медреселер мен мектептердің рөлі

Қазақ даласындағы мектептер мен медреселердің ұлт сауаттылығын қалыптастырудағы орны. Ағартушылық саладағы ұлт жанашырларының тарихи сипаты.

10-тақырып. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы орны

Ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметі. Мерзімді баспасөз. Қазақ ұлттық баспасөзінің дамуы.

11-тақырып. Тоталитарлық жүйенің ұлтқа қасіреті

Үш ғасырға созылған бодандық кезеңдегі идеялық саяси көзқарас. Жер су реформасы және қазақ ұлтының мәселесі. Алаш қайраткерлерінің аштықпен күресі ұрпаққа өнеге. Ұлт зиялыларының тағдыры ұлтқа құрмет үлгісі.

12-тақырып. Ұлы Отан соғының батырлары ерліктерінің тұлға қалыптастырудағы рөлі

Ұлы Отан соғысы батырларының Отанды қорғаудағы ерліктерін сипаттау отансүйгіштік кепілі. Ұлттық тұлғаға құрмет мәселесі. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан. Қазақстан – майдан арсеналы.

13-тақырып. Желтоқсан оқиғасы ел тәуелсіздігінің тұғыры.

Желтоқсан көтерілісінің ерекшелігі. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ жастарының ерліктері арқылы отанды сүю үлгісін тану. Д.А.Қонаев және қазақ халқының тағдыры.

14-тақырып. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздігі мәселесі. Әлемдік өркениет және қазақ ұлты. Ұлттық сананы жаңғыртудағы тарихи үрдістер.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздігі мәселесі. Жаһандану жағдайындағы Қазақстан.

15-тақырып. Ұлт көшбасшысы және Тәуелсіз Қазақстанды дамытудағы қызметі интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы бастамалары

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы және оны жүзеге асырудағы алғашқы бастамалар. Н.Ә.Назарбаев еңбектеріндегі қазақ тарихын қарастырылуы және интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы рөлі. Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» еңбегіндегі ұлт тарихы. Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабының интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тәрбиелік мәні. Интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы Тәуелсіз Қазақстандағы көші-қон үрдісі және «Нұрлы көш» бағдарламасының маңызы.

«Интеллектуалды ұлт мәдениеті» бағдарламасының мазмұны

(1 кредит)

Кіріспе. «Интеллектуалды ұлт мәдениеті» курсының мақсаты, міндеттері мен құрылымы

1-тақырып. Қазақ мәдениетінің бастауы.

Қазақ мәдениетінің бастаулары. Қазақтар алтай тілдес бірлестігінің түрік тобының қыпшақ топтамасына жатады. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілері мен жартылай отырықшылар жетістіктерінің жиынтығы әрі көрсеткіші.

2-тақырып. Орта ғасырдағы қазақ мәдениеті

Орта ғасырда Қазақстан мәдениеті. Қазақстандағы орта ғасырдағы қалалар.

3-тақырып. Көшпелілік- адамзат өркениетінің сатысы

Дала өркениеті. Көшпелілер өркениетін зерттеу мәселелері. Көшпеліліктің шығу тегі.

4-тақырып. Түркі әлеміндегі қазақ мәдениетінің ресурсы және құндылығы

Көне түркілер және барлық түркі халықтары. Түрік – түркілердің Оғыз тайпасынан тараған Осман түріктері немесе түрік мемлекеті.

5-тақырып. Қазақ халқының шешендік өнері

Тарихқа тағзым. Шешендік сөз – ауыз әдебиетінің қайнар бұлағы. Қазақ халқының шешендік өнері.

6-тақырып. Қазақ халқының қолданбалы өнері

Қазақ халқының қолданбалы өнері. Ежелгі дәуірдегі музыка өнері. Қазақ халқының музыкалық фольклоры. Фольклор шығармаларының белгілері мен сипаттары. Музыка фольклорын зерттеушілер.

7-тақырып. Айтыс-жырау өнері және ұлттық идея

Айтыстың ерекшелігі. Айтыс өнерінің дамуы. Айтыс өнері – ғасырлармен қанаттасып, дәуірлермен үндесіп, заманамен тілдесіп келе жатқан кемел дүние. Ауыз әдебиетінің жарқын мұрасы.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

8-тақырып. Ойын-сауықтың ұлттық нышандары

Қазақтың ұлттық ойындары ерекшелігі. Қазақ халқының ұлттық ойын-сауық түрлері. Қазақтың ұлттық ойындары-халқымыздың мәдени асыл мұрасы

9-тақырып. Қазақтану: ұлттық рух пен рухани тәрбие

Қазақтану және ұлттану. Қазақтану және қоғамтану. Дәстүр мен ұрпақ тәрбиесі – ұлттық идеологияның негізі.

10-тақырып. Жастар мәдениетіндегі адамзаттық көріністер

Жастар жаңалықтың қозғаушы күші. Жастардың әлеуметтік ортадағы субъектілігі мен мәдениеті, М. Карват және В. Миляновскийдің ойынша.

Қорытынды. Интеллектуалды мәдениеті-өркениет өрісі



«Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет. Алыстан ойламаған жақыннан уайым табады деген бар. Біз – болашағымызды болжап отырған елміз. Енді тек ұмтылыс керек, еңбек пен қабілет керек, ең бастысы, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік керек»

Н.Ә.Назарбаев.

ӘОЖ 92193:37.91

Т.С.Тебегенов

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып,
салт-дәстүр Академиясының академигі,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі*

ЖАЗУШЫ ҒАЛЫМ ҰЛАҒАТЫ

Мақалада автор, жазушы, ғалым Мамытбек Қалдыбайдың шығармашылық, ғұмырнама-лық еңбек жолы жайлы жазылған. Ондағы кітаптарындағы әңгімелері, повестері, романдарындағы өмір шындығы деректерін көркем өнердің поэтикалық жинақтау заңдылығымен өрнектеген әсерлілігін сөз етеді. Жазушының кейіпкерлері – тарихи деректі түптілғалық болмысымен халыққа танымал болған адамдар. Сол кейіпкерлер жайлы айтылады. Ондағы өмір шындығы, оқиғаларының саналуан сапалық сипаты мен сапырылысқан қозғалыстары, қайшылықтары жайлы жазылған.

Түйін сөздер: *Жазушы, ғалым, дәстүр, шындық, өмір, тарих.*

В статье написано о творческом, жизненном трудовом пути автора, писателя, ученого Мамытбека Калдыбая. Пишется о впечатляющих фактах истин жизни, описанных закономерностью поэтического собрания в рассказах, повестях, романах. Персонажи писателя – люди, ставшие известными народу своей исторически документальной личностной натурой. Пишется о персонаже. Написано об истине жизни, о различном качественном описании событий и бесконечном движении, противоречии.

Ключевые слова: *писатель, ученый, традиция, реальность, жизнь, история.*

The article is written about the creative, life's career path, writer, scholar Mamytbekov Kaldybay. Written about the impressive facts truths of life described by the regularity poetic meeting in stories and novels. Characters writer - people who have become known to the people of his historically documented personal nature. Written about character. Written about the truth of life, the qualitative description of various events and perpetual motion, contradiction.

Keywords: *writer, scholar, tradition, reality, life, history.*

Тәуелсіз Қазақ Елінің қазіргі жаңа тарихында ата-бабаларымыздың ұлағатты ұстанымын ұрпақтарға ұғындыру үшін аянбай еңбек етіп жүрген қайраткер тұлғалырымыздың өнегелі істері халқымыздың ықыласына ие болуда. Тіршілік қозғалысындағы барлық іс-әрекеттерін өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік ортаның ортақ мүддесіне арнаған үлгілі қызмет иелерінің ұрпаққа пайдалы болмысының қазіргі және болашақ үшін

қандай ықпалы болатындығын танытудың мыңыздылығы айқын. Табиғи қабілетінің, талантының, дарынының ықпалы мен азаматтық – отаншылдық ұстанымы тұтасқан дара жаратылған қайраткер адамдардың қызметі арқылы қоғамның сапалы сипаты танылады, бағаланады. Қазақ тарихының қазіргі заманымызға дейінгі өткен дәуірлерінде өнегелі өмір сүрген қайраткер тұлғалар ұлағатын ұлықта-

ған саналы ақыл-ой иелерінің жаңа буын адамдардың қалыптасуына негіз болғандығы – тарихи ақиқат. Бұл орайда, қазіргі жаңа тарихымыздың сапалы, саналы ұрпақтарын өзінің жазушылық, ғалымдық, тәлімгерлік-тәрбиешілік қызметімен қалыптастыруға үлес қосып келе жатқан көрнекті тұлғаларымыздың қатарында белгілі жазушы, Бауыржан Момышұлы атындағы сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мамытбек Қалдыбай есімін де айта аламыз.

Жазушы, ғалым Мамытбек Қалдыбайдың шығармашылық ғұмырнамалық еңбек жолында осы уақытқа дейін жиырма сегіз кітабы жарық көрген екен. Кітаптарындағы әңгімелері, повестері, романдары өмір шындығы деректерін көркем өнердің поэтикалық жинақтау заңдылығымен өрнектеген әсерлілігімен оқырмандардың жүректерінен берік орын алды. Жазушының кейіпкерлері – тарихи деректі түптұлғалық болмысымен халыққа танымал болған адамдар. Өмір шындығы оқиғаларының саналуан сапалық сипаты мен сапырылысқан қозға-

лыстарының, қақтығыстарының, қайшылықтарының қалың ортасындағы тарихи тұлғалар тағдырларын көркем шығармалардың сюжеттік – композициялық желілерінде бейнелеу арқылы ғалым-қаламгер сөз өнерінің эстетикалық маңызын дәлелдеді.

Жазушының «Бәйдібек баба арманы», «Бекасыл әулие», «Баукеңнің інісі», «Елім деген ерлер», «Жорға мінген жолаушы», «Мөлдір моншақтар», «Қос аққу», «Ұмытылмас кездесулер» және т.б прозалық туындыларында халқымыздың өткен тарихы мен бүгінгі кезеңін және болашағын сабақтастыратын ата-бабалық дәстүрлер тағылымы көркем шындықпен өрнектелген. Аталған туындылардың оқырмандарға тез таралып, әртүрлі жастағы адамдардың адамгершілік-имандылық ықпалын сезінгендігі анық. Деректі прозалық туындылардағы басты кейіпкерлерінің халық жадында сақталған қанатты сөздерінің, әртүрлі оқиғаларының сөз өнерінің көркемдік – эстетикалық ықпалы аясында бейнеленулері арқылы қаламгер ұлттық болмысымыздың философиялық – психологиялық тереңдіктерін танытты.



Ғалым-қаламгердің қазақ тарихындағы қайраткер тұлғамыз Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев туралы жазған «Мың жыл аңсайды» (2012) атты романы қазіргі қазақ оқырмандарының ыстық ықыласын иеленіп отыр. Себебі, кеңестік дәуірдің әміршілдік – тоталитарлық басқару жүйесінің құрсауында өмір сүрген Қазақстанды елу жылға жуық басқарып, қазақтың және тілеуестуысқан халықтардың

рухани көсемі болған дара тұлғаның тарихи – әдеби бейнесін эпикалық деңгейде бейнелеу – аса жауапты іс. Кеңестік таптық – шовинистік шеңбермен құрсауланған, тек қана мәскеулік – орыстық мүддеге ғана бағындырылған озбырлықпен басқарудың қатаң бақылауында бола жүріп, Қазақстанның, қазақ халқының материалдық және рухани мәдениет салаларында өсіп-өркендеуінде

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қалай еңбек еткендігі аталған романда тарихи деректер аясында қамтылған. Романда Д.А.Қонаевтың туып-өскен отбасы ортасы, әкесі, атамекені, білім, ғылым игеру жолындағы қадамдары деректі оқиғалар желілерімен баяндалған. Қазақстанның кен өндірісін, одан кейін республиканың Бас ғылыми мекемесі Ғылым академиясын басқарғаны да уақыт шындығы деректерімен дәйектеле жүйеленген. Романның сюжеттік-композициялық құрылысында Д.А.Қонаевтың Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы болған кезеңдерін қамтыған оқиғалар эпикалық туындының көркемдік шешімін, идеясын оқырмандарға ұғындырады. Жатжұрттық мемлекеттің құрсауында жүріп-ақ Қазақ Елінің көп ғасырлық тарихындағы өзіндік ұлттық болмысын, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін сақтауы үшін табиғи талантын да, қайраткерлік-күрескерлік ұстанымын да берік сақтаған, сол қарапайым ұлылық қасиеттерімен халық махаббатын иеленген адамның рухани жан ділі әлемін романның айқын сезінеміз. Эпикалық туындының идеялық – көркемдік желілерін құрайтын Д.А.Қонаевқа тән қасиеттер (қанағатшылдық, кішіпейілділік, білімдарлық-оқымыстылық, көңіл жомарттығы, қазақ ауылы мен қарапайым адамдар тұрмысына қамқорлығы, қазақтың рухани мәдениетінің сақталуына, өркендеуіне ықыласы, т.б.) деректі оқиғалар арқылы дәлелденген. Туындының барлық бөліктегіндегі идеялық – эстетикалық мәселелерді халықтық көзқарастар тұрғысынан қорытындылап тұрғандай әсер беретін «Тарихшының бағасы», «Ауыл азаматының ойы» тарауларындағы деректердің, кейіпкерлер атынан айтылатын бағалаулардың маңыздылығы айқын байқалады.

Ғалым-қаламгер Мамытбек Қалдыбайдың «Мен – халқымның Бауыржанымын» деп аталатын деректі романы да қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елінің жаңа әдебиеті дамуындағы

маңызды туынды болып саналады. Жазушы бұл шығармасына дейін осы тақырып желісінде бірнеше көлемді туындылар жазған еді. Жаңа туындысында өзіндік дербес қаламгерлік мәнерімен шығармашылық сұхбат үлгісіндегі шағын сюжетті бөліктер жүйесімен жазу тәсілін қолданған. Себебі, екінші дүниежүзілік соғыс батырларының бірі, көрнекті жауынгер қолбасшы, қазақ әскери ғылымының негізін салушы, қазақ әдебиетіндегі әскери тақырыптағы прозалық шығармалар жазудың классикалық деңгейін қалыптастырушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлымен 21 жыл бойы үздіксіз диалогтасқан, сұхбаттасқан қаламгердің осы шығарманы жазуы да табиғи заңдылық. Тарихи тұлғамен шығармашылық сұхбат түрінде түзілген сюжеттік бөліктерде Бауыржан Момышұлының туып-өскен ортасы, ата-бабалары, білім алған, қызмет істеген жылдар деректері жүйелене баяндалған. Шығарманың оқырмандарды еліктіре тартып отыратын басты ерекшелігі – автор мен кейіпкердің диалогтарының, кейде кейіпкер, автор монологтарының көркемдік таным аясында поэтикалық шешіммен өрілгендігі. Автор-қаламгер кейіпкер Бауыржанның ұлттық және жалпы адамзаттық гуманизм тұтастығындағы дүниетаным болмысын айқындауда шығарманың композициясында авторлық эпикалық баяндаулар аясында тарихи тұлғаның халықтық өнегелі тәлім-тәрбие ұлағатын берік сақтайтын ұстанымын айрықша даралап көрсете алған. Бауыржан Момышұлының қанды майдан шайқастарындағы қолбасшылық – батырлық істері мен кейінгі бейбіт замандағы азаматтық – отаншылдық, қайраткерлік – күрескерлік көзқарастарының да ұрпақтар тәрбиесіндегі ықпалы айрықша дараланған.

«Мен – халқының Бауыржанымын» атты осы романның құрылысындағы сюжеттік – тақырыптық бөліктерді құрап тұрған көркемдік-идеялық желі – қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елінің мәңгілік даму жолына бастай алатын, қазақтың ұлттық болмысын берік сақтайтын рухани әлеуетті, білімдар қайраткер – күрескер жаңа буын ұрпақты қалыптастыру,

тәрбиелеу. Бұл орайда, романдағы «Көкейімде жүрген көп сұраққа жауап» тарауындағы Бауыржан Момышұлы монологының көркемдік мәні айрықша бағалы: «Күрескер болу жұрттың бәрінің қолынан келе бермейді. Күрескер болу үшін, бүгінгі күннің ғана емес, одан арғы күндердің хал-ахуалын, максатының келешекке қалай қызмет ететінін сезе білетін болуы, сезгенін тек арман – қиялға емес, ғылымға негіздеуі қажет.

Күрескер қоғамдағы күшті, мүмкіндікті пайдалануға міндетті. Қоғамда қандай күш бар, соған сәйкес күрестің түрлерін, әдіс – айдаларын пайдаланған адам – **нағыз күрескер**.

Мінбеден «өйту керек, бүйту керек» деп кез келген ақымақ айқайлай алады. Сөзбен күрескер болу кімге қажет? Халықты ізінен ерте біліп, пәлен жылдан кейін емес, халыққа пайдасын сол күрес күндерінде тигізген адам – **нағыз күрескер**» [1] Тарихи деректі осы романның сюжеттік-композициялық бөліктеріндегі кейіпкерлердің сұхбат – әңгіме диалогтарынан, монологтарынан, авторлық эпикалық баяндаулардан Қазақ Елі тарихының бұрынғы-соңғы кезеңдеріндегі ұлттық қасиеттеріміздің асыл дәстүрлерін қазіргі және болашақ ұрпақтар санасына сіңіруді көздеген ғалым – жазушы Мамытбек Қалдыбайдың азаматтық шығармашылық көзқарасын сезінеміз. Халқымыздың тарихындағы ақын-жырауларымыздың, жазушылардың мыңдаған, миллиондаған оқырмандардың қабылдау психологиясын иеленуі туындыларындағы ұлттық және жалпы адамзаттық адамгершілік ұстанымдардың қуаттылығынан екендігін мәлім. Халықтың жан ділі әлеміне тән биік мұраттар, асқақ ұстанымдар деңгейінде бола алмаған ақындардың да, прозашылардың да, драматургтердің де әдебиет тарихындағы орны белгісізденіп қалатыны – тарихи шындық. Танымал жазушы, ғалым-ұстаз Мамытбек Қалдыбайдың сөз арқауындағы эпикалық шығармасының «Баукең тағылымы» атты қорытынды бөлігіндегі толғанысты тұжырымдары ұлт тағдырына алаңдаған жаңа ұрпақтар мақсатын айқындайды: «Баукең үйреткен тағылым – ұлы сенім. Болашаққа деген сенім еді.

Баукең үйреткен тағылым, ол – ұлы шындық. «Жалғандықтың балын жеп өмір сүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деп Баукең сияқты орақ тілді, от ауызды жау-жүрек азаматтар ғана кесіп айта алады.

Баукең үйреткен тағылым – өз халқыңды ағынан жарылып, жаныңдай жақсы көру.

Баукең үйреткен тағылым – ұлт ар-намысына, ұлт тарихына, ұлт санасына, ұлт мәдениетіне қамқор болу еді» [1]

Тәуелсіз Қазақ Елінің қазіргі жаңа әдебиеті дамуы үдерісінде ұлт тарихындағы көрнекті тұлғалар туралы деректі прозалық көркем туындылар жазып жүрген белгілі жазушы Мамытбек Қалдыбай көп жылдар бойы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Журналистика» мамандығы бөлімінде дәрістер оқып ұстаздық қызмет атқарды. Қазіргі кезде осы университеттегі академик Мәлік Ғабдуллин атындағы «Тұлғатану» орталығының ғылыми қызметкері болып еңбек етіп жүр. Ғалым-ұстаздың жетекшілігімен талай буын түлектер журналистиканың өзекті мәселелері бойынша дипломдық жұмыстарын қорғады. «Тұлғатану» орталығының жұмыс жоспары аясында қазақ әдебиетінің классикалық мұраларының және Тәуелсіз Қазақ Елі қазіргі әдеби үдерісінің өзекті мәселелеріне арналған әдеби, мәдени – танымдық дидарласуларды, жүздесулерді жиі ұйымдастырып келеді. Жылдың барлық мезгілдерінде де, тәуліктің барлық сәттерінде де үнемі жарқылдаған жайдары, аңқылдаған ақкөңіл мінезімен маңайындағы адамдардың көңіл-күйлерін сәулелендірген, жадыратқан жарқын келбетті Мәкең ағамыздың жетпіс бес жастың биік белесіндегі тұлғасы бәрімізді қуантады, сүйсіндіреді. «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп хакім Абай айтқан бағалауды біз құрметті Мәкең ағамыздың ұлағатты тұлғасына байланыстыра аламыз.

Қорыта айтқанда, халқымыздың жаңа тарихындағы ұрпақтары үшін тынымсыз шығармашылық еңбек жолында келе жатқан ұстаз ғалым жазушы Мамытбек Қалдыбайдың Тәуелсіз Қазақ Елінің алдағы асуларында да тұлпар шабысының бәсеңдемейтініне сенеміз.

Әдебиет

1. Қалдыбай М. Мен – халқымның Бауыржанымын. – Алматы: ЖШС «Самара-Принт», 2013. – 263.

ӘОЖ 37.0

Совет-хан Ғаббасов
*Жазушы дәрігер, фантаст,
Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы,
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,
Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты,
ПРОФЕССОР.*

**АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Бұл мақалада ақын Абайдың педагогикалық еңбектерін дұрыс түсініп игеру арқылы ғана, шынайы халқымызға тән тәлім-тәрбиеміздің қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік аламыз дей келе, Абайдың педагогикалық еңбектері, ондағы тәрбиелік мәні жайлы айтылған. Сонымен қатар, «Алып анадан туады» - дейтін тылсым сыры әлі ашыла қоймаған ұлағатты сөздің төркініне барып, Абайдың ана құрсағында – жүрек тәрбиесі жетіліп туған алып екендігіне тоқталған.

Түйін сөздер: *Ұлы, ақын, педагогика, тәрбие, өсиет, ұрпақ*

Как говорится, только правильно понимая и осваивая педагогические труды Абая, мы получаем возможность насытится воспитанием, действительно присущим нашему народу, в этой статье пишется о педагогических трудах Абая, о воспитательном значении в них. А также, написано об основе великого очаровательного, таинственного слова «Великий рождается от матери», и о том, что Абай – великий, воспитание сердца которого было достигнуто еще в утробе матери.

Ключевые слова: *великий, поэт, педагогика, воспитание, завет, поколение.*

As they say, only the right understanding and mastering pedagogical writings of Abay we are able to be satisfied with upbringing, really inherent for our people, in this article written about pedagogical works of Abay, about the upbringing value in them. And also, written about getting to the basis of the great charming, mysterious words «Great born from Mother», and that Abay – the great, which upbringing of heart has been achieved in the womb.

Keywords: *great, poet, pedagogy, upbringing, covenant, generation.*

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге»
АБАЙ.

Абайдың педагогикалық, еңбектерін дұрыс түсініп игеру арқылы ғана, шынайы халқымызға тән тәлім-тәрбиеміздің қайнарынан қанып ішуге мүмкіндік ашамыз. Сонда ғана, Абайдың ұрпағына өсиет етіп қалдырған «мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» деген сөзінің мәніне түсінеміз. Ол үшін аз-көп Абай заманының алдында өткен ғұламаларға сәл ғана болса да үңіліп көрелік.

Күллі адамзат қауымында өткен, ақыл-парасат алыптарының ішінде, ой кермегін татып, тіршілік тұңғықтарын ұғынған сайын, өздерінің кемелдеріне жеткен кемеңгерліктерін ұрпақ тәрбиесіне арнамағандары аз. Сонау, көне дүние данышпандары: Сократ та, Платон да, Аристотель де төрткүл тіршіліктің тылсым сырларын шешкен ата-бабаларымыз – Әбунасыр әл-Фараби, Әбу Абдолла ибн-Мұса әл-Хорезми, Әбу Райхан әл-Бируни, Ғаббас ибн-Сейдәл-Жауһари, Әбу Әли ибн-Сина, Жүсіп Баласағұн, Мұхаммед Тарағай Ұлықбек, Ғұламаһи Дауани да мектеп ашып, шымырлай аққан ой құдіретін ұрпақ тәрбиесіне бұрған. Олай болса, ұлы ойшылдардың қол созған мұраттарының тірелер жері, тікелей адам тәрбиесімен астасып жатыр. Тіпті, кешегі өткен – Декарт, Локк, Ян Каменский, Ж.Ж.Руссо, Л.Толстой да тәрбие саласына бар жиған-терген толғаныстарын, тіршілікпен тікелей жалғасу үшін, екі түрлі арнаға – **педагогика мен психология** - салаларымен үндесе қабысуға мәжбүр болған екен. Осыдан келіп, кемеңгерлікке жеткен жанның қос қанаты – **ойшылдық пен ұстаздық** - бірін-бірі толықтырып, ғажайып үндестікке жеткенін аңғарамыз. Міне, осындай ойшылдардың бірі – қазақ халқының ұлы данышпаны Абай (Ибрагим) Құнанбай баласы екені анық.

Жұмбағы мол, асылы көп еңбек. Жалпы ғұлама Абайдың философиялық-психологиялық және педагогикалық көзқарастарын сөз еткенде, ең негізгі де көмескі жатқан сауалдың шынайы жауабын ашып алуымыз қажет сияқты. Ол бүгінгі таңға дейін айтылып та жазылып келген: – **«Абай арнайы философиялық және педагогикалық шығармалар жазбаған еді»** – деп басталатын тұжырымдар дұрыс па? Әлде, бұл ұғым жалтақтықтан туындап келген, жабатоқыған жайдақ пікір ме? Әуелі осы жағдайды анықтап алған жөн.

Ол үшін, адамзат қауымына кеңінен белгілі кемел ойшылдардың еңбек ету әдістері мен ой толғаныстарын жеткізген жазу үлгілеріне көңіл аударып көрелік. Мәселен, ойшылдардың атасы – Сократ өз ойларын сұхбат түрінде жетілдіріп, тіпті көбінесе қағаз бетіне түсірмеген де ғой. Сонда, оның жазбаша еңбектері жоқ, философ емес деп кім айта алар екен? Сол сияқты Платон мен Аристотель де, өздерінің ой тұжырымдарын бір-бірлеріне ұқсамайтын формалар мен үлгілерде берген. Немесе, шығыстың ұлы ойшылдары әл-Фараби мен ибн-Синаның шығармаларының түр-тұлғаларына да көңіл аударсақ өздеріне тән ерекшеліктерімен жазылғандығын байқауға болады. Осы аталған данышпандардың қай-қайсысы да, өз ойларын бұрын-соңды ешкім де пайдаланбаған жаңа түр мен үлгіде жеткізуге тырысқан. Бірақ, олардың өзіне тән жазу үлгілеріне қарап, «философиялық немесе психологиялық шығармалар жазбаған» деп айтуға ешкімнің де дәті жетпеген. Тіпті, олай деудің өзі – нағыз есерсоқтық болар еді?! Ендеше, ұлы Абай да өзінің философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерін ешкімге де ұқсамайтын үлгіде, өзі ұнатып тапқан формаларда жазып отырғанын түсінетін мезгіл жеткен тәрізді. Тіпті, қазіргі кездегі жазылып жүрген жаман-жұтық, құрап-сұраған докторлық диссертациялар, Абайдың бір қара сөзінде ғана айтылған мазмұнның шылауына тұрар ма екен?! Оның үстіне, осындайлар өзі жығылып жатып, Абайдың еңбектеріне, жалтақ та нәрсіз ұғым тастап, жоғарыдағы айтылған пікірлерді қалыптастырған еді. Оған арамдығы мол, астары сұмдық әділетсіз заманның да ықпалы болмай қалған жоқ. Енді, өз еркіндігімізді алып егеменді ел болғаннан кейін де бүгежектей бергеніміз болмас. Еңсені көтеріп, есті жинайық, ұрпағының келешегін ойлайтын зиялы қауым! Мәселен, Абайдың «ғақлия» түрінде жазылған 3-4-7-19-25-32-37-38-ші қара сөздерін, педагогикалық шығармалар емес деуге қандай қақымыз бар. Егер дәлелді болу үшін, осы тектес еңбектермен танысқыңыз келсе, әлемге әйгілі ағылшынның ойшыл-педагогы Джон Локктің шығармаларымен салыстырып көруге болады. Әрине, ұлы ойшылдардан қаз-қалпында қайталанатын

дәлме-дәлдікке жақын ұқсастықтар табу мүмкін де емес. Әйтсе де, жазылып қалған еңбектерінен үндестіктерге толы ойлар мен деректі үлгілерді байқамау да қиын. Мысалы, Джон Локк (т.3, §34, стр.432, М., 1988): «...Большая ошибка, которую я наблюдал в деле воспитания детей, заключается в том, что родители редко уделяют достаточное внимание тому, чтобы сделать душу ребенка послушной дисциплине и разуму, как раз в тот наиболее подходящий для того период, когда юная душа наиболее нежна и легче всего подвержена воздействию...» – деп толғана тебіренсе, Абай өзінің «Оныншы» қара сөзінде: «...Әуелі баланы өзің алдайсың; Әне, оны берем, міне, мұны берем деп. Басында баланды алдағанына бір мәз боласың. Соңыра, балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бокта!» деп, біреуді боктатып, «кәпір қияңқы, осыған тимендерші!» деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп тауып алып, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?..» – деп, нақтылай түсіп, тіпті көзге ұрғандай етіп дәлдеп айтылған сөз ғой. Мінеки, екі ғұламаның тәрбие қақындағы сөздерінен нағыз ұстаздықпен айтылған пікірлерді көрдік. Әлемге әйгілі ойшыл-педагог Джон Локктің пікірімен шендесіп те, тіпті, одан тереңдеп те айтылған Абайдың осы еңбегін көріп тұрып, «арнайы жазылған педагогикалық шығармасы жоқ» дегенді, кезінде мәніне жетпеген ж а й д а қ айтылған пікір екендігін батыл түрде айтуымыз керек. Ұлы Абайдың даналығын тануда әлі күнге дейін, ашық айтылып батыл түрде талданбай жүрген, оның өзге ойшылдардан оқ бойы оқшау тұрған, өзіне тән ерекшеліктерін даралай көрсетіп айтуымыз керек. Бұл жерде, біз мұны айтқанда да тезис түрінде ғана, барынша қысқа етіп тоқталуға мәжбүрміз. Әйтпесе, мұның өзі де ұзақ әңгіме. **Біріншіден**, Абайдай данышпанның ешкімге ұқсасмас шәкірттік ғұмыры дер едік, екі жыл – ауыл молдасында оқыса, үш жыл – медресе қабырғасында болады. Бар болғаны он үш жасында қайыра ауыл адамдарының ортасына оралады. **Екіншіден**, оның өмір

сүрген ортасының өзі, бұрын-соңды өткен ешбір ғұламалардың тіршілігіне ұқсамайды. Өйткені, адамзат тарихындағы ірі тұлғалардың барлығы да, университеттік білімдерімен қоса, күнделікті араласып отырған білімпаз орталары болған. **Үшінші**, жалпы әлеуметтік деңгей мен отарлық сипаттағы қоғамдық ортаның зұлымдыққа толы жан төзгісіз ерекшеліктері және жаппай сауатсыздықпен қараңғы жатқан халықтың дәрменсіз күйі дер едік. Ал, Абай болса сол үш кластық медресе оқуынан кейін, сонау феодалдық дәуірдегі қарадүрсін пенделердің ортасында өмір сүрді. Ол сол ортаның тас қараңғы зұлматынан серпіле шығып, бүкіл айналасындағы түн-түнекті сөйілте нұрландырып қана қоймай, оған ақыл-парасатқа толы адамдықтың ұрығын еккен ғұлама еді. Ол өзін-өзі тәрбиелеп жетілдірумен, ойшылдық білім мен ілімнің көптеген салаларында, аса биік мұраттарға жеткен кемеңгер. Міне, осыдан келіп Абай нәр алған данышпандықтың бастауы неде? Қайнар көзі қайда? Осындай сауалдарға қысқаша болса да жауап іздей отырып, оны ұлылыққа ұмтылдырған тәлімі мен тәрбиесін сөз еткен жөн. Сондағы, ең әуелі шоқтығы биік болып көрінетін құдіреттің бірі – осы біздер тәптіштей талдап отырған х а л ы қ педагогикасының маңызы мен мәнінде жатқандығы айдан анық. Осыншама мол қазынаның ішінде, ұрпақ тәрбиесінде ала бөтен орны бар, халқымыздың болашағына арнап қалдырған аксиомалық ұғымдары еске түседі. Соның бірі – **«Алып анадан туады»** - дейтін тылсым сыры әлі ашыла қоймаған ұлағатты сөз бар. Абай феноменінің бірі болғанда да – бірегейі осы болса керек. Ол анасының құрсағында – **жүрек тәрбиесі** – жетіліп туған алып екендігін қадап айтқымыз келеді. Тіпті, бұл жүрек тәрбиесі хақындағы ұғымымыздың – мысалы ретіндегі баламасы деуімізге әбден болады. Өйткені, Құнанбайдың төрт әйелінің ішінде, тек осы Ұлжанның балаларының ғана бағасы бөлек?! Басқасын айтпағанның өзінде, бір Абайдың өзі-ақ көп нәрсені терең ойлануға жетелейді. Оны дүниеге әкелген мейірімді Ананың парасатымен, бауырына басып тәрбиелеген дарқан мінезді Әженің шапағаты, жүрек тәрбиесі оянып келген сәбиді, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық тәлімнің алтын

бесігімен тербей отырып ержеткізгенін көруге болады. Осы уақыттарға дейін зерттеліп жеткен деректер де, Абайдың туған анасы – Ұлжан да, адамдықтың алғашқы әліппесін үйреткен әжесі – Зере де, аймағына аттары аңыз боп кеткен, аса аяулы, инабатты жан-дар екен. Осындай аналардың бауырында өскен зерделі сәбидің ақыл тәрбиесі де – бесік жырынан бастау алып, халқымыздың ұланғайыр фольклорлық әдебиетінің айдынында құлаш ұрғанын білеміз. Абайдың балалық шағында ерекше әсер еткен, сол тұстағы халқымыздың сөз өнерінің асқаршыңы – *Дулат-жыраудың берген тәлімі де* аз болмаған. Кейінірек, даналыққа жеткен Абай мен Дулат творчествосының үндестіктерінде ғажайып үлкен сыр жатыр. Оны талантты ғалымымыз Қ.Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» атты ғылыми монографиясынан оқып білуімізге болады. Мінеки, қысқаша ғана айтқанда, Абай тұнығынан канып ішкен, бастаулардың алғашқы көздері осылар. Жалпы, Абайды тәрбиелеген өмір мектебінің шынайы көріністерін, заңғар жазушы ойшыл-ұстазымыз М.Әуезовтың «Абай жолы» атты эпопеясында барынша терең тебіреніспен жазылған. Бұл еңбек қазір адамзат игілігіне айналып отыр. Абайдың өзі де ес біле бастағаннан-ақ шәкірттікке жан-тәнімен беріліп, тәрбие мен тәлімге ерекше ынтызарлық танытады. Оның балиғат жасына жаңа жеткен балалық мінәжатына құлақ түрсек:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафиз – бу хаммаси

Мәдәт бер шағири’ фәрияд (1. Ақын. 2. Тілек, сыйыну) деген үнінен тәлімге тәнті әппақ сезімдерін аңғармау мүмкін емес. Ол шынайы сүйіспеншілікпен тәрбиелі болуға үлкен жауапкершілікпен қарайды. Оның осынау бір инабат пен имандылыққа деген

саналы құштарлығы, уақыт озып жасы ұлғая келе дария-шалқар ұстаздық парасатқа ауысады. Абай өзінің телегей теңіз ұстаздық даналығын сөз өнерімен көркемдеп, әуелі өлең сөздің – патшасы арқылы ұсынса, кейінірек ғақлия үлгісінде қара сөзбен өрнектеуге тырысқан. Ол өз бойындағы білім мен ілім жолындағы тәлімінің аздығына өкінішті екенін де жасырмаған:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.

Адам баласының тіршілігіндегі тәлім мен тәрбиеге ерекше мән беріп, өмірінің ақырына дейін өзінің ағартушылық міндетін терең сезініп өткен. Ол өзінің жазып қалдырған педагогикалық еңбектерінде ойларын жалпылама айтпай, саралай бөліп салалай жіктеп көрсетуге ерекше мән берген.

Мәселен, «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», – дей келіп, адам мінездеріне жақсы да, жаман әсер ететін сипаттарды тарата жіктеп даралай түсіндіріп береді. Поэтикалық сөз қуатының күші мен тұжырымдарын топтастыра жинақтап, «Бес нәрседен қашық бол»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, саусақпен санағандай: «Бес нәрсеге асық бол»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой дейді. Мұнан артық нақтылық, бұдан терең тәрбиелік сөзді табудың өзі қиын. Жалпы, Абайдың педагогикалық көз-қарастарында инабат (этика) категорияларын даралай көрсетіп талдауға тырысқанын байқау қиын емес. Оның өзіне тән жазу үлгісі де осы мақсаттарын аша түскен. Ендеше, Абайдай ғұлама ұстаздың өзі ұсынған жолымен жүруге тырысалық.

Әдебиет

1 Өмірәлиев Құлмат. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – А., 1983. – 250.

ӘОЖ 37.0

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕДАГОГІ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Мақалада Ұлы педагог Ыбырай Алтынсариннің ұлттық педагогикалық еңбектері жайлы жазылған. Ұлы педагог мұғалім болу үшін әрбір ұстаз ұстаздық қасиеттерін қалыптастыра білу керек екендігін өнеге етеді. Ыбырай Алтынсарин қазақ әліппесін ұлттық ерекшеліктерге сәйкес құрып, қалыптастыруды арман еткен. Осы және басқада еңбектері жайлы кеңінен ашылып жазылған.

Түйін сөздер: педагог, қазақ, ұстаз, әліппе, еңбек.

В статье написано о национальных педагогических трудах Великого педагога Ыбырая Алтынсарина. Великий педагог является примером того, что каждый педагог, чтобы стать учителем, должен уметь формировать педагогические качества. Ыбырай Алтынсарин мечтал составить и сформировать казахский алфавит согласно национальным особенностям. Об этих и других трудах написано обширно.

Ключевые слова: педагог, казах, учитель, алфавит, труд.

The article is written about the national pedagogical works of great educator Ybyray Altinsarin. Great teacher is an example that every educator, who wants to become a teacher must be able to generate pedagogical quality. Ybyray Altynsarin dreamed about composing and forming the Kazakh alphabet according to national circumstances. About these and other works written extensively.

Keywords: educator, Kazakh, teacher, alphabet, work.

Қазақ халқының Әл Фарабиден кейінгі ұлы педагогы қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы ұстаз, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) 1850-1857 жылдары Орынбор шекаралық комиссиясында оқып, ол оқуды үздік бітірді де, қазақ даласындағы ағарту жұмысын қолға алуға бел байлады.

Жаңашыл педагог батыс, шығыс әдебиеті мен мәдениетін жан-жақты зерттеп, оны қазақ халқы үшін пайдаланды.

1860 жылы ол қазақ балалары үшін мектеп ашуға (Торғайда) рұқсат алады. Халықтың қаражатымен 1864 жылы мектеп (болыстық, 8 қаңтарда 14 бала) ашып, оның жанынан интернат ашады. Ол: «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларында, ауыл шаруашылық академияларында оқып, білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жа-

налықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін» деп жазды. Педагог арифметиканы ана тілінде оқытты, қазақ әліппесін жаңаша құрмақ болып, 1879 жылы қазақ хрестоматиясын орыс әріптерімен жазды. 1879-89 жылдары Торғай облысындағы қазақ мектептерінің инспекторы болды да, осы кезде 4 училище, 7 мектеп ашты. 1888 жылы 10 сәуірде Омскі қаласында мұғалімдер семинариясын ашты.

Ұлы педагог мұғалім болу үшін әрбір ұстаз ұстаздық қасиеттерін қалыптастыра білу керек екендігін өнеге етеді. «Мұғалім баланы тәрбиелеуші, оның қамқоршысы, егер бала бір нәрсені білмей қалса, ол баланың кінәсі емес, оған кінәлі балаға түсіндіре алмаған ұстаздың өзі. ұстаз балаға сабырмен, салмақты қысқа сөйлеу керек, ол әрбір пәнді балаға түсіндіргенде ықыласымен,

қарапайым тілмен, бос сөзін нақты түсіндіруге тиіс», - дейді (Ильминский. Воспоминания об Алтынсарине, стр. 373).

Ыбырай Алтынсарин қазақ әліппесін ұлттық ерекшеліктерге сәйкес құрып, қалыптастыруды арман етті. Ол үшін ұстаз кирилица нұсқасын алып, оған қазақи дыбыстардың әріптерін белгілеп қосуды ойлады. Сөйтіп **алғашқы хрестоматияны** («Қазақ хрестоматиясы» – «Киргизская хрестоматия», 1879) шығарды. Өйткені мың жылдан астам қазақ жазуында қолданылып келе жатқан араб әліппесі қазақтың ұлттық фонемасына сәйкестендірілмеді, оның фонетикалық жағынан күрмеу бола бастағанын ұстаз бала оқыту кезінде байыптады. Бұл жайды белгілі ғалым (филолог-лингвист) Ахмет Байтұрсынов та кейіннен кеңінен зерттеп, төте оқу әліппесін түзген болатын. Қазақ мектептерінде 1940 жылдан қолданыла бастаған қазіргі әліппе арқылы қазақтың ұлттық жазуы дамып, қалыптасты.

Ұстаз-ақын, жазушы бала оқыту мен тәрбиелеуде ауыз әдебиетін жалғастыратын балалар әдебиетінің негізін қалады. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға көп еңбек сіңірді.

«Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1879) деген еңбегінде тәжірибелі ұстаз тіл үйренудің нақтылай әдістемесін түзді. Оқушыларға үйрететін сөзді таңдау, сөздің айтылу ырғағын айқын естіртіп, оқушылардың тілін жаттықтыру, жаттығу – дағдыландыру жұмыстарын жүргізу, ол үшін пәндік және аудармашылық әдістемелерді пайдалану, ал ана тілін оқуда жеке сөздерді оқи білуге, өз мәнерімен айтуға үйрету, әрбір сөздің мағынасын терең түсіндіру, яғни әрбір оқушының сөздік қорын молайту тәсілдерін қолдану ұстаздың әдістемелік жаңаша нұсқалары еді.

Оқыту әдістемесінде Ыбырай Алтынсарин тіл дамыту ісіне көп көңіл бөліп, тіл дамытуда ең әуелі сөзді дұрыс айта білуге үйретуді уағыздады. «Әрбір оқушы айта білген сөзін жаза да білу керек» дейді ұстаз. Жазуды да мәдениеттілік, ұқыптылық, қолтаңбалық

ерекшеліктер болатынын айта келіп, ұлы ұстаз жазу мәдениетін қалыптастыру үшін біркелкі талап қоюдың мәні зор екенін айтады.

«Мұсылмандықтың тұтқасы» (1889 жылы жазылып 1991 жылы жарық көрген) деген кітабында Ыбырай Алтынсарин діннің тәрбиелік мәнін жоғары, «түсінбей жаттау – күнә» деп, діни уағыздарды түсінбей босқа жаттап алып, «молда» болу ел мәдениетіне, тәрбие ісіне жат екенін ашына айтады. Ол қазақ тарихында отқа табыну, пұтқа табыну, аллаға сыйыну – бәрі де тәрбие құралы болғанын, ал ұрпақты «сенім» деген құдіретті күшпен қаруландыру үшін оның сенетін нәрсесіне көзін жеткізу керек екенін дәлелдеді.

Қазақ халқының ғақлиялық мектептерін әл Фарабиден соң және Жүсіп Баласағұниден кейін қайта жалғастырып, ел мәдениетін өркендетудің құдіретті құралы ретінде пайдаланған Ыбырай Алтынсарин мектептердегі сынып – сабақ жүйесін қалыптастырып оқу мерзімі жеті жарым айға белгіленуін (қыркүйектен бастап келесі майға дейін) ұйымдастырды. Көшпелі мекендерде «болыстық мектептердің» көші-қонына жағдай жасады.

Қазақ халқының келешегі – қыз балаларды тәрбиелеуге де байланысты деп түйген ұстаз көзі тірісінде қасында интернаты бар бірнеше қыздар училищелерін ашты, ол игілікті жұмыс кейін жалғасын тапты. Ыбырай Алтынсарин ашқан мұғалімдер даярлайтын мектептің шәкірттері (Спандияр Көбеев, Әбіғали Балғынбаев т.б.) кейіннен жаңа мектептер ашып, тарих, арифметика, жаратылыстану пәндеріне қоса қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды қолға алып, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлді.

Ақ патшалық саясат пен бордай кемірген бодандық кезінде қазақ жеріне күнсәулесіндей мәдениет жарықтарын (мектептерді) ашып, келешектің кемелденуінен үміттеніп, кенеулі істер атқарған ұлы ұстаздың ұлағатты істерін жалғастыруды атақты ақын жазушылар Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар жүзеге асырды. Ол қайтыс болған соң Торғайда (1891), Қоста-

найда (1893), Қарабұтақта (1895), Ақтөбеде (1896) жанында интернаты бар қазақ қыздар училищелері ашылды.

Ақын педагог «Қазақ хрестоматиясы» (1879) «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» (1879), «Мәктубат» (1896) сияқты кітаптармен қатар балдырғандар жаттап алатын «Кел, балалар, оқылық» сияқты өлеңдер, балаларды еңбекке, адамгершілікке тәрбиелейтін «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», «Таза бұлақ», т.б. әңгімелер жазды.

«Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» дейді Ыбырай Алтынсарин. Ол оқытуда жүйелілікті, бірізділікті, көрнекілік пен түсініктілікті уағыздады. Түсінбей жаттап алуға қарсы болды.

Ұлы педагогтың атында бірнеше институттар мен ондаған мектептер бар, оның 150 жылдық мерейтойы республика бойынша атап өтілді.

Ыбырай Алтынсарин діннің тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Дін иелері түсініп жаттап, оның тәрбиелік мәнін тыңдаушыларға аша білу – парыз деп түсіндіреді. Ол діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар дін-шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап теріс түсініктер беретінін қатты сынады. ұлағатты ұстаз ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік имандылық, қайырымдылық, мейірімділік қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндірді. Дін қағидаларының тәрбиелік мәнін ашып көрсетуді мақсат еткен ұстаз шариғат сүрелерін ана тілінде түсіндіріп, діни терминдердің мән-

мағынасын ашуға зер салды, оны өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдады.

Ұлы педагог адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол әсерлік-тәрбиелік нәтиже бермейді деген тұжырым жасайды. Мысалы, намаз оқу мен ораза тұту парыздарының рухани да, тәрбиелік те мәні зор екенін: «намаз ішінде он екі парыз бар оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздың (денені тазау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздардың ой-пиғылды намазға арнап, беріліп оқуы – жан тәрбиесіне арналады», - дейді.

Жазушы-ұстаз «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығында дүние жүзі әдебиетінен уытты әңгімелерді аударып, оны қазақ балаларын тәрбиелеуге пайдаланды. Мысалы: «Силинші ханым» деген әңгімесінде бұдан бес мың жыл бұрын жібек құртының қасиетін танып, пайдаға асырған қытай елінің ханымы Силиншіні, «Қанағат» атты әңгімесінде қанағаттылықты дәріптеуші араб батыры Әзірет Әліні жастарға үлгі-өнеге етіп көрсетеді. Бұл этнопедагогиканың ұлтаралық байланысы екеніне дәлел.

Сондай-ақ ғұлама ұстаз халықтың салт-дәстүріндегі кейбір қолдануға зиянды рәсімдер мен жөн-жоралғыларды қатаң сынап, ондай мәдениетке кесірін тигізетін, ескірген рәсімдерден аулақ болуды уағыздайды.



«Жақсы мұғалім – мектептің жүрегі»

Ы.Алтынсарин

УДК 37.013.42

Л.В.Мардахаев

*Почетный работник высшего профессионального образования РФ,
заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики РГСУ,
доктор педагогических наук, профессор.*

СОЦИАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ: СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД

В статье написано о социокультурном здоровье подрастающего поколения, о перспективе самореализации в социокультурной среде. Социально-педагогический подход к формированию социального здоровья подрастающего поколения – это понимать существо личности в различных возрастных этапах. В итоге образуется социально-здоровая личность. Социальное здоровье формируется в семье, в школе, на улице и других сферах. Рассмотрены внутренние и внешние составляющие социально-здоровой личности.

Ключевые слова: *социальное здоровье, социально-здоровая личность, виктимология, компонент, блок.*

Мақалада жеткіншектердің әлеуметтік-мәдени денсаулығы жайлы, әлеуметтік – мәдени ортада өзін-өзі жетілдірудің мүмкіндіктері туралы жазылған. Жеткіншектердің әлеуметтік денсаулығын қалыптастырудағы әлеуметтік-мәдени тіл табу дегеніміз – әртүрлі жас ерекшелік кезеңінде тұлғаның болмысын түсіну. Нәтижесінде әлеуметтік салауатты тұлға қалыптасады. Әлеуметтік денсаулық отбасында, мектепте, көшеде және басқа ортада қалыптасады. Әлеуметтік салауатты тұлғаның ішкі және сыртқы құрама бөліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: *әлеуметтік денсаулық, әлеуметтік салауатты тұлға, виктимология, компонент, блок.*

In article written about the socio-cultural health of the younger generation, about the prospect of self-realization in the socio-cultural environment. Socio-pedagogical approach to the formation of the social health of the younger generation is to understand the essence of the person in different age stages. As a result a socio - healthy person. Social health is formed in the family, at school, on the street and other areas. Considered internal and external components of the socio-healthy personality.

Keywords: *social health, socio - healthy person, victimology, a component, unit.*

Формирование и развитие личности обусловлено ее социальностью. При этом становление личности обусловлено многочисленными факторами как позитивными (благоприятствующими), так и негативными (деструктивными). Характерно, что это влияние во многом зависит от возраста ребенка, его нравственного формирования, которые и определяют способность противостоять негативным факторам (факторам социального риска), перспективы самореализации в со-

циокультурной среде. Такая способность характеризует *социальное здоровье* ребенка, подрастающего поколения.

Изучение существа социального здоровья человека, показало, что это понятие широко используется в научной литературе, программах развития, на практике. Систематизация представленных определений, например, в Интернет сети показало, что под ним понимается:

– состояние социальной активности, деятель-

ного отношения человека к миру, его способности устанавливать и поддерживать социальные связи и отношения [2];

– осознание себя полноценной личностью в том слое общества, в котором человек находится [9];

– здоровье общества, а также окружающей среды для каждого человека [3];

– состояние организма, определяющее способность человека контактировать с социумом [10];

– совокупность потенциальных и реальных возможностей человека в осуществлении своих действий без ухудшения физического и духовного состояния, без потерь в адаптации к жизненной среде [4].

Систематизация изложенного позволяет утверждать, что социальное здоровье выступает комплексной характеристикой личности ребенка (подростающего поколения), способной (способного) противостоять деструктивным факторам социокультурной среды жизнедеятельности, активно проявлять свою нравственную позицию. От социального здоровья подрастающего поколения зависит будущее российского общества, его устойчивость, способность динамично развиваться, преодолевая трудности и проблемы.

Социально-педагогический подход к формированию социального здоровья подрастающего поколения представляет собой понимание его существа, особенностей становления различных категорий на разных возрастных этапах, влияния на него различных факторов социокультурных сред жизнедеятельности (семьи, образовательных учреждений, улицы и пр.), возможности предупреждения рецидива, а также путей и способов стимулирования. Результатом формирования социального здоровья конкретного ребенка выступает *социально-здоровая личность*. Основы ее закладываются в семье, утверждаются в образовательных организациях (учреждениях) и находят повседневное проявление.

Исследования, проведенные Е.М.Гамовой [1] и Н.Ю.Падылиным [6, 7], показали, что

социально-здоровая личность воспитанника характеризуется общественно значимыми смыслами и ценностями, которые лежат в основе их повседневного социально ответственного поведения, позволяющим им противостоять негативным факторам социокультурной среды, успешно адаптироваться в ней, активно реализовывать себя как личность.

Анализ представленного существа социально-здоровой личности ребенка позволяет выделить в нее внутреннюю и внешнюю составляющие. *Внутренняя составляющая* – это нравственно духовная основа личности и развитость волевых качеств, необходимых для противодействия негативным факторам среды и проявления активности в самореализации, достижении общественно важных целей. *Внешняя* – повседневность конструктивного проявления человека в социокультурной среде жизнедеятельности.

Как качество личности социальное здоровье, растущего человека, формируется в социокультурной воспитательной среде семьи, школы, улицы и других сфер, содержащей смыслы, ценности и традиции, способствующие социальному становлению его личности [1, с. 12]. Оно непосредственно связано с предрасположенностью его к конструктивному проявлению в деструктивной ситуации развития и предполагает осознанное проявление ребенком нравственно-активной позиции, эмоциональной устойчивости и развитых волевых качеств. В основе его лежит его нравственно-волевая устойчивость.

По своей сущности социальное здоровье представляет собой стабильно проявляемую нравственную позицию воспитанника к преодолению внутренне-неустойчивого состояния, противодействию влияниям различных внешних факторов деструктивного характера, а также способность и готовность к целенаправленной эмоционально-волевой активности в жизненных ситуациях социального риска, устремленности к самосовершенствованию, достижению социально-значимых целей. Такая позиция способствует предупреждению виктимизации воспитанника в ситуациях социального риска.

Виктимология (от лат. *victime* – жертва и греч. *logos* – слово, понятие, учение) – учение о поведении жертвы насилия. Термин был введен в криминологию для изучения человека как жертвы криминального воздействия и причин такого воздействия. В социальной педагогике этот термин введен А.В. Мудриком, как раздел – социально-педагогическая виктимология. Он представляет собой процесс социально-психологических изменений личности человека под влиянием совокупности негативных внешних условий и факторов, способствующих его превращению в тот или иной тип жертв неблагоприятной социализации.

Следует подчеркнуть, что социальное здоровье выступает как противоположность социальной деструктивности воспитанника и характеризует его устойчивость к виктимизации. Социальная деструктивность, в свою очередь, – характеризует предрасположенность воспитанника к социальным изменениям негативного характера в соответствующей социокультурной среде, которые существенно сказываются на его социализации (социальном развитии, усвоении социальных ролей, норм и правил, накоплении опыта социального поведения), социальном воспитании и нравственном проявлении. Данный факт диктует необходимость формирования социального здоровья воспитанников и профилактики его социальной деструктивности.

Изучение существа социального здоровья воспитанников, требований предъявляемых к нему Н.Ю.Падьлиным, позволило выделить наиболее важные из них:

– «развитость духовно-нравственной основы личности», определяющая общественно значимые смыслы и ценности. Духовно-нравственная основа личности – это, по сути, – стержень, определяющий устойчивость ее позиции в самопроявлении и основа общественно-значимых смыслов и ценностей воспитанника. Они во многом определяют социальную ответственность конкретного воспитанника в повседневных поступках и поведении;

– «сформированность общественно значимых смыслов и ценностей». Это те жизненные ориентиры, которые и определяют поведение воспитанника и перспективы его самоопределения;

– «повседневность социально-ответственного поведения как в школе, так и вне ее». Оно характеризует зрелость воспитанника, его понимание того, что и почему он делает, каковы социальные последствия его действий, способность нести ответственность за нее;

– «устойчивость... к воздействию факторов социального риска и общественной нестабильности». Она характеризует своеобразие воспитанника, развитость его волевых качеств. С учетом сформированности духовно-нравственной основы личности воспитанника устойчивость определяется степенью сформированности у него нравственно-волевых качеств, позволяющих ему активно противодействовать негативным факторам риска социокультурной среды жизнедеятельности;

– предрасположенность к адаптации в социокультурной воспитательной среде школы и во внешней социальной среде. Она характеризует адаптивность конкретного воспитанника к новой социокультурной среде, развитость его качеств личности, необходимых для успешной самореализации. Такая способность опирается на духовно-нравственную основу и устойчивость личности к воздействию факторов социального риска и нестабильности;

– «повседневность в проявлении своей гражданской позиции в социокультурной воспитательной среде школы, семье и обществе» [7, с. 10].

К изложенным характеристическим особенностям социально-здоровой личности пришли и другие исследователи данного явления. В частности, Е.М. Гамова обращает внимание на необходимость формирования у воспитанников нравственно-волевой устойчивости в интересах предупреждения их социальной деструктивности (виктимизации). Основными качественными характеристиками ее являются:

– осознание себя социально-значимой личностью (*когнитивный компонент*);

– эмоциональная устойчивость воспитанника, позволяющая преодолевать деструктивные влияния своеобразия личности и среды (*эмоциональный компонент*);

– нравственно-волевая активность в преодолении внутреннего и внешне-неустойчивого состояния к рискам и опасностям в тех или иных жизненных ситуациях (*конативный компонент*), стабильно проявляемые в противодействии влияниям различных факторов деструктивного характера, в достижении социально-значимых целей [1, с. 12-13].

Н.Ю.Падылин нравственно-волевою устойчивость воспитанника рассматривает как его социальное здоровье. Под ним он понимает социально-педагогическое качество и характеристика личности воспитанника, обладающего духовно-нравственной основой, общественно значимыми смыслами и ценностями, определяющими его повседневное социально ответственное поведение, устойчивость к воздействиям факторов социального риска, что позволяет ему адаптироваться в социокультурной среде, проявлять свою гражданскую позицию [7, с. 11]. Как качество личности оно определяет устойчивость воспитанника к факторам социального риска, способность его к адаптации в социокультурной среде жизнедеятельности, предрасположенность к проявлению гражданской позиции. Это качество определяет социально-педагогический потенциал воспитанника к адаптации в социокультурной среде. Оно формируется в социокультурной воспитательной среде школы, как части социокультурной среды общества, содержащей смыслы, ценности и традиции, способствующие социальному становлению личности воспитанника.

Изложенное позволяет выделить в социальном здоровье воспитанника основные компоненты: *аксиологический* (духовно-нравственные основы личности, общественные смыслы и ценности, определяющие поведение); *когнитивный* (объем и качество

знаний основ организации, технологии и методов социально значимой деятельности, определяющих гражданскую позицию воспитанников); *поведенческий* (устойчивость к воздействию факторов риска среды, повседневность самопроявления гражданской позиции).

Изложенное показывает, что по существу позиции Е.М.Гамовой и Н.Ю.Падылина сходны в понимании необходимости формирования социально здоровой личности воспитанника, с нравственно-волевой устойчивостью, что позволяет ему противостоять негативным факторам среды, предупреждая его виктимизацию.

Формирование социального здоровья и нравственно-волевой устойчивости воспитанников к виктимизации требует комплекса мер и создания благоприятной социокультурной среды в семьях, общеобразовательных учреждениях, учреждениях профессионального образования, улицы для их реализации. В основе комплекса мер, с одной стороны, лежит целенаправленная воспитательно-профилактическая деятельность, направленная на формирование (коррекцию, утверждение) у воспитанника нравственного сознания, чувств и воли, включение его в ситуации проявления нравственно-волевой устойчивости по отношению к деструктивным факторам социального воздействия и накопление им соответствующего опыта нравственно-волевого поведения, а с другой – объединение усилий воспитателей различных категорий социокультурной среды в решении задач воспитательно-профилактической работы, с третьей – создание и поддержание благоприятной социокультурной среды (необходимых условий для наиболее полной реализации комплекса мер).

А.В.Павлов выделил три блока, определяющих перспективы развития социокультурной среды образовательного учреждения (учреждения дополнительного образования): *аксиологический* (ценности социокультурной среды образовательного учреждения, детского воспитательного учреждения и воспитания, определяющие ее направленность),

базовый (духовно-нравственный климат социокультурной среды образовательного учреждения, сплоченность субъектов воспитательного процесса, организационно-управленческая деятельность, ее целенаправленность и действенность, самоуправление, взаимодействие всех субъектов учебно-воспитательного процесса) и *предметно-практический* (предметная и событийная насыщенность учебной и внеучебной деятельности в социокультурной среде образовательного учреждения, мотивированность и активность воспитанников, их взаимовыручка и поддержка и пр).

Практически всякая среда, в которой находится определенное время человек и ощущает на себе ее влияние, выступает как культурно-образовательная (социокультурная, образовательно-воспитательная). Д.А. Пряхина рассматривает культурно-образовательную среду как исторически сложившуюся, функционирующую в диалектическом единстве образовательно-обучающие (семья, учебные заведения) и культурно-воспитывающие (учреждения культуры, культура жизни: традиции, устои, мировоззренческие установки) сферы жизни [8, с. 14]. Когда речь идет об образовательном учреждении, то в этом случае под *образовательной (культурно-образовательной) средой* понимают – специально организованную среду обучения человека, группы. Данное понятие характеризует общие и специфические особенности конкретного образовательного учреждения, существенно влияющие на процесс обучения, воспитания, социализации тех, кто проходит в нем обучение. Оно рассматривается в широком и узком смысле. В широком – особенности образовательного учреждения в целом, его педагогический коллектив, богатство традиций и культура отношений в нем, возможности в предоставлении качественного образования, материальная база и информационные возможности для самостоятельной работы обучаемых. В узком – особенности непосредственной среды обучения (аудиторий, детских воспитательных

коллективов, профессиональной подготовки и педагогической культуры учителей, сложившихся традиций обучения и воспитания.

В общенаучном смысле культурно-образовательную среду следует понимать как некую составляющую бытия, доступную для восприятия, в которой субъекты в процессе жизнедеятельности имеют возможность удовлетворять свои потребности в образовании, расширять способы познания мира, развивать личностные качества. В ней непосредственно происходит передача культуры молодому поколению через среду и учебно-воспитательный процесс образовательного учреждения и происходит становление индивидуальной культуры обучающихся.

Культурно-образовательная (социокультурная) среда общеобразовательной школы является необходимым условием и фактором в системе подготовки подрастающего поколения к самостоятельной жизни. По форме она включает множество социокультурных микросред, к которым относятся:

- культура среды образовательной деятельности;
- культура администрации, педагогического коллектива, коллектива школьников;
- культура родительского сообщества, его взаимодействия с административно-педагогическим сообществом образовательного учреждения
- учебно-воспитательный процесс и его результативность.

Все представленные компоненты в совокупности составляют социокультурную среду отдельного образовательного учреждения. Такую среду называют «воспитывающей» и «воспитательной». Эти понятия в литературе обычно отличаются. Когда говорят о воспитывающей среде, рассматривают ее как процессуальное явление. В этом случае акцент делается на осмысление естественного воспитательного воздействия среды, ее факторов, на воспитанника (воспитанников), а также возможностей учета и использования ее потенциала в целенаправленном воздействии на него (них). Субъект воспи-

тания изучает потенциал среды и старается влиять на те факторы, которые непосредственно и опосредованно влияют на личность воспитанника. По существу речь идет о его целенаправленном влиянии на объективно сложившиеся в социокультурной среде обстоятельства, потенциальные ресурсы в интересах регламентации влияния их на воспитанника, воспитанников. Такую деятельность субъекта воспитания называ-

ют – управление развитием потенциально существующей социокультурной среды в интересах повышения ее роли в воспитании.

Термин воспитательный выполняет характерологическую функцию. Он свидетельствует о том, что акцент делается на анализе или характеристике конкретной социокультурной среды, факторов ее, с позиции оценки воспитательного воздействия на воспитанников, его направленности.

ЛИТЕРАТУРА

1 Гамова Е.М. Формирование нравственно-волевой устойчивости подростков к виктимизации в условиях общеобразовательного учреждения: автореф. дисс. ... к. пед. н.: 13.00.02. – М., 2010.

2 Жарова М. // <http://www.relga.ru/Environ/WebObjects/tgu-www.woa/wa/Main?textid=3364&level1=main&level2=articles>

3 Здоровое поколение: подпрограмма Федеральной целевой программы «Дети России» на 2007-2010// http://www.zpzs.ru/healthcare_education/.

4 Казин Э.М., Литвинова Н.А. // http://sociosphera.com/publication/conference/2012/143/socialnoe_zdorove_cheloveka/

5 Павлов А.В. Формирование творческой воспитывающей среды учреждения дополнительного образования: автореф. дисс. ... к. пед. н.: 13.00.02. – М., 2011.

6 Падылин Н.Ю. Развитие безопасной социокультурной воспитательной среды школы // Вестник государственного университета управления. – 2013. – №3. – С. 272–275.

7 Падылин Н.Ю. Формирование основ социального здоровья старшеклассников в социокультурной воспитательной среде школы: автореф. дисс. ... к. пед. н.: 13.00.02. – М., 2013.

8 Пряхин Д.А. Уникальность историко-культурной территории как фактор образовательного процесса в регионе (На примере Ельца и его исторической округи): автореф. дисс. ... к. пед. н.: – Елец, 2000.

9 http://www.telenir.net/zdorove/formula_zdorovja/p3.php.

10 http://med-books.info/valeologiya_739/ponyatie-sotsialnom-zdorove.html/

ӘОЖ 37.018.1

А.Е. Садыкова

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары

Б.Ж. Сағиева

Абай атындағы ҚазҰПУ

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ

«Ұлттық тәрбие» журналының жауапты хатшысы

ОТБАСЫНДАҒЫ ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Тәрбиені сөз еткенде қыз тәрбиесіне ең бірінші көңіл бөлеміз. Өйткені, қыз – өмірдің бастауы. Бастауы дұрыс болмаған не нәрсенің де аяғы да еш жетіспейді. Сондықтан да, сонау атам заманнан қыз тәрбиесіне аса мән берілген. Бұл мақалада қыз балаға берілетін тәрбие мен беріліп жатқан тәрбие жайлы жазылған. Қыз балаға тәрбие берудегі отбасының ролі, қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайтындығы қарастырылған.

Сонымен қатар, қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атануы жайлы айтылған.

Түйін сөздер: *қыз бала, отбасы, тәрбие, әдемілік, қыз әдебі.*

Когда мы говорим о воспитании, в первую очередь уделяем внимание воспитанию девушек. Неправильно начатое до конца не доводится. Поэтому, с ранних времен воспитанию девушек придавалось огромное значение. В этой статье написано о воспитании, которое давалось и дается девушкам. Совершенно не допускается небрежное отношение к роли семьи, чувству стыда, порядочности в воспитании девушек.

А также, написано о времени, в котором девушка взрослеет и становится снохой, оставляя свое колыхающее время среди родителей и родных.

Ключевые слова: *девушка, семья, воспитание, красота, порядочность.*

When we talk about upbringing, especially pay attention to the upbringing of girls. What start wrong not bringing to the end. Therefore, from the earliest times for upbringing of girls was given great importance. This article is written about the upbringing which was previously given and given now to girls. It is not permitted to neglect the role of family, a sense of shame and decency in the upbringing of girls.

And also written about the time in which a girl grows up and becomes a daughter in law, leave their heaving time among parents and relatives.

Keywords: *girl, family, upbringing, beauty, decency.*

Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Тәрбиені сөз еткенде қыз тәрбиесіне ең бірінші тоқталамыз. Өйткені, қыз – өмірдің бастауы. Бастауы дұрыс болмаған не нәрсенің де аяғы да еш жетіспейді. Сондықтан да, сонау атам заманнан қыз тәрбиесіне аса мән берілген. Сондай-ақ, қыз – өмірдің гүлі.

Жүрген жерінің сәнін кіргізіп, көркіне көрік қосып, байытып отырады. Сол себепті, алақанына салып аялай отырып, өзгені де аялауға, еркелете отырып, еркелете білуге үйретіп, бетінен жасқамай еркін де, ибалы етіп өсірген. Сөзбен ғана емес, істерімен де тәрбие беріп отырған.

Содан болар, қызды қырық үйден тыйып, аталарымыз қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген.

Түске дейін ұйықтауға тыйым,
Бұрандап қылымсуға тыйым!

Тамақты обырлана асауға тыйым,
Ұрлық-қорлыққа тыйым.

Салт-дәстүрден аттауға тыйым [1],

Ұрыс-керіске тыйым. Қыздарға осы тыйым сөздерді әр уақытта естен шығармауға үндеп отырған!

Қыз – ата-анасының, отбасының айнасы іспеттес. Бұл жерде қыз бала тәрбиесіне тек ана ғана жауапты болып қалмай, баршамыздың ортақ ісіміз екендігіне көзіміз жетеді. Дегенмен де, «Қыз ақылы – шешеден» демекші, қыздың анаға бір табан жақын екені ақиқат. Тәрбиенің негізі «ананың әлдінен» басталады. Ана қыз үшін тұлға, әрі жанашыр адамы. Сонымен бірге, мұңдасы. Ол анасына ғана ашылып сырын айта алады. Ол анасынан үлгі алып қана қызға тән қасиеттерді бойына сіңіріп, ізеттілік пен ар-ұяттың және адамгершіліктің мағынасын түсінеді. «Қазақ айтпай ма «алып (яғни батыр, балуан) анадан туады» деп. Бұған қарағанда, ана жақсы болса, онан туған бала да жақсы болады. Ана – бір жаман, ғылымсыз, меңіреу болған соң онан туған бала не қайтіп оңсын?!», [2] - деп Мәшһүр Жүсіп айтқандай ана сүтімен бойға сіңген асыл қасиеттер, сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сіңетінін ескеру керек. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Бойжеткен, ару қыздарын сырт көзден сақтап, оларды биязылыққа, ибалылыққа тәрбиелеген. Сол арқылы, қыздарын нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан иесі етіп өсірген. Қыз бала бойжетіп, әке-шешесінің, бауырларының ортасында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа бір үйге келіп келін атанады. Өз шаңырағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп, түгін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы, әрі бақыты. Бұған әсіресе ата-ана қуанады және қобалжиды. Қобалжитын себебі қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын болған. Жүн түту, жіп иіру, құрақ құрау, көрпе көктеу тағы басқа өнер-

ді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Осылай еңбекке баулу арқылы отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін дамытып, психологиялық жағынан даярлап отырған. Сол баулып, үйреткен нәрселерін баласының түскен жерінде қалай көрсететіндігі, өзін қалай ұстайтындығы жайлы ойлап қамығады. Сонымен қатар, осы ұят-әдеп жоралғыларын белден басып, отырғанда, тұрғанда өзінің әйелдік жаратылысын ескермейтін, қызға жарасатын қымсыну, қызару, тартыну, имену дегендер ойына кіріп-шықпайтын қыз өзіне ғана емес, ата-ана, бауыр-туғандарына сөз келтіріп, жерге қаратады. Сондықтан, қыз ибасы, қыз әдебі дегенге жеңіл-желпі қарауға мүлдем болмайды.

Қыз намысы дегеннің орны үлкен. Қыз бала отырған жерде абайлап сөйлеу, бейпіл сөз айтпау – оны әдептілікке тәрбиелеу емес пе?! Қыз намысын сақтап, оның адалдықпен жана босаға аттауын аналар қатты қадағалаған. Болашақ отбасының тұрақтылығы да қыз арының тазалығымен байланысты саналған. Бүкіл әдебиет, фольклор адал махаббатты, сезім тұрақтылығын бақытты болудың кілті санаған. Қыздың барған жерінен қайтып келуі жай ғана ұят емес, масқара деп есептелген. Сондықтан, ата-ана қызын ұзатарда, барған жеріне «тастай батып, судай сін» деп бата берген. Осындай үлкен тәрбиеден өтіп, ел анасы атанған. Домалақ ана, Қарашаш, кешегі Шоқанның (Мұхамедқанапия) әжесі Айғаным, ел билеген Томирис сұлулық пен әдеміліктің, адалдықтың үлгілері болып ел есінде сақталған.

Соңғы кездері қыздарымыздың арасында темекі тартып, нашақорлыққа салынғандар да кездеседі. Келешекте ондай қыздар өмірге қандай ұрпақ әкеліп, қандай тәрбие бермек? Қыз баланың тым әлем-жәлем киініп, көзге түсуге тырысуы, орынсыз боянып сылануы ерсі болады. Сонымен қатар, өзінің сырт пішініне, киім сәніне немқұрайлы, салғырт қарауы да келіспейді. Бұл оның тәрбиесінің жетімсіздігі, төмендігі деп білеміз. Жерімізде қаптап кеткен жетім балалар үйінің себебі не?... Бәрімізге түсінікті отбасы

тәрбиесін көрмей өскен қыздарымыз бен ұлдарымыздың ісі. Махаббаттың желігінде жүріп үйленіп, ертең бірін-бірі түсінбей ажырасып жатады. Ортада қалған бала қайда барады? Әрине жетімдер үйіне. Осындай отбасылардың көбеймеуі өзіміздің қолымызда деп ойлаймыз. Бұл жерде ата-ананың да ролі басым. Әр ата-ана қызына дұрыс тәрбие беріп, бұрынғы әжелеріміздің даналығын айтып, төзімділік пен шыдамдылыққа үйретіп отыру керек. Құлаққа құйылған сөз әр қыз баланың көкейінде қалады. Мысалы, бұрынғы кезде үйде ата-ене, атасының әке-шешесі, 12-13 бала, арасы 1 жастан болған. Ол кездері аналарымыз қызылшаға шығып өкіметке жұмыс істеген. Сол қызылшадан келіп тамағын жасап (от жағып), кірін жуып (қолмен), ата-енесіне шайын беріп және сол кісілердің көңілінен шығуға тырысқан. Далада қазанға тамақ жасайды, тамақ жасағанда қазанның астына сабан жағатын. Сабан деген тез жанып кететін шөп. Оны қайта-қайта салып отыру керек. Бұның өзіне де мықты, төзімді адам ғана шыдай алады. Осындай ананың тәрбиесінен шыққан балалар қазір үйлі, балалы-шағалы болып отыр. Бұндай істі, тәрбиені көріп өскен қыздарымыз ешқашан барған жерінде жаман қылық көрсетеді деп ойламаймыз. Осыны оқып отырып, қазір заман басқа деп айтуларыңыз да мүмкін.

Ия, түсінеміз қазір заман дамыған барлық техника бар, дайын ыстық су, дайын жылы үй, газ, бір нәрсені жылыту үшін қазанның астына от жағып жатпайды, электр толқынды пешке жылыта салады. Және де көп қыздарымыз ата-енесімен тұрмайды да. Соның өзінде не жетпейді. Ұрыс-жанжал, аяғы ажырасумен тынады. Бұлардың барлығын тізіп жазуымыздың себебі – қыздарымызды төзімділікке, шыдамдылыққа, қанағаттылыққа тәрбиелеу.

Бұрынғы кезде естуші едік, қыз бала, ер баладан бір саты төмен тұрады деп. Қазір біз қыздарымызды ұлдарымызбен тең қылып өсіріп отырмыз. Қыздарымыз саясатқа араласып ер адамдармен бірдей жұмыс жасап

отыр. Автокөлік жүргізіп, әскер қатарына жазылып жатқан қыздарымыз да аз емес. Бұл да қуанарлық жағдай, тек қыз бала өзінің нәзік, биязылық, ибалылық қасиетінен айырылмаса екен дейміз.

Қазіргі заман ағымына сай қыздар тәрбиесінде төмендегідей басты мәселелерге көңіл бөлінуін баса айтқымыз келеді:

- Қыз бала аналармен тығыз байланыста болу,

- Баласы туралы пікір алмасып, олардың пікірімен санасып отыру керек (әңгіме жүргізіп отырып тәрбиелеу өз нәтижесін бермек). Себебі, қай бала болса да (қыз, ұл) алдымен тәрбиені отбасынан алады, ата-анасына еліктейді, соларды қайталағысы келеді, ал бала жас шыбық тәрізді, қалай баулыса солай қарай бой түзейді.

- «Қызға қырық үйден тыйым» деп, қыз баланың әлдебір іс-әрекетіне үзілді-кесілді тыйым салу, жылылық танытпай ұрысып, зеку зиян, керісінше баланың жағдайымен санасып сеніміне кіру, сырласып дос бола білу керек.

- Отбасындағы қарым-қатынастың жақсы болуы.

- Өз ұлтының намысын жоғары қоя білетін, елінің сөзін сөйлейтін жас ұрпақты баулып, тәрбиелеу үшін «мұны білуге әлі ерте, оған тыйым салынады» деген тежеулерді алып тастап, баланы бұғаулы ойдан, шектеулі ұғымдардан құтқару қажет, қайта баланы ойын еркін айта білуге жетілдіріп, білігіне жетелеп отыруымыз керек.

- Жас ұрпақты адамға тән табиғи сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету.

- Жаратылыстың ақиқатын, болмысты ашық, бүкпесіз көрсетіп ұғындыруға арналған мектеп – шындықты үйрету мектебі болуы керек [3].

Халық «Өнерсіз қыздан без, өнегесіз ұлдан без» деген. Ұлы Абай атамыз «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» деген екен. Демек, болашақ жас ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, өнегелі, өнерлі етіп тәрбиелеу – қазіргі от-

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

басына үлкен міндет. Осындай ауыр жүкті ел ертені қыз баланың мойнына жүктейміз. Себебі, тіршіліктің нәрін, өмірдің сәнін кіргізетін әйел – Аналар, яғни, қазіргі әр шаңырақтағы буыны қағып үлгермеген жас қыздар. Осы қыздарымызды ұлттық әдет-ғұрпы арқылы тәрбиелейтін болсақ, ибалы да, көркем мінезді ұрпақ қалыптасатыны айдан анық.

Сонымен, қазақ отбасында тәрбиенің негізі – ұлттық салт-дәстүрлер. Тәрбие отбасынан басталады. Қазақ отбасындағы қыз бала тәрбиесі оң жолға қойылуы керек. Келешекте ұлттық салт-дәстүрлермен тәрбиеленген қыздар, ел қорғайтын, ұлтжанды жас ұрпақты тәрбиелей алатынына біз сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тәрбие – тек айтудан ғана емес, көрсетуден... //Ұлттық тәрбие. – 2010. – №3. – 116.
- 2 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. Құрастырушылар: Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Аганина Қ.Ж. – Алматы, 2010. – 224б.
- 3 Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде): оқу құралы. Құрастырушылар: Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., СейсенбаеваЖ.А., Оразымбетқызы Ә. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 164б.
- 4http://asyl-bilim.kz/load/ashy_saba_tar/adam_zh_ne_o_am/yz_andaj_bolu_kerek/39-1-0-722
- 5 Ибатова Н. Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. baq.kz/regional_media/post/6991



Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей – бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді»

Н.Назарбаев.

ӘОЖ 37.018.11-055.25

Т.Н.Жүндібаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Магистратура және
PhD докторантура институты педагогикалық мамандықтар
кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.*

ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Қазіргі қоғамдағы болып жатқан әртүрлі дағдарыстар отбасына, ондағы бала тәрбиесіне үлкен әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Мақалада әр халықтың отбасында берілетін тәрбиесінен дәлелдер келтіріліп жазылған. Ұлы Абайдың және басқада ғалымдардың бала тәрбиесіне байланысты ойлары айтылған. Сонымен қатар, отбасында баланы қарапайым еңбек түрлеріне араластыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу жолдарын көрсеткен.

Түйін сөздер: *отбасы, тәрбие, қоғам, тәжірибе, ұрпақ.*

Известно, что различные кризисы которые происходят сегодня в обществе оказывают огромное влияние на семью, на воспитание детей. В статье фактами доведено о воспитании в семье разных народов. Сказаны мысли о воспитании детей великого Абая и других ученых. А также, указаны пути воспитания у детей трудолюбивости способом привлечения к простым видам труда в семье.

Ключевые слова: *семья, воспитание, общество, практика, потомок.*

It is known that various crises that occur in society today have a huge impact on the family, the education of children. The article about the facts brought up in a family of different nations. Told thoughts about parenting of great Abay and other scientists. And also, shown ways of bringing up in children hardworking by the attracting to the simple types of labor in the family.

Keywords: *family, education, society, practice, descendant.*

Білім беру ұйымдарындағы бала тәрбиелеу әдістерінен отбасындағы тәрбие әдістерінің өзіндік айырмашылықтары бар. Отбасындағы тәрбие әдістері табиғилығымен, әр отбасының өмірлік тәжірибесімен, әдет-ғұрыптарымен ерекшелінеді. Ол өмірге қажетті жанды әрекеттер арқылы жүзеге асып отырады. Отбасының бала тәрбиелеу әдістері ғылыми тұрғыдан емес эмпирикалық жолмен күнделікті өмір тәжірибесі барысында қалыптасып, дамиды. Отбасы бала тәрбиесінде алдымен өзіндік өмір тәжірибесіне, сондай-ақ халықтың салт-дәстүрлеріне сүйенеді. Бірақ, әр адамның өзіндік тәжірибесі соншалықты бай болмауы мүмкін, ал халықтық салт-дәстүрлердің озығы мен тозығы болады. Сондықтан, бала тәр-

биелеуде көптеген кемшіліктер де орын алып жатады. Отбасы жағдайында жүйелі, ретке келтірілген бала тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру үшін әрбір ата-ана сонау заманнан қазірге дейін өзіндік мәнін жоймай келе жатқан бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгеруі қажет.

Отбасындағы бала тәрбиелеу әдістері – бұл баланың тәртібі мен мінез-құлқына ата-ананың мақсатты тұрғыда ықпал ету амалдары. Әр отбасының дербес бала тәрбиелеу әдістері бар. Тәрбие әдістерін тандап алуы ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне, яғни тәрбие мақсатын, өзінің ата-ана ретіндегі рөлін түсінуіне, құндылықтар туралы түсініктеріне, отбасындағы қарым-қатынас стиліне және т.б. байланысты болып келеді.

Сондай-ақ төменде көрсетілгендей бірқатар жағдайларға да байланысты болуы мүмкін:

- ата-ананың өз баласының жағымды, жағымсыз қасиеттерін білуі, яғни неге қызығады, нені ұнатпайды, нені ынтамен орындайды, неге құлықсыз, қандай қиыншылықтарды басынан кешірді және т.б.;

- әр ата-ананың өзіндік тәжірибесі, беделі, өзінің жеке үлгісі негізінде тәрбиелеуге тырысуы;

- ата-ана отбасында барлығын бірлесіп істегенді қаласа, онда практикалық әдістерді көбірек пайдалануы мүмкін.

Отбасы жағдайында көбіне төмендегідей әдістер пайдаланылады:

1) Сендіру әдісі. Бұл өте күрделі әрі қиын әдістердің бірі. Оны өте сақтықпен орынды пайдаланған жөн. Себебі, сендіру баланың сан сезіміне ықпал етеді. Отбасы тәрбиесін жақсы меңгерген ата-аналар дау-дамай, айғай-шусыз-ақ балаларына белілі бір талаптарды қойып, орындата біледі. Олар нақты жағдайға талдау жасай алу сырын жетік меңгерген. Сондықтан балаларының мінез-құлықтарының себебі мен салдарларын, олардың берер жауаптары мен әрекеттерін алдын ала болжап біліп отырады. Соған байланысты әр түрлі тәсілдерді пайдаланады. Дер кезінде, дәл орнында айтылған сөз бірнеше сағат мораль оқығаннан әлде қайда тиімді. Сендіру құралы ретінде кітапты, кинофильмдерді, музыка мен суретті орынды қолдана білудің маңызы зор. Олар баланың жан жүйесіне, сезіміне үлкен әсер етеді. Сендіру әдісін пайдаланғанда сөз бен істің алшақ болмауы қажет. Себебі балалар, әсіресе кіші жастағылар ата-аналарының жағымды да жағымсыз да әрекеттерін қайталауға тырысады. Ата-аналар өздерін күнделікті өмірде қалай ұстаса, балалары да соны істеуге бейім болып келеді.

2) Талап. Талапсыз тәрбие де болуы мүмкін емес. Талапты біртіндеп күрделендіріп және оның орындалғандығын үнемі қадағалап отырудың маңызы зор. Сонымен бірге, балаға қажет болған жағдайда көмекке келе білудің мәні ерекше. Балаға талап қоюдың не-

гізгі формасы – әр түрлі тапсырмалар беру. Тапсырманы ашуланбай, байсалды түрде берген орынды. Қойылатын талаптың баланың жас ерекшеліктері мен күшіне сәйкес болуы орынды. Сондай-ақ не әкесі не анасы тарапынан қойылған талаптың екіншісі тарапына бұзылмауы керек. Сонда ғана бала талапты орындауға үйренеді. Керісінше болған жағдайда бала жеңілдің астымен ауырдың үстімен жүруге, ешкімді тыңдамауға үйренеді.

3) Мадақтау, мақтау – отбасы жағдайында кеңінен қолданылатын әдістердің бірі. Балалық шақта оның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқы қалыптасу үстінде болатыны белгілі. Олар өз әрекеттерінің дұрыстығын мақұлдауды қажетсініп тұрады. Сондықтан, баланың жағымды, дұрыс әрекеттерін мадақтап, қолдап отыру керек. Мадақтау – ата-ананың баланың белгілі бір әрекеттері мен мінез-құлқындағы жағымды көріністерге қанағаттануын көрсету амалы. Мадақтауды баланың орынды әрекетін, жақсы қылығын қолдау үшін пайдаланудың мәні зор. Алайда оны шектен тыс пайдалану жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. Мадақтау кезінде баланың жас және дербес ерекшеліктерін, тәрбиелік деңгейін, мінез-құлқы ерекшелігін, әрекет ету сипатын ескеру қажет.

4) Сенім. Сенім білдіру балаға деген құрметтің белгісі. Сенім білдіру кезінде баланың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндігін ескерген жөн. Егер ата-ана баласына: «Сенен түк шықпайды, сен ешуақытта түзелмейтін шығарсың, саған ештеңені сеніп тапсыруға болмайды» деген сияқты сөздерді айтса, онда баланың ерік жігерін басып, оның өзіне деген сенімділікті, құрметті жоғалтуына алып келуі мүмкін. Сенімсіз жағымды нәрселерге баулу мүмкін емес.

5) Жазалау. Жазалау әдісін пайдалану кезінде төмендегідей талаптарды ескерген орынды:

- жазалау әдісі жиі пайдаланылатын болса, оның күші мен тиімділігі төмендеуі мүмкін;
- жазалау кезінде баланың жас ерекшелі-

гін ескеру қажет. Мысалы, үлкен адамдарға дөрекі сөйлеген мектепке дейінгі жастағы бала мен ересек жастағы балаға бірдей жазалау әдісін пайдалануға болмайды. Себебі біріншісі өзінің әрекетін толық түсінбегендіктен, ал екіншісі әдейі жасауы мүмкін;

- баланы ашу үстінде жазалауға болмайды. Жазалау үшін оның себебін анықтап алған жөн. Негізсіз жаза баланы кекшілдікке, ыз-қорлыққа және ата-анасымен қарым-қатынасының бұзылуына алып келуі ықтимал.

- жазаның нақты әрекетке сай болуы және оның орынсыз бұзылмауы.

Әр елдің бала тәрбиелеу дәстүрлері сияқты әдістерінде де өзіндік ерекшеліктер бар. Г.Н.Филоновтың пікірінше белгілі бір халықтың белгілі бір жерде қолданылатын тәрбие тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы болады. Олар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырады және олар ең алдымен адамдардың тіршілік ету барысында ие болған белгілі бір дағдылары мен білімі ретінде меңгеріледі. Адамзат баласының пайда болған кезінен бастау ала отырып, ол өз бойына бала тәрбиесіне деген ғасырлық ғұрыптары мен талаптарын сіңірген. Бұл пікір әр халықтың бала тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктері болуының заңды құбылыс екенін дәлелдей түседі.

Қазақ отбасында ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдері жетерлік. Оларды біршене топтарға бөліп қарастыруға болады:

- адамгершілік сезімдеріне әсер ету барысында пайдаланатын әдіс-тәсілдер. Оларға балаларға қайрымды, ізгі қатынас жасау, жанама ықпал жасау, қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту;

- үйрету мақсатындағы әдіс-тәсілдер. Олар: түсіндіру, мысал келтіру, үлгі-өнеге, ғибрат айту және т.б.;

- тыйым салу, ескерту жасау мақсатында пайдаланатын әдіс-тәсілдер. Олар: реніш, наразылық білдіру, тыю, айыптау, бұйыру, еркелікте кінәсін мойындату, ұрсу, ымдау, қас-қабақпен айтайын деген ойын білдіру т.б.

Бұлардың көпшілігі қазіргі педагогика саласында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер болғандықтан біз тек солардың ішіндегі бір-қатарына тоқталып кетуді жөн көрдік.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілік арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосқан, қозы баққызып, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдердің бірі бұл – тұспалдап айту арқылы шешендікке баулу. Сонымен қатар, тұспалдап сөйлеуді – сыйластықтың керемет бір үлгісі деуге болады, өйткені ол белгілі біреуге қадап, айыбын бетіне басып айтылмайды.

Сондай-ақ қазақ халқы айтайын деген ойын ымдау арқылы жеткізу, қас-қабақпен білдіру тәсілдерін өте ұтқыр қолданылған. Ымдау – бұл өте нәзік тікелей немесе жанама түрдегі тежеу әдістерінің бірі. Бала әке-шешесінің қас-қабағынан олардың көңіл-күйін байқап, ым арқылы айтқанын түсініп өз әрекетінің орынды не орынсыз екенін байқап, соған байланысты әрекет еткен.

Балалар алғаш өзіне еркелетіп, тұспалдап айтылған мазақтамалар арқылы зеректікке, тапқырлыққа жаттықса, өсе келе өзіндік шығармашылық танытатын болған. Ол үшін қазақ отбасында даярлық ерте жастан жүргізілген. Мысалы, үйге қонақ келгенде алдымен қонаққа арнап балаларға өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айтқызатын болған.

Этикалық ізгіліктерді адам бойына дарытуда әл-Фараби тәрбиелеудің екі түрлі әдісін атап көрсетеді: бірінші – иландырғыш нақыл сөз, сезімге әсер еткіш нақыл сөздер әдісі; бұл әдіс арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады; екіншісі – өз еркімен, өз қалауы бойынша жөнге келмейтін және сөзге құлақ аспайтын «бүлікші, көнімсіз», ересек адамдарға қолданылатын күштеу әдісі.

Осы әдістердің ішінде әл-Фараби иландыру немесе ерікті түрде тәрбиелеу әдісін жоғары бағалайды. Адам сезіміне ерекше әсер ететін, оның жан-күйін баурап алатын этикалық нақыл сөздермен адамды дұрыс бағытқа, игілікті мінез-құлыққа тәрбиелеуге болады. Тәрбиенің нәтижесінде адам бойында пайда болған ізгілікті қасиеттерді, мінез-құлықты тұрақты күйге айналдыру үшін дағды қажет. «Жаратылысынан біткен бейімділік, - деп жазады. Фараби – қайырымдылық әрекеттерге бағытталса және бұл әрекеттер қайталана келе адам жанында сол әрекеттердің өзін тудыратын күйді тудыратындай дәрежеде әдет түрінде нығайып, бекісе, әрекетпен орныққан бұл күй қайырымдылық деп саналады».

Қазақ табиғатында отбасы иелері ең әуелі өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, өнегелі, көрегенді, үлгілі болуға тырысқан. Оның ең басты себебі, «ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді» деп бағалағандықтан. Алғашқы мүшелі 13 жасқа таяған кезінен бастап ата-ана өз балаларын тұрмыспен салтқа бейімдеген. Сол кезеңнен бастап ақ, әке қызына айтар ескертпесі мен қолқасы болса анасы арқылы жеткізген. Қызын – арға, ұлын – нарға балаған. Алайда, осылайша үкілеп, үлбіретіп отырған қыз баланың өзіне де қатал талап қойылған. Анасы қызына шолпы таққан шашы ажарлы, сүмбіл, сұлу болсын деп не қатықпен, не ірімшіктің сары суымен мезгіл-мезгіл жуғызып, ең әуелі өз басын қадірлеуді үйретеді. Аналар өз қыздарына киім киісі, төңірегіне деген көзқарасы, кісіні жатсынбауы, кең пейілділігі, мейірімді жүзі арқылы ықпал еткен.

Жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдермен қатар бүгінгі таңда отбасы мүшелерінің өздерінің қуанышы мен қайғыларын ортаға салып бөлісудің, өмірде кездесетін түрлі саяси, әлеуметтік мәселелерді, жаңа көркем фильмдерді, кітаптарды бірлесе отырып талдаудың, сүйікті әндерін орындап отырудың мәні зор.

Отбасы тәрбиесінде балаларды таза, дені сау етіп өсіру, алысқа жібермей үйде тәрбиелеу, жақсы әдеп пен тәрбиеге үйрету, жақсы мінез-құлық қалыптастыру, ұл мен

қызға білім үйрету, балаларды еңбекке баулу, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу, оларды қанағатшыл болуға үйрету, әділдік қасиеттерді бойына сіңіру, уақыты келгенде қызды тұрмысқа беру мен ұлды үйлендіру бәрі де осы әдістер негізінде іске асырылып жатқан.

Бұдан біз, шығыс халықтарының отбасы тәрбиесінде үлгі-өнеге көрсету, сұхбат, жаттығу, машықтану, орта шаманы табу, түзету, мадақтау, жазалау және т.б. әдістердің тәрбиеде қолданылғандығын байқауымызға болады.

Сонымен қатар, отбасы жағдайында қолданылып келе жатқан кейбір әдістердің тәрбие ісінде оң нәтиже бермейтінін байқауға болады. Мысалы, кейбір ата-ана баласының әр бір әрекетін жақтырмай оған өте жоғары талаптар қояды. Баласына қажетті дәрежеде жан жылуын бере алмай, сәл ғана жіберген қателіктері үшін жазалауға дайын тұрады. Мұндай жағдайда өскен балалар өздеріне сенімсіз, қорқақ, өздерін қорғай алмайтын ынжық болып өседі.

Кейбір ата-аналар балаларының барлық талап тілектерін орындауға дайын тұрады. Олардың айтқандарын екі етпей, шектен тыс еркелетіп өсіреді. Мұндай жағдайда өскен балада өз дегенін ғана жасату, менменділік, қой дегенді түсінбейтін бірбеткейлік, жауапсыздық, қанағатсыздық сияқты жағымсыз қасиеттер пайда болады.

Сондай-ақ баланы шамадан тыс өбектеу де оң нәтиже бермейді. Баланың өзбетінділігі мен белсенділігі басылып, мүмкіндіктері дамымайды. Ондай балалар өмірге бейімсіз, әлжуаз, өзбетінше шешім қабылдауға қабілетсіз болып өседі. Себебі ол ата-анасының өзі үшін бәрін жасап беретініне сенеді.

Кей жағдайда ата-ана өзінің баласының әлеуметтенуіне, өмірде ненің жақсы ненің жаман екенін ажыратуына мүлде көңіл бөлмейді. Бала өз бетінше өмір сүреді. Ал, кейде, баласының мүмкіндіктерін ескермей, оған өте жоғары моральдық талаптар қояды. Олардың ойынша бала ата-анасының үмітін ақтауы тиіс. Сондай-ақ дене жазасын пайдалану да орын алады. Мұндай әдістер бала-

ның жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, оның бойында әлеуметтене алмау, басқа адамдармен тіл табыса білмеу, қатігездік сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, әр отбасы тәрбие әдістерін таңдап алуға жете мән беруі керек. Себебі баланың қандай болып өсуі көбіне отбасына байланысты.

Қазақ отбасы тәрбиесінің құралдары дегенде халық ауыз әдебиетін: шешендік сөздерді, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді, ертегі, аңыз-әңгімелерді, айтыс, шежіре, сондай-ақ ұлттық ойындарды, ойын-сауықтарды айтамыз.

Халық ауыз әдебиеті шығармалары ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылық ретінде баланың қиялын тербеп, сезімін оятады, ұлттық дербестігін ұғынуға көмектеседі. Бұған қазақтың зиялы қауымы Шоқан мен Абайдың және басқа да ірі тұлғалардың бәрі халық ауыз әдебиетінен сусындап өскенін дәлел ретінде көрсете аламыз. Мысалы, Шоқан он жасына дейін өзінің туған ауылында әжесі Айғаным мен әкесі аға сұлтан Шыңғыстың тәрбиесінде өседі. Уәли, Шыңғыс ауылдары қазақтың ақын-әнші, сал-сері, өлеңші-жыршы, бақсы-балгер, құсбегі-саяткер сияқты өнер қуған қауымның жиі жиналып, сөз сайысына түсетін өнер ортасы болған. Орынбай, Жанак, Шөже, Нысанбай сияқты

атақты айтыс ақындары Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай сияқты жезтаңдай әнші-ақындар Тәттімбет, Тоқа, Қанғожа сияқты күйші-композиторлар Абылай тұқымының маңына үйіріліп, өз өнерлерін дүйім жұртқа жайған. Міне, осындай той-думан, өлең-жыр, аңыз-ертегі, айтыс өнерінің ортасында өскен Шоқанның дүниетанымы кеңейіп, ұлы тұлға болып қалыптасты.

Қазіргі кезде балаларды халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырудың басқа да жолдары дамып отыр. Бұл тұста радио, теледидардан берілетін хабарлардың мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланған жөн. Мысалы, «Тыңда балам, ертегі» айдарымен ұсынылатын әжелердің ертегілерін тыңдату, «Балапан», «Еркетай», «Толағай», «Сөз мерген», «Сөнбес сәуле», «Сегіз қырлы», «Жүзден жүйрік», «Жан жылуы», және т.б. бағдарламаларын бірлесе тамашалаудың мәні зор.

Қазақ халқының басты тәрбие құралдарының бірі – дастарқан басында айтылатын әр түрлі тәрбиелік мәндегі әңгімелер, өмірден алынған мысалдар. Бұлар балаларды отбасының рухани және тарихи өмірімен таныстырып, тәрбиелейді.

Жоғарыда аталған тәрбие құралдарының бәрінің мәні өте зор. Халқымыз оларды баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұтымды пайдалана білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. – М., 1990.
- 2 Педагогикалық ойлар анталогиясы. – Т. 1 /Құрастырған Қ.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев. – Алматы, 1995.
- 3 Қоянбаев Ж.Б. Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
- 4 Бегалиев Т.Б. Педагогика. Лекциялар курсы. – Тараз, 2002.
- 5 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: «Қайнар», 1996.
- 6 Сүлейменов, П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы, 2011.

ӘОЖ 372.4

М.О.Өрісбаева

Бастауыш сынып мұғалімі

*«Қарашілік орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН ДАРЫНДЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезең. Сондықтан да баланы басынан бақылап, дұрыс білім беру керек. Бұл мақалада, 1-сынып жетекшісі өз сынып оқушыларының қабілеттерін, дарындылықтарын эксперимент жасап анықтаған. Мұғалімнің өзіндік көзқарасы жазылған.

Түйін сөздер: *оқушы, қабілет, дарынды, бастауыш сынып, мектеп*

Начальная школа – особо значимое, неповторимое время, в котором интенсивно развивается личность и качество учащегося. Поэтому, необходимо изначально следить и давать правильное знание. В этой статье классный руководитель 1-го класса определил способности, одаренности своих учеников по эксперименту. Написано о собственном взгляде учителя.

Ключевые слова: *ученик, способность, одаренный, начальный класс, школа*

Primary school – especially significant, unique time in which rapidly developing personality and quality of the student. Therefore, it is necessary initially to monitor and provide the right knowledge. In this article, the form-master of 1st form defined abilities, giftedness of their students on the experiment. Written about own view of teacher.

Keywords: *pupil, ability, gifted, grade school, school*

Республикамыздың егемендікке қол жеткізіп, өзінше дербес мемлекет болуына байланысты қоғамның мектеп алдына қойып жатқан талап-тілектері түбірінен өзгерді. Бұл өзгеріс мектепке барынша прогрессивті оқыту әдістерін ендіруді талап етеді.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектісін байыту» делінген. Сондықтан бүгінгі таңда әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, білімді азамат етіп тәрбиелеу біздің парызымыз.

Жас ұрпақ – ел тірегі, ертеңіміздің кепілі. Президенттің халыққа жолдауында да айтылғандай, мектеп оқушыларын отансүйгіштікке, шығармашылыққа, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, саналы білім

бере отырып, тәрбиелей отырып, қазіргі өмір талабына сай адам етіп шығару көзделген.

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезең.

В.А.Сухомлинскийдің айтуы бойынша «бала өз күшіне деген сенімін ешқашан да жоғалтпауы, өзінің қолынан еш нәрсе келмейтінін сезінбейтін болуы – тәрбиешінің педогогтық көрегендігі болып табылады. Әрбір жұмыс оқушы үшін аз да болса алға қарай ілгерілеу болуы қажет» десе, «Баланың білместігін құрметтей біліңдер!» - деген поляк педагогы Янум Коргактың осынау сөздерінің мұғалім үшін маңызы зор.

К.Д.Ушинский оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың қызығушылығын арттырып, білімге құштарлығын арттырып қана сапалы білімге қол жеткізуге болады. Ешбір

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

қызығусыз, тек зорлықпен берілген білім, жүргізілген оқу, керісінше, оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды.

Неміс педогогы И.Ф.Гебарт өзінің оқыту теориясының негізіне әр саладағы қызығушылықты алған. Адам бойындағы қызығушылықтар қоршаған дүниені танып білуге немесе қоғамдық өмірге араласуға байланысты болады. Сондықтан әр мұғалім өз білімін жан – жақты жетілдіре отырып, өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін, өнерін, білімін көрсете, үлгі ете отырып, оқушыларды тарта, қызықтыра отырып оқытып, тәрбиелеуі қажет.

Мен оқушыларымды 1 класқа қабылдағанда қай баланың қандай екендігін бақылап, ата-анасымен сөйлесіп, әр оқушыға жеке дәптер арнадым. Дәптерге төмендегідей беттер арналып толтырылады:

- 1 *Аты – жөні, туған жылы, айы, күні*
- 2 *Мінез – құлқы*
- 3 *Көпшілік ортада өзін ұстауы*
- 4 *Қызығушылығы*
- 5 *Қабілеті*
- 6 *Дарындылығы*

(I кластан бастап (II ж.ж.) зертеу жұмыстарын жүргізіп, осы дәптерге түсіріп отырдым)

I. Бақылау, зертеу, анықтау қортындысы.

I класс

Оқушыларды қабілеттеріне қарай топқа бөлу.

1. Математикаға қабілетті	2. Тіл сабағына қабілетті	3.Өнерге қабілетті (ән, би, сурет, қол өнер)
Айым	Айым	Айым
Адай	Алмас	Алмас
Нұрдос	Шырын	Айнұр
Айсара	Гүлзат	Шырын
Назерке	Нұрдос	Гүлзат
Ділнұр	Айдана	Нұрдос
Шырын	Айнұр	Заңғар
Еркеғали	Назерке	Нұралы
	Серікбол	
	Айсара	
	Ділнұр	

I. Ерекше қабілеттілер тобына жататындар:

1. Айым 2. Шырын 3. Нұрдос

II.Қабілеттілер тобына жататындар:

- 1.Айнұр 2. Назерке 3. Айсара 4 Ділнұр 5. Гүлзат 6. Алмас

III. Оқушыларды білім деңгейлеріне қарай топқа бөлу:

A топ: Өз беттерімен жұмыс жасайтындар.

1. Айым 2. Шырын 3. Нұрдос

B топ: Аздап көмек қажет ететіндер.

1. Айнұр, 2. Адай, 3. Айсара, 4.Назерке, 5. Ділнұр, 6. Гүлзат, 7.Алмас, 8. Айдана, 9. Серікбол, 9. Еркеғали.

C топ: Мұғалімнің басшылығымен жеке жұмыс жүргізуді қажет ететіндер

- 1.Олжас 2. Айдар 3. Заңғар 4. Нұралы

IV. Өзара көмек топтарын құру.

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

	I топ		II топ
1	Айым – топ басшысы	1	Шырын– топ басшысы
2	Адай	2	Ділнұр
3	Айдана	3	Гүлзат
4	Айсара	4	Заңғар
5	Олжас		
	III топ		IV топ
1	Нұрдос – топ басшысы	1	Айнұр– топ басшысы
2	Серікбол	2	Нұралы
3	Айдар	3	Алмас
4	Назерке	4	Еркеғали

Дарындылық қасиет.

Бір адамның бойынан табылатын ерекше қасиеттер:

1. Ақыл – ой деңгейінің жоғары болуы
2. Өнер саласындағы шығармашылық
3. Жоғары мативация, табандылық
4. Нақты іс әрекетте байқалатын ерекшелік
5. Шығармашылық қасиет
6. Практикалық
7. Теориялық
8. Ойын
9. Спорт
- 10 Комуникативтік
- 11 Рухани құндылық

Дарындылық

I. Қалыптасу дәрежесі бойынша

1. Өзекті (пәндік)
2. Әлеуметті (жоғары көрсеткіш).

II. Айқындалу өлшемі бойынша

- | | |
|------------|------------|
| 1. айқын | 2. жасырын |
| дарындылық | дарындылық |

III. Көріну деңгейі бойынша

1. жалпы дарындылық (ақыл – ой)
2. арнайы дарындылық (өнер сала)

IV. Жас ерекшеліктері бойынша

- 1.ерте байқалатын дарындылық(вундеркинд)
2. кеш байқалатын дарындылық

Дарындылық модель

I. Шығармашылық қабілет: шығармашылық шеберлік, шығармашылық дәлелдік.

II. Физиологиялық интеллектуалдық модель:

отбасы, мектеп.

III. Мультифакторлық модель: қоршаған орта.

IV. Көп факторлық модель: қоршаған орта.

Дарынды баланы анықтау

1.Баланың мінез-құлқын, іс-әрекетін кешенді бағалау, оған әр түрлі ақпарат көздерін пайдалану, оның қабілетін кеңірек бағалауға мүмкіндік беру.

2. Даму, өзгеру барысында дарындылықты айқындау тәсілін қолдану: болжау – зеттеу, ұзақ – зерттеу.

3.Болжамдық тәсіл: баланың жалпы және психологиялық даму деңгейін, жалпы және арнайы қабілеттің дамуын, оның дарындылық деңгейін анықтап қана қоймай, баланың оқуын, дамуын болжамдау.

4.Баланың мінез-құлқын, оның бейімділігін, қызығушылығын анықтау

5.Әр пән бойынша қызығушылығын анықтау

6.Психологиялық диагностика: іс-әрекетін талдау, бақылау, әңгімелесу, ата – аналарымен пікірлесу, эксперимент.

7.Тест алу.

8.Мектеп бағдарламасынан тыс қосымша оқу материалын табу, таңдай білу.

9.Дарынды оқушылар үшін шығармашылық, зертханалық жұмыстар мен тапсырмаларды таба білу.

10.Жаңа білім беру технологиясын пайдалану.

11.Дарынды балалардың нақты ерекше қабілеттеріне қарай жеке бағдарлама жасай білу.

1.Білімін нақты бағалай білу.

2.Ата – анасына әдістемелік көмек беру.

Р.Ж.Базарбекова

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің МжДИ

оқытушысы, п.ғ.к.

МЕКТЕПТЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАЛАРЫ

Бұл мақалада мектепте оқу үдерісінде тәрбие жұмысын тренинг түрінде ұйымдастырудың формалары ұсынылып отыр. Тәрбие жұмысын тренинг түрінде ұйымдастыру оқушылардың арасында жиі кездесетін психологиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі. Тренингтер, ойын түріндегі сайыстар оқушыларға бірлескен таным процесіне белсенді араласуға, өзара түсіністікке, проблемаларды бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: *тәрбие, тренинг, шоу-технология, қызмет, мазмұн, жоспар.*

В этой статье предложены формы организации воспитательных работ в виде тренингов в учебном процессе школы. Организация воспитательных работ в виде тренингов помогает преодолевать психологические препятствия, которые часто встречаются среди учеников. Тренинги, конкурсы в виде игр дают возможности ученикам активно участвовать в познавательном процессе, взаимопониманию, совместному решению проблем.

Ключевые слова: *воспитание, тренинг, шоу – технология, служба, содержание, план.*

In this article are presented forms of organization of upbringing work as trainings in the educational process of the school. The organization of upbringing work as trainings helps to get over psychological barriers which are often met among the schoolchildren. Trainings, game competitions give possibility children to active participate in the cognitive process, to decide collective problems.

Keywords: *education, training, show-Technology Service (activities), the contents of the plan.*

Тәрбие – күрделі әрі ұзақ үдеріс. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін белгілі бір дәрежеде білім, тәжірибе, шеберлік қажет. Сондықтан да, тәрбие жұмысын шығармашылық жұмыстарының жемісі деп қарауымыз қажет.

Тәрбие үрдісін ұйымдастыру формаларының негізгі қызметін ұйымдастырушылық, реттеушілік, ақпараттық деп қарастыруға болады.

Ұйымдастырушылық қызметі: Кез келген тәрбие жұмысы белгілі бір міндетті шешуге құрылады. Ұйымдастырушы рөлінде мұғалім немесе оқушы болуы мүмкін.

Реттеушілік қызметі: Тәрбие жұмысының қандай түрі болмасын мұғалім мен оқушы арасындағы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты реттеуге көмектеседі. Тәрбие жұмысы балалардың әлеуметтенуіне көмектеседі.

Ақпараттық қызметі: Тәрбие жұмысының жаңа формалары арқылы оқушыға бір жақты ақпарат беріліп қана қоймайды, олардың өзіндегі бар білім жаңартылып, өз бетінше ізденуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беріледі.

Ұжымда белгілі бір жағдайға байланысты тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылатыны белгілі. Оған өнер шығармаларымен танысу, жол ережесімен танысу, белгілі біртақырыпта лекция оқу, қауіпсіздік шараларымен танысу, белгілі бір мамандармен кездесу, серуенге шығу т.б. жатады. Ойын түрлеріне рөлдік ойын, іскерлік ойын (оқу ойындары, өндірістік ойындар, зерттеу ойындары) жатады.

Қазіргі замандағы өзгерістерге сәйкес тәрбие үдерісін мынадай тренингтік формада ұйымдастыруға болады:

1. Ұжым болып жоспар құру
2. Сиқырлы орындық
3. Пікірлер парағы
4. «Өз ойының» («Своя игра»)
5. Таланттылар аукционы
6. Шоу-технология (мысалы: Аспаздық шоу)
7. Көңілді конкурс
8. Тренинг

«Ұжым болып жоспар құру». Ұжымдық жоспарды құру оқу жылының аяғында жүргізіледі. Бір апта бұрын мектептің немесе сыныптың тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған «ең озық жоспар конкурсы» өтетіні туралы жариялайды. Конкурс нақты қай күні болатыны белгіленеді. Балалар шағын топтарға бөлінеді. Олар өткен жылғы жүргізілген іс-шараларды талдайды. Қайсысы жақсы ұйымдастырылды, қандай кемшіліктер болғаны айтылады. Шағын топтан оқушылар шығып, өздерінің ұсыныстарын айтады.

«Сиқырлы орындық». Бұл тәсіл оқушылардың бірін-бірі жақсы түсінісуіне, өзіне деген сенімін арттыруға, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Көбінесе 8,9 және 10 сынып оқушыларымен бірге жүргізіледі. Ортаға орындыққа бір оқушы отырады, қалғандары сол оқушының жағымды жақтарын айтады. Сосын оқушымен кері байланыс, рефлексия жүргізіледі.

«Көңілді конкурстар». Көңілді конкурс ретінде әртүрлі қызықты тақырыптар алуға болады. Мысалы кеңсе (канцелярлық) заттарын, сіріңкені, қағазды алып түрлі қызықты ойын түріндегі жарыстарды ұйымдастыруға болады.

Бастауыш сынып оқушылары арасында кеңсе (канцелярлық) заттарынан мынадай конкурс түрлерін ұйымдастыруға болады: «Скрепкадан ең ұзын шынжыр жаса», «Кнопкамен сурет сал», «Ручканы құрастыр», «Жылдам өшіргіш», «Степлер-чемпион», «Ең ұзын спираль карандаш». Немесе тұрмыстық заттарды пайдаланып, жарыстар жүргізуге болады. Мысалы, балаларға мынадай қызықты, балаларды ойландыратын тапсырма беріледі: 13 тал сіріңкеден 1 метр құрастырыңыз.



«Өз ойының» («Своя игра») Ойынға 3 команда қатысады. Топ басшысы сұрақты оқығаннан кейін кім бірінші қол көтереді, сол жауап береді.

Әрбір сұрақ белгілі бір баллға сәйкес келеді – 10, 20, 30. Дұрыс жауап берсе, сол балл командаға беріледі. Дұрыс жауап бермесе балл алынып тастайды. Оқушылар бұл ойынды жеке ойнауына және топпен ойнауға болады. Егер «Адам және оның денсаулығы» тақырыбын алатын болсақ, көк раундтағы тақырыптарды былайша алуға болады: «Жеке гигиена», «Дене шынықтыру», «Тамақтану», «Сұлу сымбат», «Таза тістер».

Қызыл раунд тақырыптары: «Темекіні таста!», «Жүректі сақтаңдар», «Алкоголь – у!», «Наркотик – «ақ өлім», «Дені сау адам және қоғам».

«Пікір парақтары». Алдын-ала аяқталмаған бір ой (фраза) карточкаға жазылады да, қатысушылар сол жазылған фразаға қатысты өз ойын, пікірін айтады. Бұл пікір парақтарында мектептің өзекті мәселелері талданады, өмір туралы, бақыт, ар-ұят жайлы философиялық сұрақтар талданады. Ең басты шарт әрбір оқушының пікірі біз үшін «құнды», маңызды «дұрыс – дұрыс емес» деп баға беруге болмайды.

Мұғалім пікірлер парағы ойынын ата-аналармен де жүргізе алады. Ата-аналарға баланың үй тапсырмасын орындау мәселесі бойынша бір сөйлем жазылған карточка таратылып беріледі. Ата-аналар оны ары қарай өз пікірі, көзқарасымен жалғастырады. Мысалы, мектептегі тәрбие ісін ұйымдастырушыларға, сынып жетекшілеріне мынадай карточкалар беруге болады:

- Біздің мектептегі (сыныптағы) тәрбие жұмысы...

- Мектепте (сыныпта) тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тұлға тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген жөн...

- Біздің мектепте (сыныпта) тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиыншылықтар бар...

- Егер оқушылар...
- Ис-шараларға дайындық кезінде...
- Тапсырылған жұмысты орындамаса...
- Мектепте (сыныпта) тәрбие жұмысы былтырдан бері...
- Тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы менің ұсынысым...

«Аспаздық шоу». Аспаздық шоуы оқушылардың ата-аналарымен бірге ұйымдастыруға болады. Адам ағзасына қажетті жемістерден және көкөністерден тамақ әзірлеуден конкурс ұйымдастырылады. Олар өздерінің жасаған тамақтарын жарнамалап, қорғап шығуы тиіс. Аспаздық тақырыбында ән айтып, «Аспаздық эрудит» деп аталатын викториналық сұрақтарға жауап береді.

«Көңілді сабақтар мектебі» деп аталатын шоуы 5-7-сыныптар арасында ұйымдастыруға болады. Мұнда әр түрлі пәннен қызықты сұрақтар, тапсырмалар беріледі.

«Таланттылар аукцион». Аукционға бағалы, құнды заттар қойылады. Балалар аукционға қойылған затты өздерінің (өлең оқиды, билейді, пантомимо көрсетеді, құлағын қимылдатады т.б.) қолынан келген өнерін көрсетіп сатып алуы керек. Жеке оқушы сатып алуына да болады немесе бір топ болып өнер көрсетіп сатып алуына болады. Әділқазылар алқасы тағайындалады.

Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ерекше формасы – тренинг. Тренингтің жаңа дағдыларға үйрету, іскерлік қатынасты үйрету, көшбасшылық (лидерлік) т.б. жеке дағдыларды қалыптастыру, видеотренинг деген бірнеше түрлері бар.

Тренинг мақсаты: Үйлесімді қарым-қатынас жасай алуға, өзін және өзгелерді түсінуге, өзін басқара алуға, өзін тануға үйренуге мүмкіндік жасау. Бұл жаттығуда оқушылар әрқайсысы өзінің қарым-қатынас жасау деңгейі қаншалықты екенін түсінеді, оған өз пікірін айтып, баға беруге үйренеді. Тренингке қатысушылар алдын-ала оны жүргізу шарттарын өзара келісіп алады: біріншіден, бағалау кезінде оқушының жеке басы бағаланбайды, оның әрекетінің нәтижесі мен қарым-қатынас жасау тәсілі бағаланады, мыса-

лы, қарапайымдылық, мейірімділік, бір-бірінің пікірін тыңдау, «сенікі дұрыс емес» деп кесіп айтпау, бір-біріне сенім білдіру, екіншіден, әрбір қатысушы өзінің тренингтен алған әсерін сынып жетекшісіне (тренинг ұйымдастырушыға) айтуы керек.

1. «Интервью». Әрбір оқушы өзінің қалаған адамынан кезекпен интервью алады. Оған мысалыға, мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін.

- Өлең оқығанды жақсы көресің бе?
- Қандай тағамды жақсы көресің?
- Түс көргенді ұнатасың ба?
- Егер саған киноға түсуге ұсыныс жасаса, кімнің рөлін ойнар едің?
- Жақсы көріп, айналысатын ісің бар ма (хобби)?
- Қандай есім саған ұнайды?
- Неден қатты қорқасың?
- Адамдардың қандай қасиеті ұнайды? Немесе қандай адамдарды ұнатасың? т.б. 6-8 сұрақ қойылады.

Алғашқы кезде оқушылар қаншалықты шынайы болу керек екенін анықтап алады. Сұрақтарға шынайы түрде, ашық жауап беруге болады немесе «маска» киіп, өзі емес, басқа біреудің атынан жауап беремін деп анықтап алуы керек. Бұл әсіресе жасөспірімдердің арасында жиі кездесетін психологиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі.

2. «Мимика және жест» (ым мен ишара)

1) Топтағы оқушылар жұп болып бөлінеді. Жұптағы бір оқушыға тапсырма жазылған хат беріледі. Мысалы, «үстелді бұрышқа апарып қой», «терезені ашып, ауа райын айт» деген қарапайым тапсырмалар беріледі.

Ол хатты қасындағы досына, құрбысына ыммен түсіндіреді. Ал досы немесе құрбысы сол ым бойынша түсінгенін барлық оқушының алдында орындайды. Сосын хаттағы жазылған тапсырма мен оның орындалуы салыстырылады.

2) Топ екіге бөлінеді. Қарама-қарсы кетіп бара жатқан екі автобустың жүргіншілері болып ойнайды. Екі автобус қарама-қарсы бағытта кетіп бара жатып, тоқтаған кезде автобус ішінен телефонмен хабарласа алмай

жүрген өзіне таныс досын немесе құрбысын көріп қалады. Автобус ішінде 1-2 минут ішінде олар бір-біріне алдағы кездесетін уақытты, қалай кездесетінін мимикамен айтып үлгеруі керек. Талдау кезінде оқушылар кім бір-бірін қалай түсінгенін және сөзсіз, ым-ишарамен түсіндіруде қандай қиындыққа кездескенін айтады.

3. «Көріпкел» ойыны – байқағыштыққа үйрету ойыны. Оны былайша жүргізуге болады: а) Бір оқушы аудиторияға теріс қарап отырады. Отырғандардың ішінен бір оқушыны сипаттап айтып береді: костюм түсі, шашы, аяқ киімі т.б. б) Бір оқушы ортаға шығарады. Отырғандар соңғы жарты сағаттағы оның мінез құлқын, сөйлеген сөзін, көңіл-күйін айтып береді.

4. «Диалог» ойыны. Бұл ойын жаттығуы өз пікірін айтып және басқаларды да тыңдап үйренуге арналған. Мысалы, екі оқушы ортаға шығады. Бір тақырып туралы (мысалы түрік фильмі туралы, немесе телехабар туралы, компьютердің жаңа түрін шығару туралы т.б.) пікірі тыңдалады. Бір оқушы бір көзқарасты, пікірді айтады, екіншісі соның сөзін тура, дәл солай қайталап айтады да, өз пікірін қосады. Біріншісі де жаңағы екінші оқушының айтқанын қайталайды да, өзінің ойын айтады. Мұндай диалог 3-4 минут жүргізуге болады. Жаттығуды талдау кезінде қайталап айтқан кездегі жіберілген қателіктерді айтады. Бұл жаттығуды мүмкіндігінше барлық қатысушылар жасаған жөн. Осы жаттығуды қайталап жийі жасайтын болса, оқушылар біртіндеп өздерінің сөйлеу мәнері өзгере бастағанын аңғарады.

5. «Топтық пікірталас». Талдауға арналған тақырып таңдап алынады. Тақырыпты оқушылар өздері таңдайды немесе мұғалім өзі анықтайды. Мынадай тақырыптар беруге болады: «Достық дегеніміз не?», «Немқұрайлылық дегенді қалай түсінесің?», «Адамдармен үйлесімді қарым-қатынасты қалай жасауға болады?» нақты бір ситуациялық жағдай талдауға беріледі.

Бірінші кезекте қарым-қатынас жасау үшін қажетті сапалардың тізімі жазылады. Тізімді жазар кезде көз алдына тез тіл табысқыш адамды көз алдына елестете отырып жазған жеңілдірек. Тізімді алдымен жеке оқушы жазады, сосын екі оқушы бірігіп бір-біріне оқып беріп, ортақ тізім жасайды, одан кейін төрт оқушы жазғанын біріктіріп, жаңа тізім жасайды.

Екінші кезеңде пікірталас жүргізіледі. Топ ішінде кез келген оқушы өз көзқарасын дәлелдеп айтады. Тақтаға барлық топтардан шыққан ортақ тізім жазылады. Бұл кезеңде әрбір оқушы өзінің көзқарасын айтуға құқылы. Үшінші кезеңде оқушылар арасында сәтті, ұтымды, үйлесімді қарым-қатынасқа қажетті сапалардың ортақ тізімі тақтаға жазылады, оқушыларға да таратылып беріледі. Әрбір оқушы 10 балл көлемінде өзін бағалайды.

Тренинг соңында әрқайсысына бүгінгі жүргізілген жаттығулар, тапсырмалар туралы ойын жазуға тапсырма беріледі. Қай кезде көңілсіз отырды, қай ойын қызық болды, ол ойын барында қандай ойлар келді т.б. кері байланыс жүргізіледі.

«Адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасау үшін ең бастысы не керек?»	Өзіндік баға
Тыңдай білу	
Сендіре білу	
Интуиция	
Бақылағыштық	
Шынайылық	
Жігерлілік	
Ашықтық	

6. Рөлдік ойындар. Тренингтік жұмыста ең басты элементтің бірі – ойын. Соның бірі «Контакт» жаттығуы. Бұл ойынның ерекшелігі сонда, оқушы әр түрлі рөлге еніп, адамдармен қарым-қатынас жасауға жаттығады. Қарым-қатынасқа түсіп, басқалармен тез тіл табысатын

адам кез келген ортада өзін еркін сезіне алады. Топ шеңбер құрып, «алтыбақанда» отырған тәрізді бір-біріне қарама-қарсы отырады, олар екі дөңгелек құрып отырады. Ішкі жағында отырғандар бір-біріне арқасын беріп отырады. Орын ауыстырмайды, қозғалмайды. Ал сыртқы шеңбердегілер оларға қарап отырады да, мұғалім немесе тренинг жүргізушінің берген нұсқауы бойынша келесі орындыққа көшіп отырады. Сөйлесу, амандасу уақыты 1 минут. Берілген белгі бойынша әңгімені аяқтайды. Мұғалім оқушыға әр орындыққа отырғанда әр түрлі рөлді ұсынады.

Мысалға берілетін рөл, ситуациялар төмендегідей:

1. Сіздің алдыңызда көптен бері көрмеген адамыңыз отыр, сіз осы кездесуге қуанып отырсыз.

2. Сіздің алдыңызда кішкентай бала, бір нәрседен қорқып жылағалы тұр. Сіз жанына барып, оны жұбатуыңыз керек.

3. Автобуста сіз қатты шайқатылып кеттіңіз. Жаныңызға қарап қалып едіңіз, бір толық адам тұр екен. Сіздің әрекетіңіз.

4. Бұл адамды сіз бірінші рет көріп отырсыз. Сіздің онымен танысқыңыз келеді. Біраз ойланып отырып, сіз онымен сөйлесе бастайсыз.

5. Метрода атақты актер сіздің қасыңызға келіп отырды. Сіз оны өте жақсы көресіз, онымен, әрине, сөйлескіңіз келеді. Сіздің әрекетіңіз.

Актердің рөлін шеңбердің ішінде отырғандар ойнайды. Оқушының әңгімені қалай бастағанынан ғана емес, ол оны қалай аяқтайды, соған да көңіл бөлінеді. Ойын соңында кімдермен қарым-қатынасқа түсу оңай болды, кіммен сөйлесе алмады, жаңа тапсырма алғанда нені айтуға қиналды т.б. талданады.

Мұндай жаттығулар қатысушылардың қатысымдық тәжірибесін кеңейтеді, екінші жағынан уақыттың шектеулі болуы маңызды мәселелерді айтуға үйренеді. Үшіншіден оқушылардың арасындағы өзара қарым-қатынасында белгілі бір психологиялық кедергілерді жеңуге көмектеседі.

Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасы «Шоу – технология» .

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырудың қазіргі кездегі тиімді технологиясы ретінде «шоу технология» деген термин қолданылып жүр.

Бұл технологияға «Бақытты сәт», «Жұлдызды сағат», «КВН», «Таланттылар конкурсы» т.б. іс-шаралар жағады. Бұл іс-шаралар бұрын да болған, бірақ қазіргі кезде заман талабына қарай ұйымдастыру формалары өзгерген. Шоу технологияның өзіндік ерекшеліктері мыналар:

1) Қатысушылар екіге бөлінеді: қойылымға қатысушылар (сахна) және көрермендер (зал) қатысады.

2) Сахнадағы қойылым жарыс түрінде болады.

3) Ұйымдастырушылардың алдын-ала дайындаған сценарийі бойынша жүргізіледі.

Шоу технологияның мерекелік күндері қойылатын концерттен ерекшелігі де осында. Құрылымы үш блоктан тұрады: дайындық – жүзеге асыру – қорытындысын шығару.

Іс-шараны өткізуге дайындау:

- қатысушыларды жинау, міндетін түсіндіру, шоууды жүргізу формасын анықтау, команда құру, үй тапсырмасы

- бағдарламаны дайындау

- өткізілетін орынды, қатысушы қонақтар мен жюри орындарын әзірлеу;

- бағалау критерийлерін анықтау

- сахнаны, залдың ішін безендіру

- қорытындысын шығару, кері байланыс жүргізу.



ӘОЖ 658. 512. 23

К.И.Құдабаева, Н.Н.Абрахманова

Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университет, Алматы қ.

ДИЗАЙН МАМАНДЫҒЫНАН БІЛІМ БЕРУДЕ ИНЖЕНЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада тұлғаны инновациялық технологиялар арқылы шығармашылық ойлауға тәрбиелеу қарастырылған. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен құзіреттілігі техникалық эстетикаға тәуелді. Студентке қазіргі технологияларды меңгеру үшін жан-жақты болу керек. Астрологияның, физиканың, биологияның, химияның заңдарымен шындала түсу керек.

Түйін сөздер: өнер, композиция, технология, түстер, білім, магнетизм, психофизиология, сәулет, т.б.

В данной статье рассматривается воспитание личности к творческому мышлению с помощью инновационных технологии. Образованность и компетентность будущего поколения зависит от технической эстетики. Чтобы освоить современные технологии студенту необходимо быть разносторонним. Быть подкованным законами астрологии, физики, биологии, химии, и.т.д

Ключевые слова: искусство, композиция, технология, цвета, знание, магнетизм, психофизиология, архитектура, т.д.

This article discusses the upbringing of identity to creative thinking through innovative technologies. Education and competence of future generations depends on the technical aesthetics. To master the modern technology students need to be versatile. Be grounded laws of astrology, physics, biology, chemistry, etc.

Keywords: art, composition, technique, colors, knowledge, magnetism, psychophysiology, architecture, etc.

Бүгінгі таңда сәулет өнерін құрылымдау үдерісі бірнеше факторлаға байланысты. Оларға элеуметтік, функционалдық, техникалық, эстетикалық, психофизиологиялық және уақыт пен ауарайы мен да басқа құбылыстардағы факторлар ықпалы етеді. Бұндай факторлар қоғамда қалыптасқан адам санасының шығармашылық үрдісіндегі, сонымен қатар психологиялық және психофизиологиялық тұрғыдағы деңгейде сәулет өнерінің қабылдаудына ықпал етеді. Бүгінгі таңда сәулет өнерін түсте құрылымдаудың екі тенденциясы бар. Оған сәулет және пластикалық өнердегі коллористика жатады. Ертеден тұстану теориясы сәлет композициясының көркем-мәнерлеу құралы болып танылған. Тұстану-түстер туралы ғылым. Ол бірнеше философия, психология, физика,

физиология, эстетика, өнер тарихының тарихы мен теориясын түстер табиғатын зерттейтін тағы басқа ғылымдарды өз ара байланысынан тұрады.

Коллорит (түс пен дақ) дамыған елдердің құрылыс ғимараттары мен үйлерінің пішінін, функционалды-құрылымдық жақтарын айқындауда тәсіл ретінде қолданған. Ертедегі құрылыстарға сәулетшілер түс пен дақ арқылы жеңілдік пен монументтік, тұтастық пен сымбаттылықты үйлесімді қолдана білген.

Түстер композициясы – түстер дағының жазықтықта, кеңістікте белгілі бір заңдылықта эстетикалық қабылдануына бағытталған құрылымы. Түстер композициясының төрт тобы бар. Монохромдық, құрылыстардың келбеті негізгі немесе соған жақын туыстас түстерден құрылымдалуы. Полярлық, екі

карама-қарсы түстерден құрылыстардың келбетінің құрылымдалуы. Үш түсті, құрылыстардың келбеті үш түстің өз ара арақашықтықта немесе гармониялық байланыста құрылымдалуы [1].

Құрылыстардың келбеті бірнеше түстердің гармониялық байланысында құрылымдалады. Монохроматикалық композицияда құрылыстардың келбеті бір түске (ашықтан қаныққа дейін) бағындырылады. Қандай да құрылыстың түстік композициясын бір ғана түске немесе түстер ауысуымен шешіп қоюға болмайды. Кей жағдайда жазықтықты не көзге бірден түсіруде, не кеңейту, не алыстату, не жақындату арқылы әсерлеу керек болады, сонда түстердің күшін қолдану керек. Жабық кеңістікті түстермен әрлеуде суық және жылы коллерді қолдануға болады. Жабық кеңістікті түстермен әрлеуде күн көп түсетін бөлмеге суық коллерді қолдануға болады. Жабық кеңістікті түстермен әрлеуде күн аз түсетін бөлмеге жылы коллерді қолдануға болады. Бірақта түстердің психофизиологиялық әсерін ескеру керек. Демалыс, қонақ күту, ас даярлау тағы басқа функционалдық жақтарды ескеру қажет. Құрылыс мекемелерінде түстер композициясын пайдалануда, оның экстерьері мен интерьері және алаңдарын тұтастық заңдылық негізінде дизайн формада, дизайн материалдарда және дизайн декорда орындалуын көздеу керек. Сонымен қатар, терезеден алаңның нұсқасы нашар болса перделерді дизайн стильдерде қолдануға болады. Сонда, перделерге көңіл аударылып, сырттағы қолаңсыз орындар көңілді ауламайды.

Тегіс немесе фактуралы беттердегі түстер әр түрлі қабылданады. Тегіс фактуралы беттердегі түстер жеңіл қабылданады. Тегіс емес фактуралы беттердегі түстер ауыр қабылданады.

Қабылдаудағы түстер композициясының ассоциациялық әсері. Ассоциация – (лат. Аударғанда – байланыс, өзара байланыс, жалпылық) – түпкі ой байланысы, елестету, түсініктік немесе образдық байланыс. Ассоциация – белгілі бір үрдістердің негізінен

туындайтын бірнеше психикалық үрдістердегі байланысы. Түстер ассоциациясы – ол дизайнердің түсініктеріне, эмоциясына, образдар мен психикалық жағдайынан құралатын түстердің заңдылық байланысының сезімдік түпкі ой жобасының формада берілуі болып табылады. Түстердің ассоциациялық классификациясына мыналарды жатқызуға болады. Біріншіден түпкі ой жобасының формада салмақтыққа байланысты ауыр, жеңіл т.б. болуы. Екіншіден, температуралық – жылы, суық, ыстық, қатты суықтық т.б. лепте берілуін ұстануы. Үшіншіден, сезінуден жұмсақ, қатты, тітіпкендіргіш т.б. болып қабылданыуна байланысты. Кеңістікке байланысты жақын, алыс, шығыңқы, басыңқы т.б. болуы. Акустикалық-тыныштықты мегзейтін, ашшы дауысты, құлақ құрышын қандыратын дауысты, сыңғырлы дауысты, ырғақ дауысты т.б. болуы. Дәмге байланысты тәтті, дәмді, ащы т.б. болуы. Жас ерекшелікке байланысты балаларға арналған, жастарға арналған, ересектерге арналған т.б. болуы. Жыл мезгілдеріне байланысты көктемгі, жаз, күз, қыс болуы. Этикалыққа байланысты ермінезді, мықты, сыпайы, сыйлы, қайырымды, т.б. болуы. Эмоционалдыққа байланысты қуанышты, қайғылы, сенімсіздік т.б. болуы.

Мәдениетке – әр халықтың дәстүрі мен мәдени реңдік байлығына байланысты т.б. болуы.

Кіші формаларды құрылымдау үш бағытта жүреді. Тарихи және құрылысқа жаңаша өзгерістер енгізу мен сәулет тұрғын ортаға байланысты. Кіші формалардың функционалдық жағдайы қанық түстердегі түрлі материалдардан жасауды талап етеді. Кей жағдайда табиғи материалдар мен олардың түстері кеңінен қолданылуда. Қолданысына байланысты кіші формалар бірден көзге түсетіндей етіліп жасалады. Кіші формаларға телефон күркелері, анықтама бөлімдері, газет және сауда киосклары, статикалық және динамикалық аттракциондар т.б. жатады.

Жұмыс орнында бір қалыпты түстерден гөрі, түстердің әртүрлігі жұмыс істеу қабіле-

тін белсендіреді. Қызылсары араласқан түстер адамның есту қабілетін бәсеңдетеді. Түстерді қолдану арқылы бөлменің биіктігіне, формасына және кеңістігіне өзгерістер ендіруге болады.

Бөлменің енінен ұзындығы үлкен болса, оның еніне заттар қою және түстер арқылы ұзындықты өзгертуге болады. Тар көшелердегі үйлерді ашық түстер мен кеңейтіп қабылдануға болады.

Су бетіне құрылыс жүргізуге болады. Егер сваидың жерге қағылатын жағын қуыс етіп алсақ, онда сол сваидағы қуысқа ауа жиналғанша жерге қағылады. Одан кейін ауаны шығара отырып, әрі қарай қағуға болады. Ол үшін сваидан ауаны шығару жолдарын табу керек. Ең қарапайым мысал, совет үкіметі кезіндегі сүт құятын шыны бутылкаға қайнатылған және қабығынан тазартылған жұмыртқаны салып көрейік. Ол бірден салынбайды. Ол үшін шыны бутылкаға шырпыны жағып саламыз, содан кейін жұмыртқаны салғанда бөтелке жұмыртқаны жұтып алады. Бұның бәрі физикалық құбылыспен анықталады. Су бетінде құрылыс жасауда су астындағы иірімді пайдалану жолдарын қарастыруға болады.

Бүгінгі таңда жер мен су бетіндегі құрылыстарда биосанузелдері қолданылады. Су бетіне құрылыс жасауда биосанузелдерді қолдануға болады.

Дизайнерлер математика, физика, химия, эргономика, нанотехнологияларды инженерлік технологияларды т.б. ғылымдарды жақсы білулері керек. Сол ғылымдар негізінде дизайн жобаларына зерттеулер жүргізу қажет. Дизайнер жобаларын аталған ғылымдар негізінде, инженер ғалымдардың пікіріне сүйеніп жасайды. Қандай болмасын заттар математикалық есептеулерден тұрады. Адамның шеңбердегі (ветруанский человек) көрінісінде тура ортасы кіндігіне келеді. Адамның аяғы жағындағы шеңберге (0,016) дейінгі бөлікті вертикаль бойына салсақ он алты ретке бөлінеді. Сегізінші тура кіндігіне келеді. Қандай болмасын табиғат заттарының енін биіктігіне салсақ және содан

қалған қалдықты ең үлкен бөлігіне, ол вертикалы немесе горизонталы бола ма, бойына салсақ қалған қалдығы алтын қимасы болады. Бастапқы кезде сурет салуда алтын қиманы қолдану керек. Онда адамның көз мөлшерінің дұрыс дамуына жол саламыз.

Кіші формаларды құрылымдауда (әткеншектерді немесе айналмалы әткеншектерді) жасауда, оның суретін шеңберде салып аламыз. Онда келесідей жағдайларды ескереміз, егер шеңберде ось 0 бір жағына қарай жақын орналасса, онда шеңбер айналғанда шеңбердің оське жақын жағы алыс жағына 1-ден 0 қарағанда 0-ден 2 жағы жылдам айналып түседі. 1 сурет



1-сурет. Шеңбердің осьте айналымы



Балалар алаңына сертпелі қозғалмалы әткеншек жасауда тағы басқа ойын құралдарын жасауда бұндай жағдайлар ескерілуі тиіс. Кіші формалардың (әткеншек) бір қалыпты айналуы үшін, ось шеңбердің тура ортасында орналасуы керек. Сонда айналымы бір қалыпты болып, келесі жағына қарай ауып кетпейді. Сондықтан, вертикалды орналасқан осі 1-суреттегідей емес, тура шеңбердің ортасында орналасуы қажет.

Болашақ дизайнер дизайн стильдерде, олардың формаларын, конструкциялық құрылым материалдарын, безендірілуін (декорын) талдай және айыра білулері керек.

Кеңістіктегі түстік ырғақтағы композиция дегеніміз не? Кеңістік бізді қоршаған орта. Біз кеңістікте өмір сүреміз. Кеңістік табиғи және жасанды заттар әлемінен тұрады. Оны реттеп, эстетикалық мән мен мағына беретін біріншіден, табиғи заңдылық, екіншіден, адам. Әр адам өз алдына дизайнер. Кеңістіктегі түстік ырғақтағы композицияға мысалы, графикалық дизайнда билбордтар безендіруде, сәулет дизайнда кварталдарды жобалауда, өндірістік дизайнда машиналарды,

поезды, өнеркәсіптік дизайнда тұрмыстық заттар комплексінің, киімдердің жағасын, жеңін т.б. жасауды жатқызуға болады.

Студентке бүгінгі технологияны меңгеру үшін жан-жақты білімді болу керек. Көкейкесті мәселенің бірі қазіргі заманауи технологияларды меңгеру болып отыр. Онда табиғат заңдылықтарын білу қажет. Табиғат астрономия, физика, биология, химия т.б. заңдылықтармен тығыз байланысты. Астрономия геология, география, астроболжам, биология, бүгінгі таңда биотехнология, сонымен қатар бионанатехнология оған бидайдың сабақтарынан құрылыс материалдар жасау. Бионанатехнология бидайдан көкөтін шығару. Қидан газ жасау. Осының бәрі физикалық құбылыстармен тығыз байланысты. Бидайды топырақыз күннің көзімен өсіру технологиясы қолданылуда. Химиялық заттарға келетін болсақ, онда шыны күннің көзінен жылуды өткізумен қатар, өзін-өзі тазарту және беріктік технологиясымен қамтылған. Математика тепе-теңдікті сақтауды есептеу үшін керек. Дизайнер архиологиялық материалдардан бастап, бүгінгі заманауи технологияларды жақсы меңгеруі қажет. Интеграциялық білім алу арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Сонда ғана жеке тұлға индивид ретінде түпкі ой жобасын іске асырады. Бір ғана сурет салумен дизайнер болу мүмкін емес. Қандай болмасын түпкі ой жобаны сөзбен суреттеп, салып инженеринг технологияны білу керек. Алматыдағы жастар неке қию салтанатты сарайын салуды домалақ дүзік негізіндегі идеяға сүйеніп жасалғанын бәріміз біле бермейміз. Ол идеяның авторы Масимхан Бейсебаев болады. Ас-


танадағы Пирамида Адам  мен Эваны  идеясы адамның екі жарты бір бүтін екендігін білдіретін дизайн формада, дизайн материалда, дизайн элементтерінде жасалғанын көреміз. Биіктігі мен негізі алпыс екі метр, төменде тереңге қарай он төрт метр үшбұрышты құрылысы бар. Жалпы көлемі отыз бес мың квадрат метрді құрайды.

Автордың өздік идеясымен басқа идеяны ұштастыра білуімен қатар, тарихтан және бүгінгі технологиялардан білімінің тереңдігін байқауға болады. Рейхстагты Қазақтың ер жүрек халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың ту тіккен Рейхстагты өңдеген дизайнер-архитекторда ағылшын азаматы Норман Фостерға тоқталуға болады. Оның Рейхстагты қайта өңдеуде күмбезді шыныдан жасаған. Жоғарыдан көк аспан, астында парламент көрініс береді. Неміс халқының парламент жоғары тұтатынынан көрінісі берілген. Мекеме тарихи ғасырдан сыр шертеді, сонымен қатар онда солдаттардың «жазған жазулары» «1945 жылғы орыс графитосы» да орын алған [2]. Аталған жұмыстардан жеке тұлғаның интеллектуалды, эмоционалды, рационалды шешім шығара білуі десек, онда белгілі бір формаларды жобалау немесе қайта өңдеуде қарапайым жолмен шеше білу аса дарындылықты қажет ететінін көруге болады. Ол үшін өнер, білім мен ғылымнан және мәдени графикалық сауатты болуды әр дизайнерден талап ету керек. Сұлулық және оны жетілдіру XIX ғасырда орнамент пен декоративтік болса, енді формаларға жол ашылды. Суретшілердің өзін көрсетудегі мәнерлі құралы, ол материалдардық модификациялық беріктігі, стальды илектері, және темірбетоны, алюминдік құйылымдар болып отыр. Модернизмнің қайталану ағымы, структурализм, символизм, историзм, хай-тек, деконструктивизм, табиғи сәулетте көрініс табады. Норман Фостердің келесі дизайнерлік бағыты хай-тектен эко-тек деп атауға болады. Оған дәлел ретінде Норман Фостердың страхой компанияның штаб-квартирасы «Swiss RE». Оны лондондықтар сәбіз «корнешон» деп атап кетті. «Swiss RE» мекемесі күн сәулесінен бір қалыпты жарықты сіміреді және жылуды қалыпта сақтайды. Жарық барлық жаққа бірдей түседі. «Swiss RE» мекеменің сырты жоғарыға бағытталған спираль түрінде екі түсті шынымен қапталған. «Swiss RE» мекемеден көлеңке өте аз түседі [3]. Қорыта айтатын болсақ, Норман Фостердың жасаған құрылыстары


белгілі бір түпкі ой жобада атына заты сай сыртқы қаптауы үшбұрыш, ромбыда тағы басқада қисық сызықтарда жерден өсіп шыққан тәрізді жасалған және табиғатпен тұтасып кеткен.

Магнетизм туралы дизайнерлер нені білуі қажет. Олар инженерлік технологиямен жұмыс істеуде, оның қырсыры туралы білулері керек. Қандай болмасын зат, адамның өмірі магнетизммен байланысты. Мысалы темір стерженьді көп уақыт бойы ұстап тұрса, онда ол магниттеледі. Кейбір заттар магниттелмейді. Оған мырыш (амюминий), мысты (медь) жатқызуға болады. Егер магнитке жапсырылған сымды қатты қыздырса, онда сым магниттен ажыратылып

кетеді. Сымның магниттелу қасиеті жойылады. Сымды суытса қайта магниттеледі. Сонымен қатар металды сұйық азотқа салуға болады. Ол содан кейін магниттеледі. Қарама-қарсы магниттік полюстар (+,-) бірін-бірі тартады. Магниттік полюстар бір жақты (-,-) болса бірін бірі тебеді. Күннің полярлығы біреу. Бір жақты магниттік полюстар өздігінен өмір сүре алады. Күн желі мен магниттік полюстар кездескенде не бір құбылыстар болады. Ғалымдардың пікірі бойынша жер өте мықты магнит, ол магний стерженьді қабырғадан тұрады. Соның арқасында жерде тіршіліктің өмір сүру мүмкіндігі бар. Жер (2 сурет) мен тоқты (3 сурет) салыстыратын болсақ, оны төменгі суреттерден көруге болады.



2 сурет



3 сурет

Электр тоғы. Электрлік заряд шеңберде векторда (4 сурет) немесе спиральді (5 сурет) ағым жасайды.



4 сурет



5 сурет

Бұның бәрі бүгінгі таңда ғалымдардың небір жетістіктері деп айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Р.У.Чекаева, Ф.М. Чекаев, А.Б.Байзакова Цветоведение. Учебное пособие. – А.: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2010 – 100.
2. Теоретические и методологические исследования в дизайне. Избранные материалы/ составители О.И.Генисаратский, Е.М.Бузунова. М., [изд-во Шк. Культ. Полит.] 2004.-372.
3. Михайлов С.М. История дизайна Том 1, 2: Учеб. Для вузов. – 2-е изд. – Москва: «Союз Дизайнеров России», 2004. – 280.
4. Астана плюс. «Бизнес медиа», № 3. – Алматы, 2010. – 62-73.

ӘОЖ 37.018.11-055.25

Г.М.Әбжан

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының оқытушысы, филология магистрі.

АТА ЖОЛЫ – ЖЕТІ АТАНЫ САҚТАУ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ТҰҚЫМ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ ЖОЛЫ

Мақалада автор қазақ халқының отбасы құндылықтарының мәселелерін қарастырады. Ұрпақ тәрбиесіндегі тектің рөлі мен маңызын қарастырылып және тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары тұрғысынан алғанда туыс адамдардың некелесуі дұрыс емес екендігі туралы айтылған. Жалпы, ұрпақ тәрбиесін байырғы бабаларымыз айтып кеткен. Солар салған сара соқпақпен жүрсек болғаны. Қазақ халқы рухани дүниеге, қазынаға бай халық. Оның қай түрін алсақ та, тәлім-тәрбиесі мол, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған өсиеті ерекше.

Түйін сөздер: *Ұрпақ, тәрбие, жас ұрпақ, хромосомалық аурулар.*

Автор в данной статье рассматривает проблемы семейных ценностей казахского народа. Рассуждается значении компонентов воспитания поколения и воспитание образованного, интеллектуально развитого, духовно сильного человека является залогом укрепления нравственных ценностей, национально-культурных традиции и обеспечения преемственности поколений. Гармоничное становление личности на основе развития ценностного отношения к себе, другим и миру становится предпосылкой утверждения мира и согласия, созидательной силой воплощения национальных приоритетов, а также условием сознательного выполнения каждым своего общественного долга.

Ключевые слова: *Поколение, воспитание, молодое поколение, Хромосомные болезни.*

The author of this article examines the challenges of family values of the Kazakh people. Reasoned value components of education and upbringing of generations educated, intellectually developed, spiritually strong person is the key to strengthening the moral values, national-cultural traditions and to ensure the continuity of generations. Harmonious formation of personality based on the development of the valuable relation to themselves, others and the world is becoming a prerequisite for the establishment of peace and harmony, the creative force implementation of national priorities, as well as the condition of the fulfillment by each conscious of their public duties.

Keywords: *The mother country, education, young generation, Chromosomal disease.*

Қазақтың жеті атаны қолдауы – жазылмаған әлемде болмаған заң. Оңтүстік Кореяның ғалымдары дүниежүзіндегі халықтардың қанының құрамын тексеріпті. Сонда ең таза қан-қазақтың қаны деп тауыпты. Жеті атаны ұстанады екен деген. Осында қазақтың қырық үш руының қанын тексергенде, әлгі қырық үш рудың қаны бір әкенің қанындай болып шыққан. Бұл – жеті атаның қасиеті [1]. Осы мезетте саясаттану ғылымдарының докторы, демограф ғалым Мақаш Тәтімұның пікірін келтірсек болады:

«Жеті ата қан тазалығын сақтайды. Мәскеуде студенттік кезде еститінмін, биологтар қазақтың арасында кемтар, ақыл ойы кем, дене бітімі дұрыс емес балалар өзбекке қарағанда жеті есе аз деп айтатын. Мұны биологтар жеті атадан қыз алысып, беріспейтіндігімен түсіндірді».

Жеті атаны ұстайтын қазақтан өзге ел жоқ. Ұйғыр халқы немересін алады. Өзбек немересін алады. Татар мен түрікмен де немересін алады. Немере дегеніміз – туыс. Немерені алған соң адамның қаны бұзылады да, түрлі аурулар көбейеді. Нәсіл өзгереді.

Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары тұрғысынан алғанда туыс адамдардың (немере, шөбере және т.б.) некелесуі дұрыс емес. Себебі, ондай адамдардың генотиптерінде ұқсастық болады. Ал тұқым қуалайтын аурулар мен түрлі кемістіктерді көбінесе рецессивті гендер анықтайтындығы белгілі. Олар тек рецессивті гомозигота жағдайында ғана білінеді. Туыстық некеде ондай мүмкіншілік мол болады. Сондықтан олардан туатын ұрпақта кемістік көп кездеседі. **Моногенді аурулар** генетикалық ақпарат жазылған құрылымдық гендердің мутацияға ұшырауынан туындайды. Бұл аурулардың ұрпақтарға берілуі Г. Мендельдің тұқым қуалау заңдылықтарына сәйкес жүретіндіктен мендельденуші тұқым қуалайтын ауру деп аталады. Моногенді түрі аутосом.-доминантты (арахнодактилия, брахидактилия, полидактилия, т.б. дерттер), аутосом-рецессивті (екі, кейде үш немере ағайынды некелескен адамдар арасында жиі кездеседі.

Хромосомалық аурулар геномдық (хромосомалар санының өзгеруі) және хромосомалық (хромосомалар құрылысының өзгеруі) мутацияларға байланысты қалыптасады. Жиі кездесетін хромосома ауруларының қатарына трисомиялар жатады. Бұл кезде хромосома жұптарының бірінде қосымша 3-хромосома пайда болады. Мысалы, Даун ауруында аутосом. 21-жұп бойынша трисомия болса, Патау синдромында 13-жұпта, Эдварс синдромында 18-жұбында болады. Гаметогенезде мейоздық бөлінудің бұзылуына байланысты әйелдерде жыныстық X – хромосомалардың біреуі болмаса, Шерешевский-Тернер синдромы, керісінше бір хромосом артық болса – трипло-X (ер адамдарда Клайнфельтер) синдромының қалыптасуына әкеледі. Демек, қан тазалығын сақтамаған жұптарда аурулардың ізі қалатындығы анықталған.

Алғаш рет У.Бэтсон мен Пеннет 1906 жылы хош иісті бұршақ өсімдігінің гүлінің түсі бойынша тұқым қуалауын зерттеген. Гүлінің түсі ақ екі гетерозиготалы бұршақ өсімдігін бір-бірімен будандастырғанда,

бірінші ұрпақтағы будан өсімдіктердің барлығының гүлінің түсі қызылға айналған. Ал қызыл гүлді будан өсімдіктерін өздігінен тозаңдандырғанда, екінші ұрпақта (F_2) 9/16 өсімдік гүлінің түсі қызыл және 7/16 өсімдік гүлінің түсі ақ болған. Сонда белгілердің ажырауы 9 : 7 қатынасында жүрген. Демек, бастапқы түс 9:7 қатынасында сақталған.

Керісінше, туыс емес ерлі-зайыптыларда ондай жағдай өте сирек кездеседі және ұрпақтың тіршілік қабілеті жоғары болады. Себебі, олар көбінесе гетерозиготалы жағдайда болатындықтан, Мендель заңына сәйкес ауру мен кемістікті анықтайтын рецессивті генді доминантты ген жеңіп кетеді. Біздің арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан қалыптасқан дәстүр бойынша жеті атадан кейін ғана некелесуге рұқсат беріледі. Бұл біздің гендік қорымыздың мол әрі мықты болуына әсер етеді. Сондықтан мұндай дәстүрді сақтап отыруымыз қажеттілігі туындайды.

Адамның денсаулығын қорғау мен жақсарту егіз нәрсе болғандықтан, әр халықтың өзінің халқы мен ұрпағын аман сақтауда, ұлттық этникалық салт-дәстүрді сақтаған денсаулық туралы заңнамалары, сол халықтың тазару мәдениетін ілгері дамытуға ықпал етті. Оның дәлелі XV ғасырда-ақ, қазақтың Әз Жәнібек ханына ұрпақ тазалығы мен денінің саулығы жөнінде, қараузген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының жеті атаға толмай үйленбеу, сүйіспеу, аула тазалығын сақтау туралы ұсынысы хан Жарғысының шығуына ықпал етті. Тұқымының таза болуына, денінің сау, қайсар, бауырмашыл, асқан ойшыл және ірі тұлғалы болып жетілуіне бұл жарғының пайдасы, бүгінге дейін жалғасуда. Қазақтың жерінің кең, дастарқанының мол, жатты бауыр санайтын ұлы қасиеті, оның тұқымының тазалығы мен рухының биіктігін айқындайды.

Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған

ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары Жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Жеті атаға толғаннан кейінгі күннің өзінде, бір рудың жастары некелесетін жағдай туса, ру ақсақалдары бір пәтуға келіп, боз биені сойып, баталасып барып рұқсат ететін болған. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді. Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі. Немесе, керісінше, руынан бастап сатылап өз әкесіне яки өзіне дейін таратылады. Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшеліктерін танытады, әрі оның қиын-қыстау кезеңдерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған. Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін өмірлік қажеттілік болды. Жеті атадан Үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы – бір атаның баласы, бір тамырдан тараған» деген ұстанымды орнықтырған.

Жеті атасын тарата білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын білген, сөйтіп бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. Сөйтіп Жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз еткен. Жеті аталық ұстанымға негізделген туыстық байланыс институты әрбір қазақтың білмекке деген ынтасын оятқан. Жеті атасын, руы мен жүзін білген соң, қазақтар туған жерінің кез келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында жүрген алып бір жанұяның мүшесіндей сезінген. Нәтижесінде біртұтас жанұя секілді ұлттың біртұтас зердесі қалыптасып, жер басып жүргендер ғана емес, жадта сақталған

баяғы ата-бабалар да тірілердің санасында тірлігін жалғастырған. Халықтың мұндай зердесі әрбір қатардағы далалықтың тарихты айқын елестетіп, жан-жүрегімен сезінуіне себепші болған. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілікті дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырған. Бабалар рухы – аруақтың күн сайын желеп-жебеп отыратындығы туралы сенімін тудырған. Сөйтіп Жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған. Жеті аталық ұстаным бабалар рухы алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятқан. Осы ұстаным аясында қазақ өмірінің моральдік кодексі, салт-дәстүрі мен тыйым-жораларының негізі қаланған. Сөйтіп туыстық қарым-қатынас қалыптары күнделікті моральдік санаттан бірте-бірте заңдық мәртебеге ұласқан. Мұндай құқықтар мен міндеттер жүйесі біртұтас әдеп деңгейінде көрініс тапқан. Әдепті бұзғандар қатал жазаланып, ең ақыры туған жерінен қуылған, яғни гипержанұядан аластатылған. Дені дұрыс адам үшін мұнан ауыр, маскара жаза болмаған. Жеті ата ұстанымы бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіңірді. Ол этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, темірқазығы болды. Халық дәстүрінде жеті ата төмендегідей жіктеледі:

Немере – туыстық атау. Ер адамның баласынан тараған ұл мен қыз. Ағайынды кісінің балалары туыстық жақындығы жағынан Немере аға, Немере іні, Немере қарындас, сол сияқты ағайынды кісінің қыздары да Немере апа, Немере сіңлі болып аталады.

Шөбере – туыстық атау. Атадан санағанда немереден өрбіген ұрпақ. Дәстүрлі қазақ қоғамында Шөбере немереден таралған ұл-қыздардан құралады.

Шөпшек – туыстық атау. Атадан тараған төртінші ұрпақ. Немере мен шөбереден туғандар туыстық жағынан

қашықтай бастайды. Шөпшекті кейбір жерлерде туажат деп те атайды

Немене – туыстық атау. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жеті ата жүйесі бойынша таратылатын жетінші ұрпақ.

Жүрежат – алыс туысқандықты білдіретін атау, яғни туажаттан туған бала. Жүрежат – адамның өзінен санағанда **жетінші буыннан** қосылатын туысы. Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпы бойынша Жүрежаттың балалары бір-бірімен қыз алысып, құдандалы бола алады.

Туажат – дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық атау, немененің баласы. Туажат адамның өзінен бастап санағанда алтыншы буын. Ол туыстық қатынас жағынан бір атаның баласы саналғанымен, одан кейінгі ұрпақтардың іргесі бөлініп, туыстық қарым-қатынасы алшақтай бастайды.

Жұрағат – алыс туыстықты білдіретін ұғым. **Жеті атасынан** туысқандар үлкені кішісін Жұрағат дейді. Әдетте, бір рудан тараған адамдар да бірін-бірі «Жұрағат» дей береді.

Жегжат, жамағайын, жамағат – *бір-біріне құдандалық, т.б. жақындығы бар адамдар*. Жегжат атауы қандас туыстарға қатысты қолданылмайды. Жегжат – туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы сияқты туыстық қатысы бар адамдар арасындағы жақындықты білдіретін атау. Олар құда, нағашы, жиен сияқты туыстық, жақындық құқықтарды талап ете алмайды.

Жеті ата-дәстүр. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. Мұның әлеуметтік зор мәні болған. Екіншіден, қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Сондықтан, әр қазақ баласы өз ата-тегін білу – тектілік әрі ұлттық тәртіппен жөн білудің бір саласы болып саналған.

Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары таратылады. Оның дәлелі: «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» де-

ген қазақ даналығына тоқталсақ, әр адам өзінен кейінгі баласының, немересінің, әрі кетсе шөбересінің, атын білер. Олай болса жеті ата: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. (Ата-тек деген сөз осыдан шыққан сөз).

Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі екені баршаға аян. Мұның қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген. Енді осы қағиданың терең тамырына көз жіберіп көрейік. Біріншіден, жеті ата тәртібі туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр болып өмір сүрген. Бір рудың адамдары осы күнге дейін бір жерде мекендеп келе жатыр. Екіншіден, жеті атаға дейінгі туыс-туғандардың тұрмыс-тіршілігі де, күнкөрісі де, тұрған жер, суы да, өріс, қоныс, жайлауы да қысы-жазы қатар немесе бірге болады. Қиындықта бір-біріне демеуші, қамқоршы-пана, қуанышты да, реніш-қайғыны да бірге көтеріп бөліседі. «Туысы бірдің – уысы бір» деген сөз осыдан шыққан. Үшіншіден, бір атадан тараған туыстар мен жас ұрпақтар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңілі дегендей, сыйластықта, бауырмалдықта бірге өседі. Мұндай туыс-туған, жақын-жуықтар арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Өйткені тәртіп бойынша туыстар бір-бірінің малын ұрламайды. Керісінше, сырттай қамқоршы болып, жақын-жуықтарының мал-жанына көз салып жүреді. Әкелер мен аналар бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, қаншыл, ұйымшыл, бауырмал етіп тәрбиелейді. Жеті ата ұғымында ағайын арасындағы үзілмес бірлік, бұзылмас тектік тәрбие-тәлімі өте зор және бұл әдемі, ұтымды тәсілдермен жасалған. Ұрпақтарымызды парасатты да, бойында азаматтық намысы бар, елін, жерін сүйетін, өз отбасының тарихын білетін азамат етіп өсіргіміз келсе,

ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР

бүкіл қоғамдық дамудың негізін келешек ұрпақ тәрбиесіне бағыттауымыз керек. Үлкендердің мойнындағы бір міндет – туыстарды жат болмауының қамын күйттеп, кімнің кім екенін, өзінің кім екенін, жеті атасын түгендеп, жалықпай түсіндіруі.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» бағдарламасында еліміздегі азаматтардың денсаулығын сақтау проблемасы, осы бағдарламаның жеті басты бағытының біріне айналғанын ескерсек, бұл Қазақстан Республикасында қабылданған «Мәдени мұраны» дамыту бағдарламасының шараларымен сәйкес келеді.

Халықтық жеті атаны сақтау дәстүрі ұлттық мәдениеттанудың бір саласына жатады деуге толық негіз бар. Қазақ мемлекетінің ұрпақ тәрбиесінде, қан тазалығын мықты ұстау мақсатында жүргізіліп жатқан рухани шаралардың өркендеуіне қолайлы жағдайлар туып, кеңінен жол ашылды.

Қорыта келе, өткен жанұя құндылықтарын жинап, зерттеуге, қалпына келтірумен оны сақтауға, қорғауға, толықтыруға мән беруіміз қажет деп ойлаймыз. Жанұялық жағдайларды зерделеп ұрпаққа жеткізу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға ықпал ету, бүгінгі күннің басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://bilimkozy.idhost.kz/2269-tarbie-sagaty.html>

2 Жеті қазына. 2001ж. 34- бет.

3 http://kk.wikipedia.org/w/index.php?title=Жеті_ата&oldid=897675



«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»

Халық даналығы.

ӘОЖ 304.61

И.А.Мырзаханова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И бөлім басшысы,

PhD докторант

Д.Б.Сауранбаева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И инспекторы, магистр

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада салауатты өмір салты әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекеттерімен сипатталады. Ұлт денсаулығын дамытудағы зиялылардың айтқан ойлары, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары мен оларды заманынан қалмай өмір салтына бейімдеу қарастырылған. Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Сондықтан да, интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолындағы елдің болашағы – денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Ал, денсаулық мәдениетін дамытудың ең маңызды алғышарты – әрбір азаматтың өз денсаулығына аса жауапкершілікпен қарауы, салауатты өмір салтын ұстануы мен дұрыс тамақтануына тікелей байланысты. Мақсатымыз жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру болғандықтан, мақалада жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдары мен оларды заманауи өмір салтына бейімдеу қарастырылған.

Түйін сөздер: *денсаулық, ұлт денсаулығы, салауатты өмір салты, рухани қазына, ұлттық тәрбие, мәдениетті тұлға, мәдениет, халық даналығы.*

Здоровый образ жизни в статье описывается усвоением социального опыта. Рассмотрены мысли интеллигенции в развитии здоровья нации, пути формирования здорового образа жизни среди молодежи и адаптация жизненным обычаям в ногу со временем. Быт и единство, светлое будущее народа во многом зависит от степени формирования культуры здоровья. Поэтому, будущее страны на пути формирования интеллектуальной нации связано с тем, в какой степени сформирована культура здоровья. Самая важная предпосылка напрямую связана с отношением каждого гражданина к своему здоровью с большой ответственностью, ведением здорового образа жизни и правильным питанием. Так как нашей целью является формирование здорового образа жизни среди молодежи, в статье рассмотрены пути формирования здорового образа жизни и адаптация современным жизненным обычаям.

Ключевые слова: *здоровье, здоровье нации, здоровый образ жизни, духовное богатство, национальное воспитание, культурная личность, культура, народная мудрость*

In article healthy lifestyle describes by assimilation of social experience. Considered thoughts of intelligence, ways of formation of healthy lifestyle and adaptation the people for modern lifestyle on developing health of nation. The life and unity of our nation, bright future most dependent from degree of creating a health culture. So, future of country on way creating intellectual nation related on what degree created health culture. The most important prerequisite is directly related with the attitude of every citizen to their health with great responsibility, maintaining a healthy lifestyle and proper nutrition. As our aim is the promotion of healthy lifestyle among youth, so this article describes path of formation healthy lifestyle and adaptation to modern life habits.

Keywords: *Health, the nation's health, healthy lifestyle, spiritual wealth, national education, cultural identity, culture, folk wisdom.*

Қазіргі кезде ғылымда тұлғаны өзін-өзі ұйымдастыруға тәрбиелеу жөнінде түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі – салауатты өмір салтын ұстану тәрбиесіне байланысты десе, екіншісі – тәрбиеге байланыссыз деп тұжырымдайды. Көпшілік ғалымдар тәрбиеге байланысты деген пікірді құптайды. Шын мәнінде адамның барлық жақсы қасиеттері, жақсы сапасы тек қана биологиялық емес әлеуметтік жағдайлардан да болып, ол өмір бойы игеріледі. Өзін-өзі дамыту адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамытатын қабілет. Бұл қабілет жоғары деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы тұлғаның интеллектісін дамытады. Өзін жетілдіру, өзін-өзі ұйымдастыру үшін қажетті аса маңызды қасиет – ол салауаттылық.

Өйткені ол үшін денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық қажет, сонда ғана адам өзін-өзі жеңеді, жетілдіреді, бұл жеңістің төресі.

Адамзаттың қоғамдық тәжірибесін меңгеруге баланың әрекеті мен мінез – құлқын бағыттайтын белсенді үрдіс – ұлтты салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

«Ұлт» термині жалпы өркениеттік әлемде қабылданған азаматтық түсінік бойынша ұлттың анықтамасын береді, яғни, осы жағдайда ұлт – бұл ел азаматтарының ортақ қауымдастығы. Әрбір азамат өз елінің бір бөлігін білдіреді. Сондықтан, салауатты, тәрбиелі және оқыған азамат мемлекеттің өркениеттілік деңгейін, ондағы қоғамдық институттардың күшін, билік құрылымдарының мүмкіндіктерін анықтайды. Бірақ, мемлекеттік құрылымдар қоғамның қолдауынсыз үлкен өзгерістерге адамның дене және рухани салауаттылығы күйінде қол жеткізе, олардың өмірінің сапасын жақсартып алмайды. Ұлт салауаттылығы – бұл қоғамдық құндылық. Ұлттың денсаулығы

еркін медициналық қызметтердің, дене тәрбиесін және әуесқой спортты, салауатты өмір салтын және дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, экологиялық таза және қолайлы өмір сүру ортасын құру, қауіпсіз мүмкіндіктер және еліміздің әр бұрышында жасампаз өмір сүру арқылы қалыптасады және сақталады.

Бірінші байлық – денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сынайлымыз. Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Денсаулық ұғымына түсінік бере кетсек: «Денсаулық – адам организмінің дұрыс әрі қалыпты жұмыс істеуі» [1], яғни, адам организмінің әрбір органы, әр мүшесі сол жаратылған қалпында сақталып, оның дұрыс әрі қалыпты түрде белгілі бір функцияларды атқаруы. Ал, әрбір адамның денсаулығы – тек жеке адам өмірінде ғана емес, бүкіл қоғам дамуында да аса маңызды рөл атқарады. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның дамуына, ұлттық экономикасын жақсартуға үлес қосады.

Педагогика саласындағы бірқатар зерттеуші ғалымдар Амосов Н.М, Ақбердиева Д.Ф, Колбанов В.В, Зайцев Г.К, И.И.Соковня-Сейшона, А.С.Иманғалиев, Г.Сисенғалиева, Т.Г.Тынынбаева, Ж.З.Торыбаева, С.Исаев, Е.Г.Жук және т.б. еңбектерінде салауатты өмір салтына тәрбиелеудің педагогикалық стратегиясы оқушының алған, алатын білімі мен тәжірибесі негізінде жүргізілуі, орындалуы тиісті деп көрсетеді және де салауатты өмір салтына тәрбиелейтін кезеңді тізбектей анықтау қажет екендігін айтады. Мысалы, А.С.Иманғалиевтің пікірінше

«салауатты өмір салты» адам организмінің резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету. Г.Д.Әлімжановтың ойынша салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір оқушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр» [3]. Ж.З.Торыбаеваның пікірінше мектеп оқушысының салауатты өмір салты, жан жақты дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекеттіліктерімен сипатталады. Салауатты өмір салты – еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шынығу жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Сондай-ақ салауатты өмір салты жөнінде, әлеуметтанушы Т.Ж.Нақыпбеков: «Өмір салты субъектінің әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу тәсілі. Өмір салты арқылы қоғамның экономикалық жағдайын, қоғамдық қатынасын, материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейлері көрінеді» [4],-деп атап көрсетеді.

Ал, орыстың белгілі ғалымы, В.П. Казначеев өз зерттеулерінде былай деп анықтама береді: «Салауатты өмір салты – өзінің әлеуметтік және кәсіптік қызметін саяси, экономикалық және әлеуметтік – психологиялық жағдайға тәуелсіз сәтті орындауды қамтамасыз етуге жағдай жасайтын организмнің қосымша мүмкіндіктерін жақсартып және нығайтатын адамның күнделікті тіршілік әрекетінің тәсілі және өзіндік формалары» [5].

Қарапайым тілмен айтқанда, салауатты өмір салты дегеніміз, ең бірінші өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған адамның тіршілік әрекеті, өмір сүру сипаты. Ал, психолог И.И.Брехман «Салауатты өмір салты – мінез-құлық пен дағдыны ретке келтіріп, өзін-өзі түсіне білу» [6] - дейді. Ғалым И.Т.Левкина «салауатты өмір

сүру әркімнің өз мамандығы деңгейінде дұрыс игере біліп, өнімді еңбек етіп, тұрмыс жағдайын түзете отырып, қоршаған ортаға қарым-қатынас жасай білуінде екенін негіздей отырып сипаттайды. Ол: «адамның салауатты өмір сүруі – адам мәдениетінің бөлігі, өмір сүру құндылығына байланысты» [7] - деп атап көрсетеді. А.Н.Леонтьев «салауатты өмір сүру» - өмірдегі өз орнын білу, өмір сүруге ұмтылыс жасау, алдына қойған мақсатқа жету жолдарынан тұратынын атап көрсетті. Ол өзінің зерттеуін негіздей отырып «салауатты өмір сүру» категорияларын бөліп көрсетеді: салауатты өмір сүру қалпы, салауатты өмір сүру мәні, салауатты өмір сүру деңгейі, салауатты өмір сүру стилі, салауатты өмір сүру дағдысы. Ғалым: «салауатты өмір сүру үшін өмір сүрудің мәнін, деңгейін, қалпын, стилін жеке ұғынып, күнделікті іс-әрекеті мен әрекетінде қолданылса, дағдыға айналары сөзсіз» [8] - деп қарастырады. Яғни салауатты өмір салты өте күрделі және жан – жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық және психологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық құрылымдар да кіреді.

Жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін небір ғұлама ғалымдар, біліктілігі күшті дәрігерлер де «Денсаулық деген не?» деген сұраққа әлі толымды әрі дәл анықтама бере алмай келеді. Қолымызда тек дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қалыптастырған анықтама бар. Бұл бойынша «денсаулық – жан, тән және адамның әлеуметтік жағдайының қоңымдылығы». Байқап отырсаңыз жан иесінің жалғыз анатомиялық дұрыс қалпына ғана емес, оның әлеуметтік жағдай-тұрпатына да ерекше мән берілген.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған.

Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім – жітім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда.

Өкінішке орай көптеген азаматтарымыз өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға жауапты емес, немқұрайды қарайды. Тіпті денсаулығы өзіне емес, тек дәрігерлерге қажет сияқты медицинаға тұтынушылық немесе масылдық пиғылы бар. Дәрігерлер қанша ескертсе де жаман әдеттерден арылғысы келмейді. Темекі тартады, насыбай атады, салынып арақ ішеді.

Қоғамда болып жатқан осындай жат, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстап, төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білуге үйрету – интеллектуалды ұлт қалыптастырудың алғышарты болып табылады. Болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі нұрлы болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын насихаттау әрбір азаматтың міндеті.

Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру туралы елбасының жолдауын, егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сүрлеу десе болады.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл ауқаты» тармағында, «... азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін» азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан

дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған.

Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Расында да, интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолындағы елдің болашағы – денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Ал, денсаулық мәдениетін дамытудың ең маңызды алғышарты – әрбір азаматтың өз денсаулығына аса жауапкершілікпен қарауы, салауатты өмір салтын ұстануы мен дұрыс тамақтануына тікелей байланысты екен.

Бұл мәселелердің барлығы жастар арасында салауатты өмір салты жөніндегі тәрбие жұмыстарының нашарлауының салдары. Келешегінен үміт күттіріп отырған бүгінгі жастар ертеңгі қоғам иелері. Ендеше, келер күннің айнасы жастар денсаулығында, салауатты өмір салтында. Жаңа дәуірде елімізді сақтайтын, таза, мықты, денсаулығы зор, интеллектісі жоғары ұрпақ тәрбиелеу мемлекет саясатының басты бағыты екенін ескерсек, осының бәрі жастарымызды салауатты өмір салтына тәрбиелеуден басталады.

Сондықтан, ең алдымен жастар арасында салауатты өмір салтына деген дұрыс түсінік қалыптастыруымыз керек. Жастардың санасына, салауатты өмір салтын ұстанудың денсаулыққа аса маңызды және ұстанған адамның болашағы айқын екенін түсіндіріп беруіміз керек. Расында да, жалпы өмір салтының бірнеше формалары бар десек, салауатты өмір салты адам үшін аса маңызды, денсаулығымен тікелей байланысты құнды форма. Ол жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті. Салауатты өмір салты – жалпы ұлт денсаулығының негізі. Салауатты өмір салтын ұстанған, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараған ұлт – интеллектуалдылықтың бірден-бір көрсеткіші.

Бүгінде, республикамызда салауатты өмір салтын қалыптастыру жолында жақсы дамып келе жатқан салалардың бірі – спорт саласы. Сол себепті, ең бастысы студент жастар ара-

сында жаттығулар мен спорт түрлерін жетілдіру, соған сәйкес оқу сабақтарын жаңаша ұйымдастыру қажет.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев: «Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі» деп айрықша айқындап атап өтті. Сонымен қатар, келешек атқарылатын істердің басты стратегиялық бағыттарын да көрсетті.

Бірінші: балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына айрықша көңіл бөлу.

Екінші: халықты қол жетерлік және саналы медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

Үшінші: отандық медицина ғылымын дамыту.

Осы бағытта аясында ел басқарған ағалармен біріге отырып, түрлі індеттердің алдын алу керек. Салауатты өмір салтын ұстанбаған мемлекеттің экономикасы құлдырайтыны сөзсіз. Ауру адам қандай іс бітірмек?!

Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Деннің сау болуы – ол, яғни өмірді шексіз сүю, қуаныш сезіміне бөлену, өмірден ләззат алу, әрбір танды, күнді асыға ризашылық көңіл-күймен тосу және кешкілік қам-көңілсіз, кіршіксіз тәтті ұйқыға кету, ең қажеттісі, өзінді өзін сүю және құрметтеуден басталады. Ол үшін, жастарды алдына өмірлік маңызды мақсат қоя білуге тәрбиелеу қажет. Сондықтан, ең бастысы студент-жастар арасында қыз балалар мен ұл балалардың ерекшеліктеріне қарай қолданылатын жаттығулар мен спорт түрлерін же-

тілдіру, соған сәйкес оқу сабақтарын жаңаша ұйымдастыру қажет.

Ол үшін:

-материалдық-техникалық базаны нығайту арқылы, дене тәрбиесінің дәстүрлі арнасынан шығып, жаңа, заманауи техникалардың көмегіне жүгініп, оқытудың жаңаша моделін жасақтау қажет;

- студенттерге арналған тегін, заманауи жабдықталған сауықтыру кешендері ашылып және бұл жерде жаттығу міндетті болуы керек;

- міндетті түрде күнделікті қыз балалар сауықтыру кешенінде, өздеріне тән спорт түрлерімен айналысып, ал ұл балалар стадионда жүгіріп, денелерін жаттықтырулары керек.

Егер, жоғарыда айтылған ойлар толық мәнінде жүзеге асатын болса, жастардың өз денсаулықтарын жетілдіріп, салауатты өмір салтын ұстануына негіз жасайтын еді.

Расында да, сауықтыру кешендерінде жабдықталған қондырғылармен денесін шынықтырумен үнемі айналысу, студент-жастардың бос жүрмеу проблемасын шешудің, жат қылықтардың көрінісін болдырмаудың да тиімді жолы. Күнделікті спортпен айналысып, билеп жүрген жастардың дене бітімі де тартымды болады. Бұл бір жағынан еңбекке тәрбиелейді, адам еңбектеніп жасаған жұмыстарының нәтижесін, шылым шегіп, арақ ішіп немесе басқа да пайдасыз нәрселермен бұза салмайды да.

Сондықтан, спорт – жастарымызды өзін-өзі дұрыс бағыттап, күш-жігерін реттеп отыруына және де салауатты өмір салтын шартты түрде ұстануының бірден-бір жолы.

Бұл жөнінде медицина атасы Ибн Сина: «Күнделікті дене шынықтырумен шұғылданып жүрген адам ешбір емді қажет етпейді» [5], - деп өсиет қалдырған. Ал, шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» [6], - десе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халқына Жолдауында: «Қазақстан халқының 30 пайызы бұқаралық спортпен айналысуы керек» [2], - деген тапсырма берген болатын.

ӘОЖ 372.8.2

Н.Б.Маханова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ эксперименті

ЖОО-ДА ЖӘНЕ МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ДІНТАНУ ПӘНДЕРІНІҢ МАЗМҰНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада ЖОО-да және мектеп бағдарламасында оқытылатын дінтану пәндерінің мазмұндағы мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, елімізде дін туралы сауаттылықтың маңызы және қазіргі қоғамда алатын орнына сипаттама берілген. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту негізінде, атауы бірдей дінтану пәннің білім беретін орта мектептің 9-сыныпта және ЖОО-да оқытылатын пәннің жұмыс оқу бағдарламаларына талдау жасалынды. Атап айтқанда, бірдей пәндердің түрлі деңгейге арналған типтік бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне, пәннің мақсаттары мен міндеттеріне, перереквизиттері мен постреквизиттерінің тізіміне, пәнге белгіленген негізгі әдебиеттерге салыстырмалы түрде зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде пән мазмұнының қайталанатындығы анықталды. Қарастырылған пән мазмұнының қайталану мәселелер түйінін шешу мақсатында автор тарапынан дінтану пәніне ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: *Дінтану пәні, орта мектеп, ЖОО, оқу бағдарлама, ұсыныс, мәселе.*

В этой статье рассматриваются проблемы в содержании предмета «религиоведение» в программах ВУЗа и средней школы. А также, описывается значение религиозной грамотности и занимаемое место в обществе сегодня. На основе развития системы образования Республики Казахстан, сделан анализ рабочих учебных программ предмета «религиоведение» ВУЗа и 9-класса общеобразовательной школы. А именно, проведено сравнительное исследование содержания типовых программ, целей и обязанностей, списка пререквизитов и постреквизитов, основной литературы по одинаковым предметам. В результате исследования обнаружено повторение содержания предметов. С целью решения проблемы повторения в содержаниях предмета со стороны автора сделаны предложения по данному предмету.

Ключевые слова: *предмет религиоведения, средняя школа, ВУЗ, учебная программа, предложение, проблема.*

This article discusses the problems in the content of the subject «Religion» in the programs of the university and high school. And also explains the meaning of religious literacy and occupied a place in society today. Based on the development of the educational system of the Republic of Kazakhstan, made an analysis of educational workers program subject «religion» of the university and the 9-class public schools. Namely, a comparative study of the content of model programs, objectives and responsibilities, and the list post-requisite and rerequisite main literature on the same subjects. The study found the repetition of content items. In order to solve the problem of repetition in the content of the subject by the author makes suggestions on the subject.

Keywords: *religious subject, high school, college, curriculum proposal, problem.*

Қазіргі дамыған өркениетті елдердің білім беру жүйесінде дінтану пәні бастауыш, орта мектептерден бастап оқытылады. Атап айтқанда, Аустрия, Ұлы Британия мемлекеттерінің орта мектептерінің білім беру

стандартындағы бағдарламаларында кездеседі. Оның түпкі саясаты – тұлға жастайынан саналы түрде өзінің өмірлік бағытын дұрыс түсінуге, ұлтының дінін ұғуға, туралық және әсемдікке тәрбиелеуге негізделгені айғақ.

Жалпы дін туралы білім қазіргі қоғамдық жағдайда маңызды мәселердің бірі. Өйткені, дін дегеніміз – адамды шындыққа жеткізетін жарық, ақылды адамдарды өз қалаулары бойынша ізгілікке бастайтын құдайлық шариғат адамдарды тек игілікке, жақсылыққа бағыттайтын заңнама ретіндегі іс әрекеттер жиынтығы [1]. Ал қазіргі кездегі діннің маңыздылығы – рухани-адамгершілік құндылықтардың жаңартылған жүйесін құруға бағыттау, экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, сол зиян әсерлердің алдын алуда, дұрыс жолдан адаспауын, тұрақты ой қалыптастыруда дінтану ілімінің рөлі ерекше. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кейбір мемлекеттерде діни білімсіздіктен халықтың басқа секталарға кіру орын алып, ақырында бір мемлекеттің бірлігі шайқалып, келеңсіз оқиғалармен аяқталып жатыр. Қазіргі кезде біздің елімізде де белгілі бір идеологиялық білім ретінде дінге деген қажеттілігі бар. Сол себептен, Қазақстан халқы түрлі ұлттан тұратындығын, конфессиялық сипатын ескере отырып, дінтану пәнін орта мектептерде оқытылу бұйрығы енгізілді. Осы тұрғыдан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ, бізге қауіп төндіретіні: діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» [2], - деген ескертпесі бүгінде айрықша теориялық-әдіснамалық мағынаға ие екендігін көрсетті. Соның нәтижесінде «Дінтану негіздері» атты пән мектептегі 9-сыныпқа және ЖОО-дағы оқу бағдарламасында қосымша пән ретінде оқытылып жатыр.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңа дәлелденген тың идеялары мен даму жолдарына сай оқыту, бағдарлы оқыту, білім мазмұнын кірістіру, идеяларын іске асыру үшін, біріншіден жалпы білім беру стандарттарында қарастырылған пәндердің мазмұнын талдаудың қажеттілігі

туындап отыр. Өйткені, білім алушылар оқу мазмұнынан тек ақпарат пен қайталау білімді алумен ғана шектелмеуі тиіс, ол білім алушының қабілеттерін жан-жақты дамытатындай, өз қызығушылықтарын іске асыруға, шығармашылық ойлауын және өмірлік құзіреттіліктерін қалыптастыруға көмектесетіндей болғаны жөн. Сол мақсатта, жалпыға міндетті білім беретін орта мектеп пен ЖОО-да оқытылатын бірдей пәндердің түрлі деңгейге арналған типтік бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне, пәннің мақсаттары мен міндеттеріне, пәннің перереквизиттері мен постреквизиттерінің тізіміне талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде, екі пәннің мақсаты мен міндетін алып қарасақ, жалпы бір ұғымды және бір мақсатты білдіреді. Екі бірдей пәннің түпкі мақсаты тұлғаға толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және қарым-қатынас, мәдени білім беру екендігін көз жеткіздік. Мақсаттары мен міндеттері бірдей болғандай, пәннің перереквизиттері мен постреквизиттерінің тізімі де бір болып келеді. «Дінтану» курсына 12 негізгі тақырыптардың 11 тақырыбы «Дінтану негіздері» пәнінде қайталауға ұшырайды.

Мектепте 9-сыныпқа оқытылатын Ғарифолла Есімнің авторлығында жазылған «Дінтану негіздері» мен ЖОО-дағы пәннің жұмыс оқу бағдарламасындағы негізгі әдебиет бойынша оқытылатын А.И.Артемьевтің авторлығымен жазылған «Дінтану: жалпы дінтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер» оқулығы мазмұндарына сараптамалық талдау жүргізу барысында бірнеше тақырыптар мазмұны дәлме-дәл қайталатындығы айғақталды. Мәселен, екі оқулықта да «Діннің формалары, протестантизм, Ежелгі Грек діндері» деген тақырыптарының мазмұны, тіпті сөйлемдеріне шейін қайталанатын. Алайда, А.И.Артемьевтің авторлығындағы «Дінтану» оқулығының мектептегіден сәл ғана айырмашылығы мәліметтерінің көлемді болып келгені.

Жоғарыда қарастырылған пән мазмұнының қайталану мәселелері бүгінгі күнде

түйінін шешуді талап етеді. Осы мақсаттағы мәселерді шешу жолында мынандай ұсыныстар қойылады:

1. ЖОО-да, орта мектепте оқытылатын «Дінтану» жеке-жеке пән ретінде оқытылғандықтан, мақсаты мен міндеттерінің деңгейі, бағыты бойынша ерекшеленуі керек. Соған орай, ЖОО-да күрделірек мақсаттар мен міндеттердің жаңаша қойылуын талап етеді. Мәселен, қазіргі еліміздегі және дүниежүзіндегі діни жағдайларды бағалай білу, интернеттегі діни мәліметтерді саналы түрде ақиқаттылығын ажырата білу, діни экстермизм әрекеттерді болдырмау және алдын алу секілді мақсаттардың қойылуы.

2. ЖОО-да жүргізілетін «Дінтану» курсының мазмұнын қайта қарап, бір жүйеге келтіру. «Дінтану» пәндерінде қайталанған тақырыптарды қысқартып, оның орнына еліміздегі күрделі мәселелерді қамтитын тақырыптармен қамтылуын қажет етеді. Мәселен, «Интернетте жарияланған діни ақпараттардың ақиқаттылығын тани білу. Жалған діни идеяның дұрыс бағыттағы діннен айырмашылығын ажырату. Дәстүрлі дінге жат «идеяның» белгілері. Интернеттегі діни үгіттеулерінен сақтау» сияқты тақырыптар жастардың теріс идеологияны бойына сіңірмеуіне жағдай жасалар еді. Бұл тақырыптар қазіргі қоғамдағы діни топтардың сыртқы келбеттері, дінге шақыру әрекеттерінің әдістерін бойынша айыра білуге маңызы зор. Білім алушыларға діни мәселеде кез келген сұрақ туған жағдайда, жалпы Ислам ғибадаттарды орындау мақсатында ҚМДБ бекіткен имамдарына хабарласуына, сондай-ақ Діни Басқарманың келісімсіз жарық көрген кез келген Ислам әдебиеті түрлерін пайдаланбауға түсіндіріп, үйрету.

3. Оқушыларға мектепте «Дінтану» пәндерін оқыту барысында, елімізде және дүниежүзінде дінге қатысты қазіргі болып жатқан оқиғалармен байланыстырып, түсіндіріп, жасөспірімдердің өмірге деген дұрыс көзқарасын тұрақтандыру міндетін қою керек. Сонымен қатар, оқушылардың ой-

өрісін кеңейту, пәнге қызығушылығын ояту мақсатында, дінге қатысты документалды фильмдер көрсетілуі тиіс. Мәселен, «Қазақстандағы дәстүрлі исламның ерекшеліктері мен мәселелері», «Қазіргі кезде елімізде орын алған діни сұрақтар», «Орта Азиядағы экстремизм және ланкестік әрекеттердің жандану себептері мен ерекшеліктері», «Діни экстремизмнің алдын алу туралы ата-аналарға арналған естелік» сынды тақырыптар төңірегінде қарастырылуы қажет. Педагог бұл тақырыптарды түсіндірген кезде, білім алушыларға діни экстремизмнің елімізге алып келетін зияны, ол сырттан келген саяси мүдде екенін, олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық екенін жетікті жеткізу.

4. Егерде пәннің мазмұны, тақырыптары өзгертілмеген жағдайда, ЖОО-да да мектепте де қайталанып оқытылатын «Дінтану» пәні ЖОО-да қысқартылуы тиіс. Мәселен, шетелдік тәжірибе бойынша Аустрия елінің «Дінтану» пәні тек орта мектептерінде оқытылады. Сол сияқты, біздің оқу жүйеміздегі «Дінтану негіздері» пәнін студенттердің жүктемесінен алынып тасталып, мектептің оқу кестесінде қарастырылса болар еді. Немесе екі деңгейдегі ұсынылған оқулықтардың бірдей мәтіндерін жойып, жаңаша үлгіде қайта оқулық жазылып ұсынылуы тиіс.

5. Қазіргі кезде әлем мемлекеттері «Дінтану» пәндерін оқыту барысында дұрыс бағыттағы әлемдік үш діннің біреуін әр адамның таным-түсінігіне қарай ұстануына еркіндік берілгендей, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, зайырлы мемлекет екендігін ескере отырып, оқушыларлардың саналы түрде өзінің діни сенімін қалыптастыруға бағыттау.

6. Еліміздің білім беру жүйесін кешенді және жүйелі болу үшін ЖОО-ы мен мектептің арасында байланыс тығыз болып, оқу процесін бір негізде жұмылдырса деген ұсыныс. Мәселен, мектеп пен ЖОО-ның мұғалімдері арасында жиі кездесулер жүргізіліп, қарастыратын тақырыптар айқындалса, қайталауға жол берілмес еді. Қазіргі діни өзекті деген тақырыптарды енгізу, оқу бағдарламасының тақырыптарын заман

талабына сай өзгертіп отыру, ЖОО мен мектеп діни білім беру міндеттерін бөліп алу, кездесулер арқылы жүзеге асыруға болады.

Қорытындылай келе, ЖОО-да және мектепте оқытылатын атауы бірдей пәннің ұқсастықтары айтарлықтай бар екендігі дәлелденді. Бұл дегеніміз, қазіргі кезде оқушылардың және студенттердің уақыттары пәнді қайталап оқумен орын алып жатқандығын білдіреді. Бұндай мәселелер шұғыл шешуді талап етеді. Талдау жұмыстары нәтижесінде алға қойылған мәселелерді шешу жолдары мақаланың авторы тарапынан ұсынылды. Елімізде кәсіби маманға тән, рухани мықты азамат

қалыптастыру үшін, білім беру жүйесін дамыту негізінде жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды ескеріп, қолданысқа енгізілсе, қазірде орын алып жатқан мазмұн қайталану мәселелері шешіледі деген сенімдеміз. Сондықтан, жоғары кәсіби білім беру қабілетіне ұмтылдыратын, танымдық іс-әрекетін дамытатын, жан-жақты ізденімпаз тұлға дайындау үшін – ұқыпты ойластырылған және ғылыми негізделген бағдарлама қарастырылуын талап етеді. Атап айтқанда, бүкіл оқыту процесін кешенді және мағыналас курстарды қысқартып, жүйелі бір курс ұйымдастырылса, студенттерге шығармашылық, өз бетінше ізденуге, оймен шұғылдануға көлемді уақыттың бөлінуіне ықпал болатын еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://bilimdiler.kz>.
2. Назарбаев Н.Ә. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің «II съезі». – Алматы, 2006. – 147 б.
3. Ұлттық тәрбие: Таңдамалы лекциялар курсы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. -276 бет.
4. Нуриев М.А., Маханова Н.Б. Мұсылмандық өрлеу кезеңіндегі ойшылдар философиясының ерекшеліктері // Ұлттық тәрбие. – 2013, №5 (19).



«Діні басқаның, тілі де басқа»

Халық даналығы.

ӘОЖ: 911.52(574.51)

Е.Е.Садықов

Магистратура және PhD докторантура институты.

Жаратылыстану кафедрасының

1-курс магистранты

ЖЕТІСУ АЛАТАУЫ ЛАНДШАФТТАРЫНЫҢ ТУРИСТІК МӘНІ

Мақалада Жетісу Алатауы ландшафттарының туристік мәні туралы жазылған. Сонымен бірге, еліміздің ішкі туризм индустриясын дамытуға тигізетін септігі берілген. Туризмнің дамуы барлық жақтан қарап келгенде де тек оң әсерін тигізеді. Мысалға, мұнай өнеркәсібі қоршаған ортаны қатты ластайды, жергілікті тіршілікке үлкен зиянын тигізеді. Ал, туризм саласы, керісінше табиғаттың тазаруы мен күтілімін талап етеді, осыдан туристік кәсіпорындар қызметі тек жалпы экономикаға емес, сонымен қатар, қоршаған ортаға да өз пайдасын тигізеді. Қазақстанның туризм потенциалы өте жоғары деңгейде.

Түйін сөздер: *туризм, ландшафт, Жетісу Алатауы, өнеркәсіп, индустрия.*

В статье написано о туристическом значении ландшафтов Жетысуского Алатау. А также, написано о содействии в развитии индустрии внутреннего туризма нашей страны. Развитие туризма, если рассмотреть со всех сторон, влияет с положительной стороны. Например, нефтяная промышленность сильно загрязняет окружающую среду, наносит огромный вред местной жизни. Отрасль туризма наоборот требует чистоту и уход за природой, поэтому туристические предприятия работают на пользу не только экономики в общем, а также окружающей среды. Туристический потенциал Казахстана на очень высоком уровне.

Ключевые слова: *туризм, ландшафт, Жетысуский Алатау, промышленность, индустрия.*

In article written about the importance of the tourism landscape of Jetysu Alatau. And also, written to assist in the development of domestic tourism industry of our country. Tourism development, if we consider all sides, influences on the positive side. For example, the oil industry is highly polluting, doing great damage to local life. Tourism industry on the contrary requires cleanliness and care for nature, so the travel companies work to the benefit not only of the economy in general, as well as the environment. Kazakhstan's tourism potential at a very high level.

Keywords: *tourism, landscapes, Jetysu Alatau, industry.*

Қазіргі кезде адам қызметінің әр түрлі формалары бар, олар жалпы жағдай жасауға және әлемді тануға бағытталған. Халық тұрмысының жақсаруы жаңа әлемді ашуға адамның қажеттілігін, соның ішінде саяхатқа құштарлығын арттырады. Саяхат дегеніміз – туризм. Туризм тек орын ауыстыру емес, ол көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілерді құрайды.

Соңғы он жылда туризм мықты дербес индустрияға айналды. Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм

әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10 пайызын қамтамасыз етеді. Туризм сферасына әлемдік ұлттық жиынтық өнімнің 6%, әлемдік инвестицияның 7%, әр 16-шы жұмыс орны, әлемдік тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді. Бұл сандар туризм индустриясының экономикаға тікелей әсерін көрсетеді. Осындай көрсеткіштерге ие болып отырған туризм саласы Қазақстан Республикасында енді бой көтеріп келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Мемлекеттің экономикасы-

на валюталық кірістің көзі ретінде туризмді перспективті салалардың бірі» деп бірнеше рет атап өтті. Бірақ, бүгінгі таңда Қазақстанда туризм саласы қажетті әлемдік стандарттардан артта қалып отыр. Бұл бірқатар жағдайлармен анықталады, олар:

- туристік инфрақұрылымның әлі де дами қоймағандығы;
- шетел инвестициясын туризмге қызықтыратын қаржылық-кредиттік жүйенің жетілмегендігі;
- мемлекеттің көрікті орындарының және туристік жерлерінің шетелде жарнама-ланбауы және жеткілікті насихатталмауы;
- туризм саласында жоғары квалификацияланған мамандардың аздығы;
- туризм индустриясын нарықтық бәсекелестікке сай құру үшін ұйымдастырушылық, инновациялық және экологиялық негіздің дамымағандығы, туризмнің ғылыми негізінің өңделмегендігі.

Туризм индустриясын үлкен көлемді бизнес негізінде дамытуды қалыптастыру және рекреациялық потенциалды, рационалды пайдалану «Қазақстан 2030» стратегиясын, «Қазақстан Республикасында туризмді дамыту концепциясы», «Қазақстан Республикасының Туристік қызмет туралы» заңын және басқа да нормативті-құқықтық актілерін жүзеге асыру мақсатында бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі – Қазақстанды орталықазиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен халықты жұмыспен қамтуды, мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.

Осы тұрғыдан, туризм – мемлекет жарнамасы. Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тар-

тымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, әр аймақтың өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, елі және салт-дәстүрі бар. Дәл осы тәрізді біздің көркем де, әсем жеріміздің түкпір-түкпірінде өзіне ғана тән гаухарларын табуға болады. Мәселен, Жамбылдың Мыңбұлағы, Көкшетаудың Оқжетпесі, Алматының шөлейт аймақтарында орналасқан Тамғалысы және басқа да аты аңызға айналған жерлерді айтуымызға болады. Өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да жеріміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай, әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Сол себепті де, Қазақстанда қазіргі таңда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі – туризм болғандықтан, біз дәл осы Қазақстанның ішкі туризмінің бүгінгі жетістіктері мен кемшіліктерін қарастырғанды жөн санадық. Оның ішінде Жетісу Алатауы ландшафттарының туристік мәнін жеке бөліп беруге тырыстық.

Жетісу Алатауы – Қазақстанның географиялық туристік тұрғыда өзіндік ерекшелігі бар аймақ. Оның ландшафтарын зерттеу, географиялық тұрғыда қарастыру – өзекті мәселе деп санаймын. Жетісу Алатауы Алматы облысында шекаралас жатқан таулы аумақ, өзіндік даму тарихы, зерттелу дәрежесі бар өлке болғандықтан және өзіміз осы өңірде туып-өскендіктен де, зерттеу нысаны ретінде таңдауыма себеп болды.

Жетісу Алатауы ландшафттарының туристік зерттелу дәрежесі қазіргі кезде толықтай қарастырылмаған. Туристік рекреациялық жағдайы мен оны пайдалану бағытындағы қазақстандық ғалымдардың еңбектері, әсіресе Е.А.Тоқпанов жұмыстарында зерттелген.

Онда соңғы жылдардағы туризмді дамытудың мәселелеріне орай тұрақты даму қағидалары негізінде қарастырылған. География институты ғалымдарының пікірінше де зерттеу қажеттілігі барлығы анықталып отыр.

Біздің негізгі мақсатымыз Жетісу Алатауының географиясыын зерттеу барысында ландшафтылық жіктелуін саралап, оның туристік мәнін анықтау. Қазіргі кезде Жетісу Алатауының зерттелу кезеңдеріне шолу жасау барысында ландшафтылық сипаттама берілмегені анықталды. Мақсатымыз туризмді дамытуға қатысты ұсыныстар беру.

Жаздың кезінде Солтүстік пен Оңтүстік Жетісу тауларын аралап шығып, ландшафтарын суретке түсіру жоспарланып отыр. Жетісу алатауы етегімен ұлы Жібек жолы өтуі мен қалаларының болуы туризмді дамытуға өзіндік үлесін қосады деп санаймын. Туризмде ландшафт әрқашанда тартымдылығымен ерекшеленетінін анықтау барысында жұмыстың мақсаты мен міндеттерін шешуге болады деп санаймын.

Мәселен, Қазақстандағы туризмдік аймақтар туралы сөз қозғағанда ойымызға келері тоғыз жолдың торабы – әлемге әйгілі Тау Түрген шатқалы. Алматыдан Шығысқа қарай тау бөктерлеп 90 километр жол жүрсеңіз, жан-жағыңызды ылғи да бау-бақша мен терек, қайың, қарағаш, емен, шетеннің жасыл жапырағы орап отырады да, шыңдары көкке қол созған асқақ таулардың қойнауына кіріп кетесіз. Шатқалға кіргеннен сізді жақпар-жақпар жартастар қоршап алады. Қожыр-кожыр қойтастар арасынан бой көтерген шыршаның түбіне назар салсаңыз, «тамыры тасты жарып шыққан ба» деп таң қаласыз. 44 шақырымға созылған бұл шатқалдан көкорай шалғын майданды, мөлтілдеген көлдер мен көлшіктерді, тасты тесе, құмды қопара тесіп шыққан тау бұлақтарын көресіз. Ол – ол ма, сіз бұл шатқалда бұрын соңды көрмеген тау сарқырамаларын тамашалау бақытына ие боласыз. Сол сарқырамалардың ішінде биіктігі 30 метрден асатын тік жартастар мен құлама құздарды, шыршалар мен қарағайларды аралап өтіп төмен құлаған Аюлы сарқырамасы

сіздің есіңізде мәңгі қалуы сөзсіз. Тасты тіліп, тауды үңгіп жатқан Бозкөл сарқырамасы да сіздің қиялыңызға қанат бітіреді. Толқындары тастан тасқа секіріп барып омақаса құлап, қайта көкке шапши аққан Асы өзенін бойлай өрлесеңіз ежелгі қорғандарды, тақтатастардағы таңбаларды көресіз. Бәрінен де Асының ақбалығын аулап, дәмін татып қайпасаңыз, «Түрген шатқалында болдым» дегеніңіз бекер.

Алматыға қайтар жолда Есік қорғанына тоқтайтыныңыз сөзсіз. Өйткені, мұнда дүниежүзін аралап шыққан «Алтын адам» табылған қорған бар. «Алтын адам» ол – алтын әшекейлермен тігілген сауытымен жерленген сақ көсемінің мәйіті. «Есік» қорғаны біздің дәуірімізге дейінгі 5-4 ғасырлардағы сақтар заманына жатады.

Колорадо штатындағы Гранд Каньонмен салыстыруға әбден лайық Шарын каньонын көру бір ғанибет болса, Шарын өзені құятын Іле жағалауын тамашалау да сондай бір тамаша құбылыс...

Шарынға жетпей оңға бұрылсаңыз, тақтақ жол сізді әйгілі Көлсайға бірақ апарады. Ал Шарыннан өтіп, Қулық тауын ары ассаңыз, алдыңыздан менмұндалап атақты Қарқара жайлауы қол бұлғайды. Бұл жайлаудан шығысқа қарай жүрсеңіз шалғаннан кілем төсеп Шөлкөде шақырады. Одан әрі Хан-Тәңірін бір көрмей қайтпайсыз.

Осылайша, Жетісу – сан ғасырлардан бері өмір сүруге қолайлы, қазақ жерінің көркем де көрікті, сұлулығымен көз тартар ерекше тарихи өлке. Оның климаттық жағдайы, пейзажының әсемдігі табиғатты тануды мақсат еткен саяхатшыларды ежелден-ақ қызықтырып келген. Сондай ерекше қалыптасқан табиғи кешендердің бірі – Алакөл ойысы. Мұнда ерекше өзіндік құндылығы мол флора мен фауна және эстетика тұрғысында маңызды саналатын табиғат нысандары орналасқан. Алакөл ойпаты тасты және сорды шөлді ландшафттық бастауы бар тегіс жазықтықты жер бедерімен ерекшеленеді, сонымен қатар, мұнда құм сілемдері кездеседі, ал ол өз алдына Алакөл көл-

ді-шалғынды физикалық-географиялық аумаққа жатқызуына алып келді. Ресми деректерге жүгінсек, Кеңес заманы тұсында тұсында Қазақстанның Алакөл аймағы мен айыр қалпақты ағайының Ыстықкөлі туристерді тарту мақсатында бірдей қолға алынған. Тап қазір Ыстықкөл барша қырғыздың мақтанышы. Алакөліміз болса баяғы жартас бір жартас күйінде қалып отыр. Алакөлмен жалғасын табатын Жоңғар Алатауы қойнауындағы «Көл асу», Жоңғар қапасы, Тазжау, Ойжайлау секілді орындарының күтіп жатқаны қаншама уақыт.

Сасықкөл, Ұялы және Жалаңашкөл өзендерінің қосылып Алалкөл болып жалғасын та-

батын өзен Алматы облысының шекарасында.

Осылайша Жетісу Алатауы ландшафтарының екі-үш облысының ең көрікті де, көрнекті өңірлеріне ғана қысқа шолу жасау мақсатымыз – таныстыру ғана емес, осыншама көркем жерлеріміз қазіргі заманымызға сай отандық экономикамыз бен мәдениетімізге пайдасын тигізе алама деген сұрақтарға жауап іздеу. Біз бұл жерде жер асты қазба байлықтары туралы айтқанымыз жоқ, біз бұл жерде жер бетіндегі табиғи сұлулықты қайткенде ел назарына салуға болатыны және туристік мәні мен еліміздің ішкі туризм индустриясын дамытуға септігін тигізу мақсатында аз-кем ойымызды ортаға салдық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Вуколов В.Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2002.
- 2 Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. – Алматы, 2002.
- 3 Қазақстан Республикасы туризмінің аумақтық дамуының географиялық негіздері [Мәтін]: география ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / О.Б.Мазбаев. – Алматы, 2010. – 46б.



«Мемлекеттің экономикасына валюталық кірістің көзі, перспективті салалардың бірі – туризм»

Н.Ә.Назарбаев

ӘОЖ 910:37

Г.С. Есебиева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

К.М.Қаратаева, А.Л.Бактыбаева

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің мұғалімі. Ақтөбе қ.

ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мақалада өлкетану жұмыстары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мәселелі көтерілген. Өлкетану жұмыстары арқылы оқушылардың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті оятумен қатар, отанын, халықын, тарихын, мәдениетін дәріптейтін жас ұрпақты тәрбиелеуге болады. Әрбір оқушы өзінің туған жеріндегі тарихи ескерткіштер мен көне қала орындарын тек ақпарат көздері арқылы оқып таныспай, оны өз көзімен көріп, тарихына тереңірек үңілсе нұр үстіне нұр болар еді. Өлкетану жұмыстарын жандандыру арқылы бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу іс-шаралары еліміздің барлық аймақтарында атқарылуда. Дегенмен де, бұл атқарылып жатқан жұмыстар әлі де болса жандандыруда қажет етеді.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары және олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы алған білімдерін нығайта түсіп, қоршаған ортаға, елінің тарихына, әдет-ғұрпына деген қызығушылықтарын арттыратыны сөзсіз. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі.

Осы мақсатта Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы аумағында орналасқан бірнеше тарихи ескерткіштер мен көне қалаларға орын беріп отырмыз.

Түйін сөзер: *өлкетану, патриоттық тәрбие, Қорқыт Ата, Шірік Рабат, Алтынасар, Сырлытам, Жетіасар.*

В статье поднимаются вопросы о патриотическом воспитании учащихся через изучение краеведения. Через изучение краеведения, наряду с привитием у учащихся любви к отчизне, земле можно воспитать молодое поколение, восхваляющее родину, народ, историю, культуру. Если бы каждый учащийся, на проживающей его территории познавал исторические памятники, древние города не только через средства массовой информации, а видя своими глазами, глубоко вникая в историю – это было бы прекрасно. Наряду с оживлением работы краеведения во всех регионах республики ведутся мероприятия по изучению происхождений названий вод и земель, по их восстановлению, по сбору малоизвестного для народа богатого архивного материала, по защите культурно-исторических памятников. Несмотря на эти проводимые работы, необходимо еще большие оживит работу.

Работа по краеведению не только закрепляет у учащихся знания по окружающим природным явлениям, об их законных взаимосвязях, но и безусловно вызывает определенный интерес к окружающей среде, истории государства, к обычаям и традициям. Материалы краеведения дают возможность прямого контроля над окружающей средой. Помогают понять природу родного края, его богатства, законы развития, виды хозяйств, характерные черты жителей местного населения и их взаимосвязь.

В этих целях, отводим место нескольким историческим памятникам и древним городам, расположенным на территории Кармакчинского района Кызылординской области.

Ключевые слова: краеведение, патриотическое воспитание, *Коркыт Ата, Ширик Рабат, Алтынасар, Сырлытам, Жетиасар.*

The article raises questions about the patriotic education of students through the study of local history. Through the study of local history, along with graft students love for the fatherland, the earth can educate the younger generation, praising their homeland, people, history and culture. If every student living on its territory and learned historical monuments, ancient cities, not only through the media, and seeing with your own eyes, delving deep into history - it would be perfect. Along with the revival of local history in all regions of the country are carried out activities to study the origin of the names of water and land for their restoration, a little-known collection of the people rich archival material for the protection of cultural and historical monuments. Despite these ongoing work should be further enliven the work.

Work on local history not only perpetuates the students knowledge of the surrounding natural phenomena, their legal relationships, but certainly causes a certain interest in the environment, the state's history, customs and traditions. Local history materials allow direct control over the environment. Help understand the nature of his native land, his wealth, laws of development, types of households, the characteristics of the inhabitants of the local population and their relationship.

For these purposes, assigns several historical monuments and ancient cities, located in the territory Karmakchinskiy region of Kyzylorda oblast.

Keywords: *local history, patriotic education, Korkyt Ata, Shirik Rabat, Altynasar, Syrlytam, Zhetiasar.*

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару үрдістері өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіру арқылы оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Патриоттық тәрбиені халық педагогикасы арқылы қалыптастыруда өлкетану жұмыстарының мүмкіндіктері мол.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқу-тәрбие про-

цесінде халық педагогикасының құралдарын өлкетану жұмысында пайдалану арқылы оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестік, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын танып, олардың дүниетанымдық көзқарастары кеңейеді [1].

Оқушыларға қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жергілікті жерлердегі Өлкетану мекемелерінің ісін жандандыру, бұрынғы жер-

су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан Өлкетану мұражайлары жұмыс істейді. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамуда. Өлкетанудың өзіндік атқаратын 3 функциясы бар: бірінші функциясы – педагогикалық, білім беру орталықтарында оқыту және тәрбиелеудің тиімділігін жоғарылату үшін қолданылатын дидактикалық әдіс ретінде; екінші функциясы – оқытулық, ол өлкетануды элементарлы мектеп географиясын оқытудағы базалық курс ретінде қарастырады; үшінші функциясы – ғылыми, ол өлкетануды барлық әдістерімен бірге географиялық зерттеудің жүйелік құрамы ретінде қарастырады. Өлкетанулық зерттеулерді жүргізудің өзіндік әдістері бар. Олар: экономикалық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, картографиялық, модельдеу арқылы, статистикалық, визуальді (байқау), анкеталық және сипаттау әдісі.

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Оқу-тәрбие процесінде халық педагогикасының құралдарын өлкетану жұмысында пайдалану арқылы оқушылар тек нақты білім мен ұғымды меңгеріп қана қоймай, дүниенің біртұтастығы мен әртүрлілігі, дамудың үздіксіздігі, өзара байланыс пен әрекеттестік, дүниенің нақты заттар мен құбылыстардан тұратындығын танып, олардың дүниетанымдық көзқарастары кеңейеді.

Ұрпағымызды кеудесінде намысы бар, білімді, туған елін, жерін сүйетін өнегелі ұрпақ етіп өсіргіміз келсе, бар назарды келешек ұрпақ тәрбиесіне аударуымыз қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев мемлекеттік білім құжаттарында маңызды орынды патриотизм, патриоттық тәрбиеге береді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары өзінің «қазақстандық» екенін мақтанатындай етіп тәрбиелеу үшін педагогика, халық педагогикасына сүйену қажет екенін айтады [2].

Патриоттық тәрбиенің мазмұны мынадай қасиетті қалыптастыруды көздейді: Отанын сүю және азаматтығын мақтан тұту; өз отанының болашағы үшін, мамандығы үшін қызмет ету, ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу халқының салт-дәсүрін, ерекшеліктерін білу, дінге, тарихи мұраларға құрметпен қарау, өз отандастарына, сондай-ақ басқа ұлт өкілдеріне адамгершілік көзқарас білдіру.

Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарды достық қатынасқа тәрбиелеу аса маңызды міндет. Қазір Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, сыйластық, ынтымақта қатынас жасауы тиіс. Қазақстан олардың бәрінің отаны болғандықтан біздің елді мекендеген барлық халықтар отаншылдық рухында тәрбиеленуі қажет. Мектеп оқушылары арасында жүргізілген жұмыстарымызда, сабақтарда оларды қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеуге ерекше мән беруіміз керек. Ал, қазақ жастарын отаншылдыққа тәрбиелеуге үлкен міндеттер жүктеледі. Өйткені, Қазақстанның байырғы тұрақты халқы – қазақтар, жердің де, елдің де негізгі, түпкі иесі солар. Сондықтан да, алдымен қазақ жастарын отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекше маңызды.

Патриоттық тәрбиені ұрпақ бойына сіңіру үшін әр уақыттағы қазақ халқының басынан өткен оқиғаларды айта отырып, түсіндіру қажет.

Осы мақсатта туған жерім Қармақшы ауданының аумағындағы Қорқыт ата мазары, «Жетіасар», «Алтындыасар», «Шірік Рабат», «Сырлытам», «Қосқала», т.б. көне заманның тарихи-архитектуралық ескерткіштерін мен қатар аты аңызға айналған орта ғасыр ойшылы, күй атасы Қорқыт бабаға, «Рүстем-

Дастан» эпосының қазақша нұсқасының авторы ақын Т.Ізтілеуовке, 2-дүниежүзілік соғыс майданында қаза болғандарға арналған ескерткіштерімен таныстыра отырып, оқушылардың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қорқыт Ата ескерткіші – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының түбінде (1980). Қорқыт Ата ескерткіші темір бетоннан жасалған биіктігі 8 метр, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт Ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін ишаралайтын «Түйе табан» өрнегімен безендірілген. Әрбір стеланың үшкілдене біткен төбесі күмбезге ұқсатылып, ерекше сәулеткерлік композиция шешім тапқан. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қонақ үйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар қамтылған. Бұл ескерткіш кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады [3]. Бұл Қорқыт ата ескерткішін білім алушыларға таныстыру экскурсиялық сапар арқылы жүзеге асыра аламыз. Қорқыт Ата кесенесін, мұражайын көрсету арқылы, білім алушылардың мәдениетін жоғарлату, атабабаларының мұраларын қадірлеуге үйрету. Өйткені Қорқыт Ата қазақ, жалпы түркі

халықтарының мәдени-дәстүрінің негізін салушылардың бірі деп қарастыруға болады. Қорқыт Ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары, мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік-тұрмыстық толғаныстарына алып келеді. Онда халқының болашағы, жалпы адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді сақтау, тәлім-тәрбие, ата салтын, дәстүрін құрметтеу мен қастерлеу мәселелері сөз болды.



Қорқыт ата ескерткіші



Қорқыт ата мұражайы

Жетіасар – б.з.б. 3-1 ғасырлардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны. Жосалы темір жол стансаның (Қызылорда облысы) маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады. Осы қоныстардың бірі көлемі жағынан үлкен, орташа қоныс болып, онда тайпа ақсүйектері тұрғанға ұқсайды. Соңғы жылдары оның орнын қазғанда, сол кезде салынған үйлердің қабырғаларынан әдемі ою-өрнекті әшекейлер табылды. Осы аймақты мекендеген қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта саласында да тұрған. Ертедегі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес «кіші иеліктен» құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін немесе 600 мыңдай адам болған.

Қала орнында бірнеше қоныстар қалған. Аталмыш қоныстар бір-біріне өте жақын. Олардың орта бөлігінде көлемі ауқымды бір қоныс бар. Бұл мекен сол ескі шаһарлардың орталығы болған секілді. Өйткені орналасуы соған ұқсайды. Онда тайпаның беткеуістар адамдары өмір сүруі әбден мүмкін. Ақсүйектер өзге жұрттан оқшау тұрғаны аңғарылады.

Біз өткеннің тіршілік ауанын қазба жұмыстары арқылы бағамдай аламыз. Зерттеушілер көне шаһарға бірнеше мәрте атбасын тіреді. Олар әрбір сапарында тың деректерге қол жеткізіп қайтады. Мәселен, Жетіасардағы үйлердің қабырғасын аршып көргенде, біршама дүниелер қолға ілікті. Олардың арасында көрген адам көз тоқтатып қарайтын әсем әшекейлер де бар. Аталмыш заттар өзіндік ерекшелігі мол өрнекпен айшықталған. Жетіасар жайында Қытай жазбаларында кездеседі. Сол елдің жер тануға шыққан жиһанкездері көрген-білген дүниесін қағаз бетіне жазып кеткенді жөн санаған екен. Сол жазбаларға көз жүгіртсек, Жетіасардағы тайпалық бірлестіктер бес «кіші иеліктен» тұрған. Тіпті көне шаһарда 120 мыңға тарта шаңырақ түтін түтеткен көрінеді. Бұл дегеніңіз – орташа есеппен 600 мыңдай адам деген сөз. Қазіргі күнгі еліміздегі орташа деңгейдегі қала халқының санымен шамалас.

Жетіасардың өмір сүру кезеңі екі мыңжылдықтан астам уақытты қамтиды. Нақтырақ

айтқанда, біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырлармен тұспа-тұс келеді. Сол кезеңдегі қаңлы тайпаларының қонысы болған. Сол кезеңде Жетіасар мәдениеті өркендеген. Көне Сырдың төменгі ағысында өркениетті өмір кешкен. Деректерге сүйенсек, Жетіасар тоғыз ғасырға жуық тіршілік жасаған. Жетіасар мәдениеті Жетіасар-1, Жетіасар-2, Жетіасар-3 сынды қалалар арқылы белгіленеді. Сондай-ақ осы маңда Бидайықасар, Сырлыасар, Үңгірліасар, Томпақасар, Қарасар, Жалпақасар, Ағашасар секілді көне қоныстар болған. Олардың жалпы саны 50-ге жуықтайды. Зерттеушілер осы аумақтан жүздеген обаларды тапқан. Сол кезеңдегі елге сыйлы азаматтар суландыру мәселесіне де ерекше мән бергені байқалады.

Ежелгі заманда тіршілік еткен ескі қаладан көп жәдігерлер табылған. Аталмыш заттар түрлі заттардан жасалған. Жетіасар жұртшылығы тастан, сүйектен қажетті бұйымдар жасапты. Тіпті металды пайдалана білген. Осыған қарай отырып, көкейге түйетін жайлар жеткілікті. Жетіасар мәдениеті өзгеден ешбір кем бола қоймаған. Біздің замандағы IV-VI ғасырлардың аралығын қамтитын Жетіасар-2 өркениетіне де зер салуға болады. Бұл кезеңде жергілікті халықтарға ғұн мәдениеті әсер еткен сыңайлы. Өйткені ғасырлар он қолынан өнер тамған ұсталар түрлі бұйымдар жасауға назар аударған. Олар қыш ыдыстарды да жасай білген. Одан кейінгі кезең VI-IX ғасырлар аралығын қамтиды. Оны Жетіасар-3 кезеңі деп те атайды. Бұл кезең тайпалардың қоныс аудару кезеңі болған. Белгісіз себептермен олардың үдере көшу жағдайы орын алған.

Жетіасар мәдениетінің ықпалы Сырдария бойында, одан әрісі Ташкент маңайына дейін жеткен. Аралдың маңайында да осындай жағдай байқалған. Тарихшылар Әмудария жағасына дейін жетіасарлық мәдениеттің ықпалы болғанын жасырмайды.

Көне қалада тұрған адамдар тіршіліктің сан алуан түрлерін кәсіп еткен. Жерден несібе терген егіншілікке де назар аударған. Одан қалды, төрт түліктің де бабын жасай білген. Балық аулауға да бейжай қарамаған көрінеді.

Зерттеушілер қаладан дән үгіткіш, қыш ыдыстарда қалған бидай дәндерін байқаған [4]. Жетіасар мәдениетін экскурсиялық әдіс бойынша білім алушыларға таныстыруға болады. Жетіасар мәдениеті қоныстардан құралған көлемді тарихи мұраларды құрайтын, қазақ тайпаларының көркем мәдениетін, салт-дәстүрін сипаттайтын мәдени орын. Өлкетану жұмыстары білім алушының өз тарихын, мәдениетін тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке ділін, оның салт-дәстүрін, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі.

Шірік-Рабат – көне қаланың орны. Шамамен б.з.б. 4–2 ғасырлар және б.з. 10–13 ғасырлар аралығында өмір сүрген. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылынан (Жаңақала кеңшары) оңтүстік-батысқа қарай 100 км жерде, Жаңадария арнасының сол жақ жағалауындағы ең биік төбенің үстіне орналасқан.

1946 жылы Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедиция (жетекшісі С.П.Толстов) тауып, 1948–49 жылдары қайта зерттеген.

1957–58 жылдары қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде екі жерлеу құрылысы, үлкен қоршау, көне қорған түбіндегі тұрғын үйдің бір бөлігі, қорғаныс қамалы мен мұнарасы және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі Цитадельдің шағын бөлігі зерттелді.

2004 жылдан мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасына сай Шірік-Рабат археологиялық экспедиция (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) зерттеуді жалғастыруда. Төбенің аумағы 850×600 м, сопақша. Етегі екі қатар дуалмен және ені 30–40 м, тереңдігі 3–4 м ормен қоршалған. Қорғанға кірер қақпалар оңтүстік мен батыс жағында. Қала бірнеше рет қайта тұрғызылған. Ең көне кезеңде (б.з.б. 4–3 ғасырлар) төбенің биік жеріне сол жерді мекен еткен патшалар жерленген 6 оба мен сыртын топырақтан үйген қорған салынған. Оңтүстік жағында жаугершілік кезде паналайтын және обаларды қорғаушылар тұрған бекініс-үйлер болған. Сәл кейінірек б.з.б. 3–2 ғасырларда қам кірпіштен өрілген үлкен сағана және бірне-

ше мазарлар мен жер асты катакомбалары салынған. Бірақ б.з.б. 2 ғ-да Жаңадария суының тартылуына байланысты қала өз тіршілігін тоқтатқан. Тек б.з. 9–13 ғасырлар аралығында өзен суы толысып, қайта жанданды. Қазба жұмыстары кезінде табылған жерлеу құрылыстары өте ерте заманда тоналған. Қазылған бірінші обаның биіктігі 3,5 м, диаметрі 60 м-ге жуық, ортасындағы диаметрі 30 м-ге жуық үлкен шұңқыры бар. Обаның ортасынан аумағы 7,5×7,5 м, тереңдігі 2,5 м қабір шұңқыры мен оңтүстік жағынан оған кіретін ұзын дәліз (ұзындығы 15 м) табылды. Қабір ішінен жалпақ темір семсер, үш қырлы ұңғылы қола жебе ұшы, жарты цилиндр тәрізді алтын бұйым табылды. Бұл заттар обаның көне екендігін, яғни б.з.б. 5–4 ғасырларда салынғанын көрсетеді. Сырт жағынан дәліздің басталар тұсынан орта ғасырларда жерленген 10 адамныңқа бірі аршылды. Олар қосымша затсыз көмілген. Сонымен қатар, екінші кезеңге жататын үш түрлі жерлеу құрылысы зерттелді. Ең үлкені – қаланың шығыс бөлігі қам кірпіштен салынған. Сақталған диаметрі 38,5, биіктігі 8,4 м. Оның іші бір-біріне өтетін дәліздері бар төрт бөлмеге бөлінген. Олардың аумағы бірдей 6×6 м, ұзындығы 10 м, ені 1,7 м. Бөлменің іргелерінен бірқатар алтын әшекей бұйымдар табылды. Олардың ішіндегі бірнеше үш қырлы қола және темір жебе ұштары, темір пышақ, тотығып кеткен қанжарлар мазардың шамамен б.з.б. 4 ғасырдың аяғы немесе б.з.б. 4–3 ғасырлар аралығында салынғанын көрсетеді. Бұл жерде табылған аса бір құнды бұйым ауыр қаруланған жауынгер (катафрактарий) сауытының бір бөлігі. Осы темір пластиналар арқылы сақ-апасиак жауынгерінің сауытын жаңғыртуға мүмкіндік туды. Зерттелген екінші мазар кішірек шаршы (19,5×19 м) бейнелі, сыртқы қабырғасының қалыңд. 5–5,5 м, қам кірпіштен соғылған. Табылған темір садақ ұшы мен керамика сынықтары бұл мазардың шамамен б.з.б. 3–2 ғ-ларда салынғанын көрсетеді. Жерлеу құрылыстарының үшінші түрі қаланың нақ ортасындағы үлкен обалар арасындағы ашық

алаңнан табылды. Жер үстінде диаметрі 18–20 м, тереңдігі 0,5 м-ге жететін таяз шұңқырлар байқалып, соның екеуі зерттелді. Біріншісінде тереңдігі 5 м-ге жуық төртбұрышты қабір шұңқырының шығыс және батыс жағынан катакомбаға ұқсас жерлеу камералары салынып, аузын қам кірпіштермен өріп бекіткен. Ішінен үш адамның сүйегі табылды. Оның бірі белінде белбеуі, оған ілінген ұзын темір семсері мен пышағы бар ер адам, одан әрі іргеке қарай бір әйел және ер адам бірінің үстіне бірі қойылыпты. Бәрі де қымбат бұйымдармен әшекейленіп жерленген. Сондай-ақ оба ішінен тас, алтын моншақтар, жапсырмалар, т.б. табылды. Олардың ең құндысы – жауынгердің бас жағына қойылған керамика ыдыстың бүйіріндегі бес таңбадан тұратын жазу мен шебердің өзіндік белгісі. Бұл жазу Сыр бойынан табылған б.з.б. 4-2 ғ-лардағы ең көне жазу үлгілерінің бірі. Әлі оқылмаған. Дегенмен, көне соғды және Есік обасынан табылған жазуларға ұқсас. Қалған қабірлер түгел тоналған, қабірдегі адам сүйектері мен заттар шашылып қалған. Шірік-Рабат қазбалары Тұран ойпатын б.з.б. 1-мыңжылдықта мекендеген сақ, массагет тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығының Оңтүстік Хорезм, одан арғы Ахемен әулеті билеген парсы елдерімен тығыз байланыста өрбіп, аса жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Қазіргі кезде көп бөлмелі үйдің 300 м² алаңы аршылған. Қазылған жерден төрт бөлме шықты. Олардан әр түрлі деңгейде хумдар, көзелер, құтылар, сырты мен іші шыны бояумен сырланған ыдыс сынықтары, ошақ, тандыр және ташнау табылды. Бұл заттардың жасалу мерзімі шамамен 9–12 ғасырлар [3]. Шірік-Рабат мәдени орның өлке тану жұмыстары арқылы білім алушылардың тарихи мәдениетін жоғарлатып, өз ұлтының мәдени бастаулары туралы мәлімет алып, ұлт мәдениетінің бай екендігіне мақтанышпен қарауына, патриоттық сезімін оята отырып өмірге деген қызығушылықтарын арттыруға септігін тигізеді.

Алтынасар – көне қала орны. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қуандария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Ежелгі аты белгісіз.

Алғаш 1948 ж. Хорезм археологиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Қала жұртының аумағы 17 га. Жота басында екі төбенің сұлбасы айқын байқалады. Біріншісі «Үлкен үй» аталады, аумағы 150x150 м, биіктігі 12–15 м. Мұнда негізінен тұрғын үйлер болған. Екінші төбе «Кіші үй». Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың төмендігі қабаты 1–8 ғасырларда салынғанын анықтады. Жоғары қабаты 6–8 ғасырларға жатады. Жоғары қабаттағы тұрғын үйлер орындары қазылды. Бөлмелерде суфалар мен еден үстіне орнатылған ошақтар сақталған. Олардың бөренелермен, қамыстармен жабылған төбесі жайпақ болғандығы анықталды.

Қала халқы мал, егін шаруашылығымен айналысқан. Сырдың төмен ағысындағы Жетіасар мәдениетінің басқа қоныстары секілді, Алтынасардың да ежелгі тұрғындары жау шапқыншылығынан қаланы тастап кеткен [4]. Астынасар мәдени орын ерте заманнан зерттеуші ғалымдардың қызығушылығында болған. Білім алушыларға экскурсиялық шара арқылы жүзеге асыру, бұл мәдениеттің өз ерекшелігін, сан түрлі сырға толған жәдігерлерін бағалауға, маңыздылығын ұғынуына жағдай жасалады.

Өлке материалдарын пайдалану оқушыларға туған жер тарихын, өлке тарихын сүйеге, құрметтеуге шақырады. Өз жерінің қадір – қасиетін біліп, танып өскен ұрпақ сол елдің азаматы болмақ. Өлке тану жұмыстары арқылы қаншама тарихи фактілерді, оқиғаларды баяндайдап, олардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне әсер етеді, адамгершілігі жоғары сапалы азамат болып қалыптасуына үлес қосады.

Туған өлкенің мәдени мұра нысандарына деген құрмет пен сүйіспеншілік қасиеттер, оларды қорғай, бағалай және мәдени мұра нысандарын ажырата талдай білуді өзінің борышы санауы өлкеге деген патриоттық сүйіспеншілікпен туады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шаушекова Б.К. Өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Автореферат. – Қарағанды, 2007.

2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 Жарлығымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы

3 www.e-kyzylorda.gov.kz

4 www.syrboyi.kz

5 www.karmakshy.gov.kz



Мен табиғатты сүйемін. Мен шынайы поэзияны сүйемін. Абай мен Қасымды қанша оқысам да менің сусыным қанбайды... Мен Құрманғазы мен Дәулеткерейдің күйлерін тыңдағанда өзімді өзім ұмытып кетемін. Махамбет жырының әр сөзінің астынан дүрсілдеген ат дүбірін, қарыш-құрыш сілтескен найза, қылыш үндерін естігендей болам.

О, қасиетіңнен айналайын, қазақ жері. Осының бәрі сенің топырағыңда өсіп, өнген кереметтер емес пе...

Б.Соқпақбаев

ЭТНОПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазақ этнопедагогикасының мазмұны бай және сан қилы. Ол жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудің барлық жағын қамтиды. Тәрбиенің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс тіршілігімен, тұрмыс-салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Мақалада этнопедагогика пәні арқылы, тәрбие берудің жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, халықтың тәрбиесінде балалар мен жастарға тәрбие беруде педагогикалық ықпал етудің толып жатқан әдіс тәсілдері айтылған.

Түйінді сөздер: *тәрбие, этнопедагогика, ұлт, әдіс, тәсіл, ұрпақ.*

Содержание казахской этнопедагогике богато и разнообразно. Оно охватывает все стороны воспитания подрастающего поколения. Формирование и развитие воспитания тесно связано с древней историей, жизнью, бытовыми традициями и культурой народа. В статье рассмотрены пути воспитания через предмет этнопедагогике. А также, названы многочисленные методы и способы педагогического влияния на воспитание детей и молодежи в народном воспитании.

Ключевые слова: *воспитание, этнопедагогика, нация, метод, способ, поколение.*

Kazakh ethnopedagogics content rich and varied. It covers all aspects of upbringing the younger generation. Formation and development of upbringing is closely linked with ancient history, life, household traditions and culture of the people. The article describes the way of upbringing through the subject of ethnopedagogics. And also named numerous methods and techniques pedagogical influence on the education of children and youth in the national education.

Keywords: *upbringing, ethnopedagogy, nation, methods, techniques, generation.*

Бүгінгі күннің ең көкейкесті проблемасының бірі мектепке дейінгі тәрбиеден бастап балалар бойына қазақ этнопедагогикасы бойынша орындалған ғылыми зерттеулердегі жетістіктерді, қазақ этнопедагогикасының озық тәжірибелерін ендіру болып отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгенін бәріміз білеміз. Сондықтан да, халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Н.А.Макуова өзінің іс-тәжірибесінде, ұлттық білім беру жүйесінде негізгі екі бағытты ұстанғанымыз жөн деп санайды. Ол:

1. Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.

2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана-сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Ұлттық мектепте ғана ұлттық білім жүйесі жүзеге асырылады. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой-өрісінің жан-жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Қазақ педагогикасын бала-бақша ұжымы да нақты өзі қабылдаған шешім бойынша, ғылымдардың басшылығымен ғылыми тұрғыда негізделген бағдарлама арқылы, эксперимент жолымен оқу-тәрбие процесіне ендіруіне болады деп санайды. Олай дейтін себебі, бала-бақша озық тәжірибенің жинақталу мен таратылуының алғашқы талабы, бұнда ғылым жетістіктері, тәрбиешілердің тәжірибесі, олардың шығармашылығы мен еңбек ету мәдениеті көрнекті түрде байқалады.

Халық педагогикасы ұлттық тәжірибелер мен тағлымдардан тұратын бай қазына. Өш-

пес өнеге, тәрбие өрнектері: жырлар, ертегілер, аңыздар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мақал-мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлер, рәсімдер, әдеп-ғұрыптар, ұлттық ойындар, үлгі-өнегелер-халықтың құнды мұрасы, тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі.

Мазмұнының бай және сан қилылығымен, ол жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудің барлық жағын қамтиды. Тәрбиенің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс тіршілігімен, тұрмыс-салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Қазақ халқының өзіндік тарихи-географиялық әлеуметтік-экономикалық жағдайлары көшпелі тұрмыс салты олардың материалдық, рухани мәдениетіне, тұрмысы мен діни көзқарастарына өз әсерлерін тигізеді. Осыған орай халқымыздың өзіне тән тіршілік салты, қолданбалы өнері, ән-күйлері, аңыз-ертегілері, мақал-мәтелдері, жыр-дастандары, әдет-ғұрыптары, ұлттық салт-сана мен тәрбиенің халықтық дәстүрлері өмірге келді.

Сөйтіп, өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихы ішінде қазақ халқы тәрбиенің өзіне тән тәжірибесін, өскелең ұрпаққа тәрбие берудің өзіндік әдет ғұрпы мен дәстүрлерін жинақтады. Оларда халықтың шығармашылық тәжірибесі, азды-көпті орнықты қағидалары, қоғамдық мінез-құлық нормалары мен принциптері топтастырылған. Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық, тарихи географиялық жағдайларының, халықтың көшпелі өмір салтының өзіндік ерекшелігіне сәйкес болашақ ұрпақты тәрбиелеуде өзіне тән ерекше талаптары қалыптасты.

Халықтың тәрбиесінде балалар мен жастарға тәрбие беруде педагогикалық ықпал етудің толып жатқан әдіс тәсілдері қолданылады: балаларға қайырымды, ілтипатты қатынас жасау, баланың асыл, адамгершілік сезімдерін ояту, жанама ықпал жасау, моральдық қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту, жауапты да қызықты іс - әрекетке тарту, реніш, наразылық білдіру немесе ашулану, айыптау, бұйыру, еркелету, кінә арту және т.б. Жастарға педагогикалық тұрғыдан ықпал жасауда әсіресе тұспалдап айту тәсіліне аса мән берілді.

Ғасырлар ой өмір сынынан өтіп келе жатқан халқымыздың қасиеті мен өнегесін, балалардың ақ батасын, адал тілегін бүгінгі әрбір ел басына үйрету, санасын ояту, әрбір ұстаздың, тәрбиешінің, ата-ананың алдында тұрған парызы.

Бүгінгі күннің жаңару бағыты бала тәрбиесінің арқауына ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді, халықтың рухани игілігін пайдалану басты назарда болу көзделіп отыр. Ұмыт болған салт-дәстүрде халқымызға тән ұлттық асыл қасиеттеріміз қайта жаңғырып жатқан заманда осы мұраларды педагогикамен ұштастыру басты мәселе.

Халықтық педагогиканың мұрасының бірі – дәстүр болып табылады. Дәстүр дегеніміздің осы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отырған қоғам. Өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрі қарай дамиды халықтық қоғамдық-тарихи өмірінде қалыптасқан құбылыс болады.

Халқымыз өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбек сүйгіш, абзал азаматы болып өсуін армандаған халықтың бала тәрбиесіне байланысты жарасымды салт-дәстүрлері де баршылық. Сонымен қатар, ата-бабамыз ұрпағын ата-дәстүрін ардақтауға көп көңіл бөлген. Ол халық педагогикасының ұлттық ұжданы деп есептейміз.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын кусайшы» деп халық атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелей келе ата дәстүрі бойынша, ең әуелі ананы ата-бабаны құрметтеп солардың алдында ұрпақтық борыштарын өтеу.

Бүкіл азамат қоғамы балаға өнер үйретіп, білім беруге, абзал азамат етіп тәрбиелеуге үнемі көңіл бөліп келеді. Тіпті ертеден бергі мезгілдегідей халық болса да, баланы саналы, еңбек сүйгіш, адал, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулуға, оларға педагогикалық ақыл-кеңес беруге тырысып баққан.

Ең алдымен, М. Әуезов айтқандай: «Ел мен елді, халықпен халықты теңестіретін - білім». Яғни, білімді болу деген сөз - белгісіз нәрсені айту қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол

теориялық өнердің барлығына тән ортақ жайт. Сондықтанда басты парызымыз – жас ұрпаққа терең, әрі сапалы білім беру, арман талабын сезініп, ілім-білімде үлкен құлшынысын көрсетіп өз елінің еңсесін көтерер азаматын тәрбиелеу болып табылады.

Өнер де, даналық та егер оны үйренбесе қолға оңай түспейді. Сондықтан, білсем, ұқсам деген ой талпынысын қанағаттандыра білу керек.

Мектепке даярлық топ балаларымен жұмыс жүргізуде төмендегі тәрбие міндеттері қамтылады:

- бесік жырларын, салт-дәстүр жырларын, жұбату өлеңдерін, төрт түлікке қатысты өлеңдерді, мақал-мәтел, жұмбақ, тақпақтар айтқызу, жеңіл ойын түрлерін ойнату, ой ұшқырлығы мен тіл кестелігіне жетелеу;

- туыстық атауларды үйрету, оның мән-маңызын түсіндіру арқылы туысқандар, үлкенді - кішілі адамдар арасындағы өнегелі қарым-қатынасқа, сыйластыққа, қайырымдылыққа, адалдыққа тәрбиелеу;

- ертегі, аңыз-әнгімелер тыңдау арқылы халықтың ой-арманын, тілегін ұқтырып, ұлттық сезімге, ұлттық этикаға баулу, талғампаздық пен сезімталдық қасиеттерін, ақыл ойларын орнықтыру;

- малды ауылдын тұрмыс-тіршілігімен таныстыру арқылы ата-бабаларымыздың байырғы кәсібін, малдың қасиеті мен кемшіліктерін, мал бағудың өзіндік тәсілдерін, табиғат, жер, су, ауа-райының ерекшеліктерін, ұлттық ойындардың түрлерін жетік білуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптағы ырым жораларды ажыратуға, ұлттық қолданбалы өнеріне қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысында қазақ этнопедагогикасы материалдарын түрлі суреттер, диафильмдер көру, көрмелерге, музейлерге, галереяларға бару, түрлі кездесулер, байқаулар, мерекелік ертеңгіліктер өткізу арқылы жүзеге асады. Мектепке дейінгі даярлық тобында жеңіл делінген түрде «Табиғатым – тал бесігім», «Жамбы ату», «Салт-дәстүрімізді ұмытпайық!», «Ата салтым – халықтық қалпым», «Қонақ күту-қазақтың бөлінбейтін еншісі», «Төрт түлігіміз түгел болсын», «Ұлыстың ұлы күні наурыз», «Бесікке са-

лу», «Тұсау кесу», «Атқа мінгізу», «Ат қою», «Сүйінші сұрау», «Бесік жыры» т. б. шараларды өткізуге болады. Бұл шаралар мен бірге «Сақина салу», «Тақиятастамақ», «Көрші», «Бәйге», «Аударыспақ», т. б. ойындарын ойнау арқылы балалардың бойына қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қалыптастырамыз.

Жалпы ойын түрлерін жүргізу нәтижесінде оқушы өзін-өзі танытуға деген құлшынысын шыңдай түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері, пәнге деген қызығушылықтары артады. Қызығушылық пен белсенділік үнемі артып отыру арқылы қабілеттің көптеген қырларын қалыптастыруға болатындығы айқын көрінеді. Мысалы ашық сабақтарда ұлттық ойын түрлерін көрсету арқылы оқушының өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін арттыру керек. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін сыныптан тыс тәрбиелік шаралар арқылы да қалыптастыру қажет.

Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетеріміз сөзсіз.

Бұл ойын ойнау арқылы қалыптастыру, тек біздің елге қатысты мәселе емес, ата-баба дәстүрін қандай заманда өмір сүрсе де, бұлжытпай сақтауға тырысатын ұлттың бірі көршілес жатқан Жапон елдерінде де кездеседі.

Ғылымы мен техникасы қарыштап дамып, кез-келгеннің миы жетпес ғажайып технологияларды өндіріске енгізіп, соның арқасында экономикасы өзге мемлекеттерден озық тұрған Жапонияның адам ресурстарына деген қатынасы таңданарлық. Баланың ержеткенге дейінгі рухани толысуы үшін жасалатын ғұрыптар Күншығыс храмдарында күні бүгінге дейін бұлжытпай орындалады деуге болады.

Ер бала беске, қыз бала жетіге толғанда ата-анасы оған арнайы кимоно кигізіп, храмға апарып, баланың амандық-саулығы үшін рәсімдер жасайды екен. Осы шараға арнайы ұлттық тағамдар пісіріледі. Ал, бала

ержетіп, жиырма бірге келгенде арнайы кимонно киіп, храмға барады. Үлкен өмірге қадам басу кезеңі осы уақытта басталады. Бұл ең алдымен, Ата-баба дінін бала жүрегіне ұялатып, бойына сіңіру принципімен байланысты.

Ер баланың да, қыз баланың да ойнайтын ойыншығына дейін ұлттық нақышта жасалған. Ойын арқылы жапон баласы ер бабасының ерлігін түйсініп, дана әжесінің шеберлігін ұғынады. Мысалы, «Карута тори» деген ойынды кішкене баладан бастап, ересек адамдар да ойнайды екен. Әр ойын әншейін уақыт өткізу үшін емес, елінің кешегісін санасына сіңіруге арналған. «Карута ториді» ойнау үшін байырғы әдебиеттен жүз жыр білу керек. Яғни, жүз ақынның өлеңін жатқа айтады.

Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл», «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы сияқты еркелетіп өсіреді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулу.

Жапондар ұлттық тұтастықты бекем ұстаудың арқасында ұл-қыз тәрбиесін де уысынан жіберген жоқ. Күншығыс елінде үлкенді сыйлау деген ұғым іс жүзінде жоғары деңгейде. Одан соң көрініс беретіні – ер адамды қадірлеу. Бұны бір жақты түсінуден аулақ болу керек. Ежелгі жапон салт-дәстүріне үңілсек, ер балаға самурай ерлік дәстүрін өнеге етіп, тәлім бергенін жапонның ұлттық әдебиетінен байқаймыз. Қазақтың «батыр болар ма екенсің» дегені сияқты, жапондар ұлын ержүрек, ертеңгі ел қорғаны етіп тәрбиелеуге баса мән берген. Қазақ батырлары он үшінде жауға шапса, жапон самурайы он бесінде қолына қылыш алған.

Көрші елдердің дәстүрлері бір-бірінен ерекше. Олардан мысал келтіріп көрейік:

Еуропа, Дания елдерінің балалары еркін әрі өз құқықтарын қорғай білетіндей тәрбиеленеді екен. Ондағы, отбасындағы баланың кіші жасына қарамастан, оның пікірі ескеріледі. Мемлекет пен ата-аналардың бала тәрбиесіндегі басты қаруы – ойын. Сол себепті балабақшалар мен өзге де мекемелерде ойындардың түрлі нұсқалары қарастырылған екен.

Ирландия елінде: Бұл ел балаларына ерекше қамқорлықпен қарайды. Балала-

ры бір нәрсені бүлдіріп, сындырып қойған болса да, ұрыспастан қорқып қалмағандығын, жарақаттанбағандығын тексереді. Ирландиялық әйелдердің кеш босанатындығына қарамастан, әр отбасында 4 немесе 5 баладан бар. Бұл мемлекетте балаларды асырап алуға дайын отбасылар табылатындықтан арнайы балалар үйі жоқ.

Бельгия елінде, балаларын жастайынан қоғамның мүшесі болуға үйретеді екен. Олар 2,5 жасынан бастап мектеп қабырғасында жүреді. Сыныптағы барлық пәнді бір ғана ұстаз жүргізеді. Ал ұстаздары бір-бірімен тату болып, әрдайым көмектесе білуге тәрбиелеп отырады.

Жоғарыдағы ойларды қорыта келе, осы айтылған елдердің тәрбие беру әдістерінен де өзіміздің оқыту әдістеріміздің ішінде де, ең пайдалысы ойын әдісі деп түйеміз. Себебі: бастауыш сынып пен бала-бақша балалары ойын ойнап өседі емес пе? Сондықтан, ойынды әр сабақтың мазмұнына сәйкестендіріп өткізіп отыру керек.

Және де, ойын арқылы өткізілген сабақ пен дәстүрлі сабақты алып қарасақ, көп жағыдайда ойын арқылы өткізілген сабақ балалардың есінде жақсы сақталып қалады. Және де әр сабақты ертегіге айналдырып өткізу қажет деп ойлаймын. Себебі, *Ертегі* – ақыл-ойды, адамгершілік қасиеттерді, эстетикалық талғамды, нәзік сезімді тәрбиелеудің қажетті құралы. Олар балалардың қиялына қанат бітіріп, ойлау қабілетін, тілін дамытуға, шешендікке, тапқырлыққа баулуға, олардың бойында әлеуметтік моральдық - этикалық түсініктерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

Жалпы ертегіні математика сабағында да пайдалану оқушылар үшін маңызды. Мысалы: Қу түлкі. Түлкі мен қасқыр, т.б ертегілерді пайдалануға болады.

Қу түлкі

Бір күні бір шал балық аулап көп балық ұстайды да шанасына отырып әндетіп келе жатса алдынан бір түлкінің сұлап жатқанын көреді. Шал қуанып кемпіріне жаға болады деп, түлкіні шанаға салып алды да жүріп кетеді. Қу түлкі жолда шалдың балығын жерге лақтыра береді. Ол бір минутта бір

балықты, екі минутта екі балықты лақтыра береді, тағы сол сияқты әр лақтырған да екі есе артық лақтыра береді. Жеті минутта ол барлық балықты лақтырады. Сонда түлкі неше балық лақтырады? Жауабы: $1+2+4+8+16+32+64=127$

Ия, дүниеге ғылыми көзқарастың қалыптасуы – ұзақ және күрделі үрдіс. Балалық шақтан балаларды қоршаған болмысқа дұрыс түсінікті тәрбиелеу қажет. Әрине бала қоршаған ортамен өзі-ақ танысады. Дегенімен отбасы, бала-бақша және мектептің жұмысы болмысқа деген белсенді танымдық қатынасы артуға бағытталуы керек.

Осының бәрін ескере отырып біз өміріміздің келешегін, болашағы жас жеткіншектердің өзінің елін, жерін, тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтеп, қасиетін аялай білуіне ықпал жасап, білім, іскерлік, дағды деңгейін қалыптастыру үшін күнделікті тәр-

биеде осы халықтық тәрбиені, бастауыш сынып тәрбиесінде негізге алуымыз керек болғандықтан тәрбиеленуші балаларымызды ата-аналармен қолма-қолтық жұмыс жүргізуді ұсынамыз. Ата-аналармен бірлесіп өткізілген тәрбие сағаттары балаларды адамгершілікке, ұлттық салт-дәстүрді құрмет тұтып, туған елі, жерін сүйуге, еңбек-қорлыққа тәрбиелеу, табиғатқа аялы көзқарасын қалыптастыруға бағытталады. Және ата-анамен бала арасын жақындатады.

Қорыта келе, әр халықтың ғасырлар бойы мысқылдап жиналып, бейне бір арнасы кең өзендей асқар таудай болып қалыптасқан өзіне тән салт-сана, дәстүрлері болады. Бұл салт-сана, дәстүрлер сол халқықтың адам тәрбиесі, адамгершілік дүниеге, өмірге көзқарасы мен рухани күйінен туған. Сол үшін де ол халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының қадір тұтар мұрасы болып қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. Құрастырушылар: Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Якупова А.Н., Сейсенбаева Ж.А., Аганина Қ.Ж. – Алматы, 2010. – 224б.

2 Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде): оқу құралы. Құрастырушылар: Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Оразымбетқызы Ә. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 164б.

3 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. I деңгей (ілгері) Екінші басылым, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012

4 Гордеев С. Н. Образование в Японии.// «Легион Автодата» // [http: forum. autodata. ru/](http://forum.autodata.ru/)

5 Назарбеу Н. «Қазақстан — 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997ж



МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз	6
«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» модульдік таңдамалы пәнінің оқу бағдарламасы (жоба)	7
Тебегенов Т.С. Жазушы ғалым ұлағаты	15
Совет-хан Ғаббасов Абайдың педагогикалық еңбектерінің тәрбиелік мәні	19
Табылды Ә. Қазақ халқының ұлы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ұлттық педагогикалық еңбектері	23
Мардахаев Л.В. Социальное здоровье подрастающего поколения: социально-педагогический подход	26
Садыкова А.Е., Сағиева Б.Ж. Отбасындағы қыз бала тәрбиесі.....	32
Жүндібаева Т.Н. Отбасында бала тәрбиелеу әдістері мен құралдары	36
Өрісбаева М.О. Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттері мен дарындылықтарын анықтау	41
Базарбекова Р.Ж. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңа формалары.....	45
Құдабаева К.И., Абдрахманова Н.Н. Дизайн мамандығынан білім беруде инженерлік технологиялардың маңызы	50
Әбжан Г.М. Ата жолы- жеті атаны сақтау- ұрпақ тәрбиесінің тұқым тазалығын сақтау жолы.....	55
Мырзаханова И.А., Сауранбаева Д.Б. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы денсаулық мәдениетінің маңызы	60
Маханова Н.Б. ЖОО-да және мектеп бағдарламасындағы дінтану пәндерінің мазмұндағы мәселелері	66
Садыков Е.Е. Жетісу алатауы ландшафттарының туристік мәні	70
Есебиева Г.С., Қаратаева К.М., Бактыбаева А.Л. Өлкетану жұмыстары арқылы патриоттық тәрбие беру	74
Букурова Г.Н. Этнопедагогика арқылы ұлттық тәрбиені қалыптастыру	82

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 теңге.

Подписная цена за год 3104 теңге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 04.06.2014 ж. Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 11 б.т.
Таралымы 400. Тапсырыс №120